



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



2/2008

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

ҒЫЛЫМИ ЗАЛ
НАУЧНЫЙ ЗАЛ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» журналы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің докторлық және кандидаттық диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
ер тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
Ү.Нысанбек

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж кәулік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы «Школа XXI века» ҚБ
баспаханасында басылып шығарылды.
050010, Алматы қаласы,
Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Сергей Дьяченко
Еуропаға – Қазақстандық жолмен 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Рада Махамбетова
Ашхабадтағы билік ауысымынан
кейінгі Ресей және Түрікменстан
қарым-қатынастарындағы үрдістер
(2007-2008 жж.) 11

ІШКІ САЯСАТ

Жұмабек Кенжалин
Мемлекетшілдік сана стратегиясын
сіңіру жолында 18

Абзал Нүкенов
Әділдік пен заңдылықты қамтамасыз
ету мемлекеттік саясаттың
күре тамыры 22

Зейінәбіл Айдарбеков
Жастарды әлеуметтендіру процесінің
идеялық- құндылықтық мазмұны 28

Гүлмира Сұлтанбаева
Бұқара мен биліктің байланысы: жаңа
көзқарастар мен пікір алуандығы 35

Шыңғысбек Сұлтанбеков
Толеранттық: оның бастау алуы және
қазіргі заман 43

Толқын Әуелғазина
Қазақ зиялыларының жеке тұлғаны
саясат субъектісі етіп қалыптастырудағы
қоғамдық-саяси қызметі 48

Асхат Әбішев
Демократиялық саяси жүйедегі бизнес-
элитаның рөлі мен орны 57



ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

Айжамал Құдайбергенова
Қазақстандағы көші-қон және
тіл мәселесі 62

Сәбит Шілдебай
Үшінші сайланған Қазақ Орталық
Атқару Комитетінің құрамы 70

Балташ Қаріпов
XIX - XX ғғ. ресейлік саяси ой
аясындағы мемлекеттік құқықпен
байланыстылық идеясы 81

Сейдехан Әлібек
Жазықсыз жапа шеккен абзал азамат..... 85

Алуа Жүсіпова
Рухани мәдениеттегі сабақтастық
категориясы..... 89

Шынар Салимгереева
Ақтөбе халқының ұлттық құрамындағы
өзгерістер (1897-1999 жж.) 93

Ғабит Жұматаев
Отарсыздану доктринасы..... 98

Сапар Оспанов
Зороастризмнің идеялық негіздері және
ұлттық рухани-мәдени бастаулар..... 107

Түйіндеме 115

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- | | | |
|---------------------|---|---|
| Болат СҰЛТАНОВ | — | редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы |
| Нұрлан СЕЙДІН | — | жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты |
| Нұржамал АЛДАБЕК | — | эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Мәулен ӘШІМБАЕВ | — | ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Камал БУРХАНОВ | — | ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | — | эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор |
| Санат КӨШКІМБАЕВ | — | ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының докторы |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | — | эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ | — | ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | — | эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Марат ТӘЖИН | — | ҚР сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | — | Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА | — | эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор |

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | | |
|---------------------|---|---|
| Булат СУЛТАНОВ | — | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук |
| Нурлан СЕЙДИН | — | ответственный редактор, ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | — | декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | — | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | — | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | — | декан факультета экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор |
| Санат КУШКУМБАЕВ | — | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | — | заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Абдумалик НЫСАНБАЕВ | — | директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | — | доцент кафедры международных отношений КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук |
| Марат ТАЖИН | — | министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | — | заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима г. Алматы, кандидат политических наук |
| Айгуль ТҮЛЕМБАЕВА | — | заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор |

Еуропаға – Қазақстандық жолмен

Сергей ДЬЯЧЕНКО,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары, «Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетінің тең төрағасы

Ағымдағы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасында дипломатиялық қатынастың қалыптасқанына 15 жыл толды. Қазақстанның сыртқы саясатының дәстүрлі басым бағыттарының бірі еуропалық вектор екендігі белгілі. Қазақстандық-еуропалық екі жақты тығыз байланысты дамытуға үлкен әсер етуші күштің бірі парламенттік дипломатия десек қатаелеспесбіз.

Сәуір айының басында Брюссель қаласында «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» парламенттік ынтымақтастық комитеттің кезекті сегізінші отырысы болып өтті. Бұл басқосуда Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары Еуропа Парламентінің 50 жылдығын атап өтті және ынтымақтастық байланыс мәселелерін қамтитын көптеген мәселелерді талқыға салды.

Қазақстан - небір табыстардың көрігіне айналған ел десек, артық айтқандық болмас. Мемлекеттің саяси басшылығы жүргізген ауқымды экономикалық және саяси жаңарулар нәтижесінде еліміз түбегейлі өзгерді. Қазақстан ырықты нарық экономикасына негізделген демократиялық қоғам орнату бағытын таңдап, өз бетінше қоғамдық-саяси құрылысын жаңартуға көшті. Ел дамуында экономиканың ырықтандырылуы және қазақстандық қоғамды демократияландыру жолындағы дәйекті қадамдар жетекші салалар болып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан қоғамдық тұрақтылықты терең жаңару процесстерімен ағастыратын перспективалық реформаларды табысты ұштастырған өнегелі ел болып табылады.

Қазіргі заманғы Қазақстан - «үшінші әлем елдері» санатына жатпайтын мүлдем жаңа мемлекет. Мұның дәлелі - әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен индекстер, сондай-ақ халықаралық сарапшылардың және ұйымдардың бағалаулары. Қазіргі кезде Қазақстан - мейлінше серпінді дамушы елдердің ондығына, Дүниежүзілік банктің сарапшылық бағалауы бойынша - әлемнің инвестиция үшін мейлінше тартымды 20 елінің қатарына кіріп отыр. 1993 – 2007 жылдар кезеңінде Қазақстан 60 млрд. доллардан аса шетел инвестициясын тартты, бұл бүкіл Орталық Азия өңірінің тікелей шетелдік инвестицияларының 80-нен аса пайызын құраған. Еліміз тек инвестициялар алушы болып қана қоймай, жаңа нарық кеңістіктерін жүйелі меңгере отырып, өзі де шетелдерге инвестиция шығаруда. Мысалға, Қазақстанның шетелдерге инвестициясы 18 млрд. доллардан асқан.

Қазіргі уақытта халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ деңгейі жеті мың АҚШ долларына жеткен. Дүниежүзілік банктің сыныптауы бойынша,

Қазақстан Венгрия, Болгария сияқты мемлекеттерден оза отырып, орташа табыс деңгейлі елдердің жоғарғы тобына кіріп, 88-ші позицияға жылжыған және Түркияның, Бразилияның, Малайзияның көрсеткіштеріне жақындай түскен.

Таңдалған даму бағытына сәйкес, ЖІӨ өндірісінде мемлекеттің үлесі біртіндеп төмендеп, жеке меншік сектордың үлесі өсіп келеді. Экономиканың барлық салаларында – тауарлар өндірісі сияқты, қызметтер өндірісінде де бірқалыпты жұмыстың арқасында экономика өсуінің жоғары қарқындарына қол жеткізу мүмкін болды. Таяу он жылда Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына қосу стратегиялық міндеті қойылды. Бұл стратегияның негізі – ұлттық тауарлар мен қызметтер көрсетудің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру есебінен Қазақстанның халықаралық рыноктарға шығуы үшін өңірлік және жаһандық экономиканың басымдықтарын пайдалану.

Энергетика секторы мемлекеттің жетекші экономикалық брэнді болып отыр. Сонымен бірге, елдің экономиканы әртараптандыруға және индустриалдық-инновациялық дамуға, экономиканың барлық секторының бәсекелестік қабілетін арттыруға бағдарлануы, түптеп келгенде, «табиғи ресурстардағы түсімдер есебінен өмір сүрудегі» тұтынушылық сананы өзгерту ниеті тұтастай мемлекеттік бюджетті экономиканың шикізаттық емес секторы есебінен қалыптастырудың алғышартын жасады.

Мұнда өнеркәсіп құрылымын өзгертетін, едәуір қосылған құны, мультипликативтік әсері, экспорттық және ресурс үнемдегіш әлеуеті бар серпінді макро-жобалар негізгі рөл атқаратын болады. Бәсекеге қабілетті өндірістер құру үшін арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер, әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациялар қалыптастырылуда.

Мемлекет алдыңғы кезектегі шаралар ретінде экономика құрылымын әртараптандыруға және өңдеу өнеркәсібіне, ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы өндірістерге инвестиция тартуға бағытталған шаралар қабылдауда. Осы заманғы инновациялық технологияларға, атап айтқанда, жақын келешекте-ақ қалыпты өмір салтын өзгертетін нанотехнологияларға көшу өзекті мәселеге айналды: қазірдің өзінде нанотехнологиялар әзірлеу жөнінде ғылыми орталық құрылған және Қазақстан бұл тұрғыда еуропалық әріптестердің тиісті қолдауына үміт артады.

Жаңа кадрлар қалыптаспайынша, зор және белсенді әлеуметтік-экономикалық серпінге ие болу мүмкін емес. Кадр даярлығы Қазақстанның жаңару стратегиясында шешуші табыс кілті болып табылатынын ұғына отырып, білім жүйесінде оны әлемдік стандарттар деңгейіне жеткізу мақсатымен реформалар жалғастырылуда. Жыл сайын жастардың 3 мың үздік өкілі «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің, соның ішінде Еуропаның беделді университеттерінде оқуға мүмкіндік алуда. Ақпарат, ғарыш және биотехнологиялар, инженерлік-техникалық мамандықтар саласында еліміз үшін басым мамандықтарға ие болуға баса назар аударылуда. Сол сияқты, қазақстандық жоғары оқу орындарына үздік шетелдік профессорлар шақырылуда.

Мемлекетіміздің әлеуметтік саясаты да өзгеруде. Адами фактордың барынша және мақсатты нығайтылуын, нақты адамға инвестиция салынуын өкімет пен қоғамның басты назарда ұстауы аса маңызды. Мемлекет жоспарлаған әрбір жобадан, Президенттің Үкімет алдына қойған, жаңа буындағы заңдар шығару

бөлігінде Парламентке белгілеп берген әрбір міндетінен айқын әлеуметтік сипат танылады.

Қазақстан тек нарықтық экономиканы ғана емес, ашық демократиялық қоғамды да құруда, бұдан осы процестердің өзара терең байланыстылығын өкіметтің ұғынатынын көреміз. Пәрменді демократиялық институттар құрудың табиғи кезеңділігі мен дәйектілігі жете ұғыныла түсті. Демократиялық дәстүрлер мен құндылықтар, азаматтық қоғам институттары негізгі мәдени дәстүрлермен және өркениеттік факторлармен біртіндеп, дәйекті түрде қабыса түсуде. Тұрақты және өздігінен дамыйтын демократиялық жүйе нақ осылайша қалыптаса алады.

Саяси жүйе құрылысының жаңаруына негіз болған және мемлекеттік басқару болмысында өзгеріс жасаған, өткен жылы ел Конституциясына түзетулер енгізілуі және саяси реформалардың тұтас жиынының іске асырылуы Қазақстанның саяси алаңындағы айтулы оқиға болып табылады.

Ел Президенті Н. Назарбаев саясат-билік қатынастары жүйесінде Парламенттің рөлін нығайту және саяси партиялардың салмағын күшейту туралы сарабал шешім қабылдады. Парламентке зор өкілеттіктер берілген: жүргізіліп жатқан орталықсыздандыру жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін күшейтеді, саяси партиялар сайлауда дауыс берудің пропорционалды жүйесінің енгізілуінен Парламентке өткен партиялардың мемлекеттік қаржыландырылуына дейін қосымша мүмкіндіктер алды.

Жүргізілген реформалардың нәтижесі Қазақстанның саяси құрылысын демократияландырудағы прогресс, нақтырақ айтқанда, эволюциялық, кезеңдік, табиғи және стратегиялық нақтыланған прогресс туралы дәлелдейді. Реформалар Қазақстанда дамыған, алуан пікірлі, демократиялық қоғамның негізін нығайтты.

Ел өкіметі, саяси күштері және тұтастай азаматтық сектор арасындағы қатынастар сипатының сапалық өзгеруі өте маңызды. Бұл әріптестік қатынастарға айналды, Парламент Мәжілісі жанында Қоғамдық палатаның құрылуы осының дәлелі болып табылады. Ең бастысы, Палатаның құрылуы Парламентте орын алмаған саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар үшін, сондай-ақ сарапшылар мен ғалымдар үшін – қандай да бір қоғамдық мәнді мәселелерге өз көзқарастарын білдіруде және мемлекеттік басқару процесіне заңды қатысуда кеңшілік пен мүмкіндіктер береді.

Бытырғы жылғы қазанда өткен, үкіметтік емес сектордың дамуының, мемлекеттік органдар мен бизнестің өзара іс-қимылының өзекті проблемалары талқыланды. Үшінші Азаматтық форумды да атап көрсетуге болады. Оның жұмысына 500-ден аса делегат, сондай-ақ Ресейден, АҚШ-тан, Германиядан қонақтар, халықаралық ұйымдар – ЕҚЫҰ, БҰҰ, Еуропарламент өкілдері қатысты. Оны өткізудің жүйелілігі, ең бастысы, онда қабылданған шешімдердің іске асырылуы бұл форумның жалпыұлттық үн қатысу тетігіне айналуына себепші болды. Мұның бәрі Қазақстанда жетілген, бастамашыл азаматтық қоғамның дамуына ықпал ететін болады.

Қоғамдағы тұрақтылық пен келісім кез келген мемлекетті жаңартудың іргетасы болып табылады. Қазақстанда ұлтаралық келісім мен этносаралық толеранттылық әрдайым маңызды факторлардың бірі болып келеді. Бұрынғы билік кез келген сәтте беталды қозғалыс кезеңіне ұласуы мүмкін болатын

қоғамның аса күрделі этникалық ахуалын мұраға қалдырды. Реттеудің қандай да бір тетіктерінің болмауы жағдайында бұл алдын ала болжап білмейтін салдарға әкеліп соғу қаупін туғызды. Бұл жағдайларда, тек тиімді және күшті мемлекеттік бақылау арқылы ғана ахуалды сындарлы қалыпта ұстауға және этносаралық іс-қимылдың қажетті қоғамдық институттарын қалыптастыруға болатын. Өткен жылдар бұл тандаудың баламасыздығын көрсетті.

Көптеген жағдайда Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты ерекше құрылымның жұмысы арқасында республикада тарихи ерекшеліктер ескеріле отырып, ұлтаралық қатынастар жарасымдылығының оңтайлы үлгісін жасаудың сәті түсті. Ассамблея өзі өмір сүрген жылдары консультативтік-кеңесу органынан мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде әртүрлі этникалық топтардың өкілдігін қамтамасыз ететін конституциялық органға айналуға эволюциялық даму жолынан өтті. Бұл Ассамблеяның Қазақстанда тұрақтылықты, ұлтаралық татулық пен келісімді нығайтудағы маңызды рөлінің және зор үлесінің мемлекет пен қоғам тарапынан танылуы болып табылады.

Қазақстандық қоғамның тұрақтылығының тағы бір құрылымдық жағынан жақын әрі маңызы үлкен факторы - оның көпконфессиялылығы. Дінаралық диалог пен байсалдылықты жолға қоя отырып, билік демократияның классикалық принципін: азшылықтың мүдделерін сақтай отырып, көпшіліктің еркін ескеруге тырысты. 2004 жылғы қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Дінаралық диалогты ынталандыру» атты арнайы қарар Қазақстанның конфессияаралық диалогты нығайту саласындағы еңбегінің танылғанын білдіреді. Бұдан кейін Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының екі съезі өркениеттер арасындағы бейбітшілік пен диалог мәдениетін дамытуда еліміздің қосқан үлесін әлемдік қоғамдастықтың қолдауының тағы да бір айғағы болды. Қазақстан Республикасы бүгінде конфессияаралық келісімнің өнегесі бола отырып, «Батыс-мұсылман елдері» бағыты бойынша диалогты жандандыруды жақтайды.

Сыртқы саяси бағыт пен ішкі саясаттың тұтастығы, сан тарамдылығы, тепе-теңдігі елдің сыртқы саясатының бұлжымас принциптері болып табылады. Қазіргі уақытта прагматизм мен өзара тиімділікке негізделген экономикалық дипломатия алдыңғы орынға шығып отыр. Сыртқы рыноктарда елдің бәсекелестік басымдықтарын іздестіру, өңір экономикаларының өзара байланыстылық және өзара толықтырушылық факторларын ұтымды пайдалану, мемлекеттің сыртқы экономикалық бағдарларын нығайтуға жәрдемдесу, инвестициялар тарту және оларды ұтымды пайдалану, әлемдік рыноктарда қазақстандық капиталдың мүдделерін қолдау мен қорғау маңызды мақсаттар болып табылады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформаларға неғұрлым қолайлы жағдай туғызу процесіне жәрдем көрсету сыртқы саясаттың басым бағыты болып қалуда.

Еліміз ядролық тежеуге, халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, есірткі саудасымен және басқа да қазіргі заманғы қатерлермен күреске бағытталған күрделі халықаралық ынтымақтастықтың белсенді қатысушысы болып отыр және болып қала береді. Қазақстан Орталық Азияда тұрақтандырушылық рөл атқаруда және үйлестірудің әлемдік жүйесінде өңірдің субъектілігін нығайтуға күш салуда. Оның өңірлік саясатына интеграциялау және қауіпсіздікті нығайту арқылы экономикалық даму негіз болып отыр.

Еуропалық одақпен және Еуропа елдерімен қарым-қатынас орнату, тұтастай алғанда, Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Еуропалық әріптестермен өзара тиімді байланыстарды сақтау және одан әрі тереңдету мемлекеттің негізгі сыртқы саяси басымдықтарының қатарынан орын алуда.

Қазақстан өңірлік және халықаралық қауіпсіздік, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму саласында Еуропалық одақпен ынтымақтастыққа зор мән беруге мүдделі. Қазақстан еуропалық әріптестеріне инвестициялық қызмет, ірі халықаралық жобаларды іске асыру, елге озық технологиялар мен білімді тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылуда.

Бұл орайда 2007 жылы қабылданған Еуропалық одақтың Орталық Азияға қатысты жаңа Стратегиясы дипломатияның дер кезінде қолға алған құралы болып табылады. Қазақстан мен Еуропалық одақ жүргізіп отырған диалогтың осындай нысаны көптеген мәселелерді ойдағыдай шешетінін тәжірибе көрсетуде. Астанада өзара құндылықтар мен принциптерге негізделген қазақстандық-еуропалық қарым-қатынастардың болашағына зор сеніммен қарайды.

Президент Н. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама әзірлеудің маңыздылығын атап өткені құптарлық жағдай. Еуропада Қазақстанды терезесі тең ел ретінде қабылдайды, мұның өзі тиісінше екіжақты ынтымақтастықтың ашылмаған бүкіл әлеуетін барынша толық іске асыруға мүмкіндік береді. Таяу болашақта экономикалық ынтымақтастықты, технологияларды және Батыстың басқару тәжірибесін тартуда, отандық заңдарды жетілдіруде және басқа да көптеген мәселелерде - қазақстандық-еуропалық қарым-қатынастардың қарқыны елеулі түрде өсетінін күтуге болады деп ойлаймын.

Ал «Еуропаға жолды» Еуропалық одақпен және Еуропа елдерімен қарым-қатынастарды нысаналы әрі жүйелі түрде тереңдету жөніндегі өзгеше «жол картасы» ретінде қарастыруға болады. Осы дипломатиялық стратегия Астана мен Брюссельге ынтымақтастықтың күн тәртібін жаңа жағдайларда - Қазақстанның болашақта ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі жағдайларында неғұрлым тиімді айқындауына мүмкіндік береді.

Халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің дәстүрлі және жаңа талаптарына тиімді жауап іздеумен қатар жаңа жүзжылдықта ғаламдық энергетикалық балансты қамтамасыз етудің маңыздылығы бірнеше есе артып отыр. Энергиялық ресурстардың барлық мемлекеттер үшін өмір сүру сапасын жақсарту және мүмкіндіктерін ұлғайту үшін маңызы арта түседі. Сондықтан нарықтық экономиканың принциптерін көрсететін баға жөнінде тиімді, сенімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету күллі халықаралық қауымдастық үшін маңызды істердің бірі болып танылады.

Энергетикалық қауіпсіздік халықаралық тұрақтылықтың негізгі факторы ретінде Қазақстанның маңызды саяси-экономикалық басымдығы болып табылады. Қазақстан серпінді дамып келе жатқан энергетикалық ресурстардың бірден-бір экспортері бола отырып, көмірсутегін әлемдік нарыққа шығару саласындағы өзінің жауапкершілігін толық сезінеді, бұл ретте еліміздің рөлі болашақта да ұдайы өсетін болады. Қазақстан анықталған мұнай қоры бойынша әлемде 8-ші орынды иеленеді, бұл ретте сала нақты анықталған мұнай қорымен 50 жылдан астам, газбен 75 жылдан астам уақытқа қамтамасыз етілген. Бұдан

басқа, көмірсутегі шикізатының 8 млрд. тоннасын құрайтын Каспий теңізіндегі қазақстандық сектордың болжанған қоры көңілге сенім ұялатады.

Қазақстан Республикасы ғаламдық энергетикалық инфрақұрылымның маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан Қазақстанның сыртқы саясатының елеулі құрамдас бөлігі отандық көмірсутегі шикізаты экспортының тұрақты және қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету міндеттерін шешуге бағытталған. Экономикалық орындылық үрдісі мен энергетиканың қоршаған ортаға техногендік әсерін барынша азайту принципі отандық энергетикалық стратегияның тұғыры болып табылады. Қазақстан бұдан былай да көмірсутегін әлемдік нарыққа тасымалдау жолдарын әртараптандыру және құбыр желілерінің барынша тиімді жұмыс істеуі жөніндегі көзқарасты ұстанатын болады.

Қазақстанның энергетика мен құбыр жүргізудегі көп векторлы саясатының мүдделері, негізгі әріптестеріміз Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропалық одақ елдерімен және Орталық Азиядағы көршілермен ынтымақтастықтың бағытын айқындайды. Қазақстан мен Орталық Азияға деген қызығушылық болып отырғаны қазір құпия емес, оның ішінде Еуропалық одақ та бар, мұның өзі бүгінгі таңда өңірде, әсіресе, көмірсутегінің айтарлықтай қорының болуынан байқалып отыр.

Еуроодақ 2007 жылы тұңғыш рет Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты орта мерзімдік Өңірлік стратегияны қабылдады, онда энергетика мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері елеулі орын алады. Осы құжатты әзірлеу кезінде Қазақстанның және басқа да Орталық Азия елдерінің ұсыныстары ескерілгенін ықыласпен атап көрсетуге болады. Мұның өзі еуропалық тараптың ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі тең құқылы диалогқа әзір екенін тағы да бір дәлелдеп отыр. Қазақстан өңдеу және бөлу саласында Еуропалық одақтың мұнай-газ нарығына қатысуын нығайта беруге мүдделі.

Болашаққа арналған осы жетістіктер мен бастамалар Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуімен үйлесім табады. Төрағалық туралы шешім көп жағдайда Қазақстанның демократиялық қоғам мен либералдық нарықтық экономика құру жолындағы нақты жетістіктерін тану болып табылады. ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің ортақ тіл табысуы елде саяси тұрақтылық пен сыртқы саяси бағыттың нақтылығын қамтамасыз ететін еліміздің ішкі және сыртқы саясатының сенімділігін тануға негізделген.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету саяси жүйені одан әрі жаңғыртуға ықпал ететін болады, мұның өзі оны одан әрі демократияландыру жолындағы елдің қоғамдық саяси өмірін реформалауға бағытталған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың бағытымен үйлеседі. Бұл қазіргі кезде Қазақстан сияқты өз қызметін жаңарту және жетілдіру кезеңін бастан кешіріп жатқан ЕҚЫҰ үшін де аса маңызды оқиға. Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы ретінде еуро-атлантикалық және еуразиялық кеңістікті біріктіретін бірегей диалог алаңы ретінде Ұйымның рөлі мен беделін нығайтуға өз үлесін қосуға ниет білдіруде. Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы ретінде мемлекеттер арасындағы өзара сыйластықты нығайту үшін қолынан келгенін бәрін жасайды, ЕҚЫҰ-ның негізгі принциптері мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

Республикада тұратын барлық ұлттар өкілдерінің төзімділігін, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстанның

жүйелі, сындарлы саясаты халықаралық дәрежеде әлдеқашан мойындалған. Қазақстан осы пайдалы тәжірибені ЕҚЫҰ-ға мүше басқа елдермен де бөліскісі келеді. Тұтастай алғанда, беделді өңірлік форумдардың біріне төрағалық ету мәртебесі Қазақстанды қазіргі заманғы орналасу жүйесінен танудың жаңа деңгейіне шығарады. Мұның өзі орта мерзімді және ұзақ мерзімді болашақта Қазақстанды басқа да халықаралық құрылымдар, ең алдымен БҰҰ аясында, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуропаның және Азияның жетекші державаларымен екіжақты өзара қарым-қатынастарда оң қырынан көрсететін болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның төрағалығы кезінде ЕҚЫҰ Азияда болып жатқан процестерден Батыстың көбірек хабардар болып, осы үрдіске тығыз араласуына тамаша мүмкіндік туады, осы өңірдің елдерімен неғұрлым тығыз әріптестік қарым-қатынастар орнатуға және Ауғанстанмен шекарада ашықтықты қамтамасыз етеді, осы өңірдің мемлекеттері ғана емес, сонымен қатар күллі халықаралық қауымдастық та мүдделі болып отырған Орталық Азияны қауіпсіз, тұрақты әрі алдын ала болжап білуге болатындай етіп құруға жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға құр қол бара жатқан жоқ, шын мәнінде біздің көрсететін де ұсынатын да мәселелеріміз баршылық. Бұл біздің Еуропаға баратын жолымыз. Жедел дамып келе жатқан қазақстандық-еуропалық парламентаралық дипломатия, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетінің жұмысы екі тараптың да ұзақ мерзімдік мүдделері жолында Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы өзара тиімді стратегиялық әріптестікті нығайтуға жәрдемдесетін болады деп сендіргім келеді.

Ашхабадтағы билік ауысымынан кейінгі Ресей және Түрікменстан қарым-қатынастарындағы үрдістер (2007-2008 жж.)

Рада МАХАМБЕТОВА,

Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы

С. Ниязовтың қазасынан кейін Түрікменстандағы биліктің ауысканына бір жылдан астам уақыт өтті. Ашхабад қазірде Түрікменбашы режимі саясаты нәтижесіндегі оқшауланудан ауытқып, халықаралық қауымдастықтың назарында болып отырғаны аян. 2007 жыл түрікмен-ресей қатынастарын жаңа деңгейге көтерген жаңалықтар мен өзгерістерге толы болды.

Қазіргі таңда Ресей Түрікменстанмен қатынастарын Орта Азия аймағындағы маңызы жөнінен бірінші орынға қоятындығына біз үшін күмән жоқ. Бұрын сонды болмаған жайт, не бары бір жыл ішінде Мәскеудің біраз жоғары лауазымды өкілдері Ашхабадта іс-сапармен болып қайтты. Соның ішінде бұрын сонды болмаған өте қысқа мерзімде Г.Бердымұхамедовтың сәуірде Мәскеуде, кейін мамыр айында В.Путиннің Ашхабадта өзара іс-сапарлармен алмасуы екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуда тамаша дипломатиялық жетістік деуге болады. Түрікменстанның жаңа басшылығы бейтараптық қағидасын одан әрі ұстанатындығын жариялағаннан кейін Ашхабадты саяси одақтас ретінде қарастыру болмас, сәйкесінше, экономикалық мүдделер мен қатынастар екіжақты ынтымақтастықтың басты тақырыбы ретінде сақталмақ.

Әрине көп жағдайда Ресей жағынан асыра сілтеулер болғанымен, Орталық Азиядағы геосаяси мүдделерінің қорғалуына мұқтаж. Осы ретте Мәскеудің аймақтағы алынбас қамал болып келген Түрікменстанмен тығыз қатынастар орнату мақсатын жүзеге асырудағы зор ұмтылысын түсінуге болады.

Газ саласындағы жетістіктер мен шегіністер

Г.Бердымұхамедовтың Түрікменстан өзіне алған барлық міндеттемелерді орындайды [1] деген сөздері жақсы қарым-қатынастардың сақталуына кепіл болып (газ жеткізілімдеріне байланысты), Түрікменбашы қазасынан кейінгі «Газпромның» алаңдаушылығы басылғандай болды. Кремльдің көзқарасы бойынша, түрікмен газ нарығында басымдылықты сақтау елдің экономикалық қауіпсіздігінің өмірлік маңызды мәселесі болып табылады. Мемлекеттік басқарудағы «Газпром» концерні өз жұмысында үлкен дәрежеде Түрікменстаннан тасымалданатын салыстырмалы түрде арзан газға сүйенеді. Бұл жағдай компанияның Ресейде өндірілген табиғи

газ экспортын еуропалық нарыққа бағыттап, түрікмен газын өсіп келе жатқан ішкі сұранысты қанағаттандыруға жұмсауымен және Украинаға сол елдің сатып алу қабілетіне сәйкес бағаға сату қажеттілігімен байланысты.

Ресми Ашхабадтың дерек көздеріне сүйенсек, бағаланған газ қоры 5 трлн куб. м тең, мемлекеттік пайдалы қазбалар балансында 149 табиғи газ кенорыны тіркелген, оның 39-ы игерілуде [2]. 2005 жылы өндірілген газдың көлемі 63 млрд куб. м құраса, 2007 жылы 72.3 млрд куб. м [3]. 1999 жылғы стратегия бойынша 2010 жылы бұл санды 120 млрд куб. м жеткізу жоспарланды, оның 100 млрд экспортқа бағытталатын болған [4]. Осыншама газ қорына ие, бірақ теңізге шығар жолы жоқ тұйық мемлекет бұл шикізатты әлемдік нарыққа тасымалдау мәселесіне тәуелді болып қала алмайды. Сондықтан Ашхабад алдында белгіленген көмірсутек шикізатын өндіру және нарықтарға жеткізудің сенімділігін арттыру мақсаты тұр.

Қазіргі таңда Түрікменстан газының экспорты екі магистраль бойынша тасымалданады: «Орта Азия – Орталық» және «Корпедже – Куртқуй». Сонымен қатар әр түрлі бағыттағы бір-біріне бәсекелес бірнеше экспорттық газ құбыры жобалары бар (Каспий маңы, Транскаспийлік және Қытайға бағытталған).

Солтүстік бағыттағы «Орта Азия – Орталық» (ОАО) құбыр жүйесінің қазіргі қуаты Ресей, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстанның газ саласындағы ұмтылыстарына, сонымен қатар үш орталық азиялық мемлекеттің табиғи газды әлемдік нарыққа жеткізу көлемін арттыру мақсатына сәйкес келмейді. Газ өндіру көлемінің болашақта артатындығына байланысты бұл бастаманы 2003 жылы Сапармұрат Ниязов көтерген болатын [5]. Дәл осы жылғы РФ және Түрікменстан арасындағы газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бойынша көгілдір отынды 25 жыл тұрақты жеткізу, 2007 жылдан бастап жылдық жеткізу көлемін 70-80 млрд куб. м көбейту керек болды [6]. Жылына 50-55 млрд куб. м газ айдауға максатталған ОАО қуаты бұл жоспарға жеткіліксіз [7]. Сондықтан күн тәртібіне жаңа Каспий маңы газ құбырын (КМГҚ) салу мәселесі шықты.

2007 жылы 12 мамырда Ресей, Қазақстан және Түрікменстан президенттері Каспий маңы газ құбырын салу туралы декларацияға қол қойды. Осыдан кейін мемлекетаралық келісімді дайындаудың қайшылықты кезеңі басталды. Жобаға қатысушы мемлекеттердің әр қайсысының мүдделерін Ресей жағы қанағаттандырмағанша, жабулы қазан жабулы күйінде қала берді.

Ресей Еуропаға бағытталған газ ағымдарына бақылауын орнатса, Түрікменстан мен Қазақстанды КМГҚ жобасы Еуропалық Одаққа сатылған газ түсімінің үлкен үлесі тиетіні кепілдікте болғанда ғана қызықтырады. Оған Н.Назарбаевтың мамырда өткен үшжақты келіссөздерді қорытындылаған «мұнда ешқандай саясат жоқ: біз үшін тиімді шарттар негізінде газ және мұнайды әртараптандыру ең бірінші орында тұрады» деген сөздері куә бола алады. Сонымен қатар, «егер қазірде Батыстан, Шығыстан не басқа жақтардан айналып өту туралы әңгіме болатын болса, бізде де, байқап отырғанымдай, Түрікменстанда да өте прагматикалық әдісті қолдайды, қайда пайдалы болса, біз сол бағытта тасымалдаймыз» деген сөздер, біріншіден, Астана да Ашхабад та КМГҚ-на балама жолдардан әлі де болса бас тартпағандығын көрсетсе, екінші жағынан, Ресейдің болашақта бұл екі мемлекеттің мүдделерімен санасуға тура келетіндігін байқатты [8].

Газ мәселесіне қатысты жасалған келесі кадам 24 қарашада өткен РФ премьер-министрі В.Зубковтың Ашхабадтағы ресми сапары сәтсіз болды деуге саяды. Түрікменстан «Газпроммен» 2007-2009 жылдарға жасалған келісімге қарамастан 2008 жылдан газ бағасын минимум 30%-ға өсіретінін жариялады. «Газпром» бас-

шысы А.Миллердің мойындауы бойынша, «Еурокомиссия және АҚШ әкімшілігінің өкілдері Еуропадағы ағымдағы табиғи газ бағасы конъюктурасымен салыстырғанда қазіргі экспорттық контракт бойынша түрікмен газының бағасы өте төмен және белгіленгеннен жоғары болуы мүмкін деп дәлелдеп баққан» [9].

С.Ниязов қазасынан кейін де келісімнің қатал түрде сақталатындығына ешкім кепілдік бере алмайтындығын 2007 жылдың нәтижесі көрсетті. Мақсатына жетуде кез келген мүмкіндікті пайдалана білетін түрікмен басшылығы бұл жолы кенде қалмады және бағаны өсіруге сылтау да, іске асыруда қысым жасаудың онтайлы көзін де тапты. Енді Түрікменстаннан экспортталатын газ бағысы 2008 жылдың бірінші жартысында 1000 куб. м \$130 құраса, осы жылдың екінші жартысында бұл сан 50%-ға өсіп, \$150-ға дейін көтерілмек [10].

Жеңіс құны Ашхабадтың газ бағасын көтеру талабы мен Еуропаға экспортталатын газдан түскен пайданы өзара бөлісуде шегіністерге тең болды. 2007 жылы 20 желтоқсанда Мәскеуде КМГҚ салу туралы келісімнің қол қою рәсіміне ресейлік және қазақстандық жақтан президенттер В.Путин және Н.Назарбаев қатысса, Түрікменстаннан президент жанындағы көмірсутек ресурстарын басқару және қолдану бойынша агенттіктің атқарушы директоры ғана жіберілді.

Газ құбыры Түрікменстаннан Қазақстан арқылы Ресейге Каспийдің шығыс жағалауымен өтеді. Түрікмен бөлігіндегі салынатын құбырдың ұзындығы 360 шықырымға тең, ал қазақстандық бөлігі 150 шақырымға созылады [11]. Жоба \$1 млрд бағаланған, басында құбырмен жылына 20 млрд куб. м газ тасымалданады. Болашақта негізгі газ өндіруші Түрікменстанның өндіру қуатын арттыру жоспарына орай КМГҚ жылына 30 млрд куб. м газ айдауға мүмкіншілігі бар. Компания-оператор акциясының тең үлесі Мәскеу мен Астанаға, ал Ашхабадқа миноритарлық пакет тиесілі болып отыр [12].

Енді Түрікменстан жанармай-энергетика кешенінің алдында газ өндіру көлемін ұлғайту міндеті тұр. 2007 жылы 70-80 млрд куб. м газ өндіру жоспарланған болса, 2030 жылға таман бұл көлемді үш есеге көбейту, яғни, 250 млрд куб. м газ және 110 млн. т мұнай мен газконденсатын өндіру керек деп бекітілген-ді [13]. Алайда мемлекет табиғи газ ресурстарына бай болғанымен, өндіру инфрақұрылымы мен жаңа технологияларды дамытуда ірі инвестициялардың ағымына зар.

КМГҚ жобасының жүзеге асыру барысында бұрын соңды тең шарттармен ойнауға үйренбеген Мәскеудің арынына аз да болса бұғау салынғандай болды. Сонымен қатар бұл тартыстың бір бұрышы онтайлы жағдайды пайдалана отырып бірлесе өз мүдделерін қорғауда Түрікменстан мен Қазақстан араларындағы бәсекелестіктен бой асыра Ресейге қарсы ынтымактаса алатынын көрсетті.

Іскерлік және гуманитарлық ынтымақтастықтағы ілгерілеулер

Түрікменстандағы биліктің өзгерісімен елдегі Ресейдің инвестициялаудағы әрекеттері белсендірілді. Түрікменстанның жаңа басшылығы Ресейге қатысты шынайы ашық мен жағымды жағынан көрінгенімен, күрделі де киын келіссөз жүргізуші жақтың бірі болып отыр.

2007 жылдың шілде айында бес жылдық үзілістен кейін жалғасын тапқан С.Нарышкин бастаған үкіметаралық комиссияның отырысының нәтижесінде екі ел арасындағы келісімдік-құқықтық база қайта сарапталып, ресейлік компаниялардың Түрікменстандағы инвестициялық белсенділігін арттыруға негіз болатын Өзара капитал салымдарын қорғау туралы келісімге қол қойылды [14]. 4-5 желтоқсанда РФ Сауда-өндірістік палатасының аға вице-премьері Б.Пастухов бастаған ресейлік

50 ірі компаниялардың өкілдері Ашхабадта екікүндік түрікмен-орыс бизнес форумында болып, оның нәтижесінде Түрікменстан мен РФ Сауда-өндірістік палаталары мақұлдаған Ынтымақтастық туралы келісім жасалды [15].

Орыс-түрікмен экономикалық байланыстарының біртіндеп дамуына екі ел арасындағы сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері мысал бола алады. 2000-2005 жылдар аралығында сауда айналымы \$1.3 млрд-тан \$280 млн-ға, яғни, 5 есеге төмендеп кеткен болатын [16]. 2007 жылдың қорытындысы бойынша РФ-нан түрікмен экспорты 2006 жылмен салыстырғанда 168.1% өссе (2007 жылы \$384.2 млн, 2006 жылы \$228.6 млн), импорт 86.6%-ға жоғарылап, \$80.1 млн құрап отыр (2006 жылы \$69.4 млн). 2007 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 46.9% өсіп, \$453.6 млн жетті (2006 жылы \$308.8 млн) [17].

Сауда айналымы көлемінің қарқынды өсіміне Экономикалық ынтымақтастық бойынша үкіметаралық түрікмен-ресей комиссиясы жұмысының қайта жандануы әсер етті деуге болады. Көрсеткіштердің жоғарылауына былтыр желтоқсанда өткізілген екікүндік түрікмен-ресей бизнес-форумының ықпалы да аз болған жоқ. Дегенмен соның ішіндегі басты бағыт жанармай-энергетика саласындағы ынтымақтастық болып табылады.

Тағы да бір маңызы зор мәселе көлік байланыстарына келсек, үкіметаралық комиссия теміржол-кеме жол қатынастарының жұмысы туралы келісімді кемелдендіруді қолға алды. Түрікменбашы – Оля порты және Түрікменбашы – Махачкала маршруттары қарастырылды. Автомобиль жүк тасымалы туралы келісімнің де жетіспеушіліктері сарапталды. Әкімшіліктік кедергілерді алып тастап, жақсы транспорттық қатынастарға жағдай жасалмаса, байланыстарды ұйымдастырудағы күш жұмсаулардың қандайда деңгейде болмасын зая болатындығы белгілі.

Өткен жылы ОАО «Силовые машины» Марый ГРЭС-не құралдарды жеткізуді және энергоблокты модернизациялауды аяқтады. Бұл питерлік консорциумның Түрікменстан энергетиктерімен әрі қарайғы ынтымақтаса жұмыс істеуінің жаңа мүмкіндіктері қарастырылуда.

Өткен жылдың өзінде Түрікменстанға мыңнан аса ресейлік «КамАЗ» автокөліктері жеткізілген. Камалық автокәсіпорыны техникасының жаңа партиясын жеткізу туралы контрактқа қол қойылып, оларға қызмет көрсету мақсатында Ашхабад және велаяттарда (облыстарда) сервис орталықтарын ашу жоспарлануда.

Заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және Түрікменстанның интернетке кіру мүмкіндігін кеңейту тендерін ұтып алған ресейлік «ТехноСерв А\С» компаниясы абоненттік интернет желісін дамыту және кеңейтуге 1.5 млн. долларға байланыс министрлігімен контрактқа қол қойды. Қазірде «Түкментелеком» мемлекеттік электробайланыс компаниясының мәліметтері бойынша Ашхабадта төрт мыңға жетер жетпес интернет абоненттері бар.

Жоғарыда айтылған бір жыл ішіндегі жетістіктер бұрынғымен салыстырғанда көңілге қонымды болып көрінгенімен, ресейлік жақтың өзінің стратегиялық серіктесімен қатынастарды нақты және ауқымды түрде кеңейтуде қажетті назар аудармай отыр. Ресейлік бизнесті Түрікменстанда дамытуда қызығушылық бар, бірақ бәсекелестік өсе түсетін бұл ортаға ірі компаниялардан өзге ресейлік орта бизнеске артықшылықтарсыз тұмсығын сұғу қиынға түседі.

Ресей және Түрікменстан арасындағы гуманитарлық салада да екі ел арасындағы бірнеше жылдан кейінгі жылымықты сипаттайтын алға жылжулар байқалады. Өткен жылдың тамыз айында 10 орыс тілі мұғалімдері Мәскеу ашық білім институтында квалификациясын жоғарылатып, олимпиада, жазғы мектеп

және сауықтандыру лагерлері секілді жастар білім бағдарламалары аясында 100-ден аса жас түрікменстандықтар Ресейде болып қайтты [18]. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткіш ерекше көзге түскенімен, екіжақты ынтымақтастықты жоғары деп бағалауға мардымсыз көрінеді.

Үкіметаралық комиссияның 2007 жылдың шілде айында өткізілген отырысының маңызды шешімдерінің бірі ресейлік ЖОО-да Түрікменстанның мұнай-газ саласына мамандар дайындау туралы келісім болды. Бұл келісім негізінде қыркүйекте 75 студент Ресейге аттандырылды.

РФ премьер-министрі В.Зубков іс-сапарында Ресейдің Түрікменстанда МГУ, Губкин атындағы мұнай-газ институты, Политехникалық және Технологиялық институттарының филиалдарын ашуда үлес қосуға, сонымен қатар Түрікменстан студенттерін қабылдап, оқытуға дайын екендігін айтқан. Бірақ бұл бастамалар әлі күнге дейін тежеліп келеді.

Сонау 2000 жылдардан ерекше белсендірілген С.Ниязовтың «түрікмендендіру» саясаты (шетелдік дипломдардың мойындалмауы, шетелдік баспалардың елге енгізілуіне, театр орындары мен операға шек қойылуы, БАҚ цензурасы) жаңа президенттің билікке келуімен өзгеріп сала бергендігін соңғы бір жылдағы гуманитарлық саладағы қадамдардан-ақ байқалып тұр. Бірақ бұл өзгерістерді Мәскеудің өз ұпайына тез арада пайдаланбағаны аңғарылады.

Көпжақты ұйымдардағы ынтымақтастық

Халықаралық аренадағы өз орнын ыңғайластырып, қарым-қатынастарды жақсарту мақсатында Түрікменстан басшылығы қазірде «бейтараптықтан» басқа негізінен екі құралды қолданады: президенттің шетелдік жеке байланыстарды кеңейтуі және барлық қызығушылық танытқан жақтармен энергетика тақырыбына байланысты келіссөздер процесін белсендіру. Соңғы бір жылдағы Г.Бердымұхамедовтың ерекше әрекеттілігі көпжақты дипломатияда да біршама өзгерістерді байқатты. Бірақ Ашхабад бейресми түрде Мәскеудің көшбасшылығымен дамып келе жатқан ТМД, ШЫҰ, ҰҚКҰ және ЕурАзЭҚ секілді аймақтық бірлестіктерге қатыса қояды дегенге сену қиын.

ТМД-ның күзде өткен Душанбедегі саммитінде қабылданған мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған Достастық дамуының жаңа концепциясына қол қоюдан бас тартқан екі мемлекеттің бірі - Түрікменстан. Бердымұхамедовтың «ТМД-ның халықаралық саяси және экономикалық құрылым ретінде өз тиімділігін жойғанына ешкімнің күмәні жоқ деп ойлаймын. Түрікменстан бұл жағдайды айтарлықтай ерте түсінді және іс жүзінде ешқандай пайда әкелмеген кездесулер мен кеңесулерге қатысуын барынша шектейді» [19] деген демаршынан Ашхабадтың бұрынғы ұйымнан максималды түрде алшақ ұстану позициясын байқауға болады.

ШЫҰ-ның әрекет ету ареалы болып табылатын аймақтың құрамдас бөлігі ретінде Түрікменстанға объективті қызығушылығы мол. РФ сыртқы істер министрінің орынбасары А.Денисовтың айтуынша, Түрікменстан ШЫҰ-ның ядросындағы мүшелігіне жарайды [20]. Энергетикалық клубтың толық қанды жұмыс жасауы үшін энергоресурстарға бай Түрікменстанның қатысуы жетіспей-ақ тұр. Бірақ Г.Бердымұхамедовтың «Түрікменстанның саяси позициясы мен елдің бейтарап статусын ескере отырып, ШЫҰ негізін құраушы мақсаттар мен міндеттерге құрметпен қараймыз» [21] деп жалпы сипатта сөйлеп қана қоюы ынтымақтастыққа нақты қадамның аса жақын болашақта жасалмайтындығын

анғартады. Қытайдың ықпалы жылдан-жылға артып келе жатқан бұл ұйымға Түрікменстанның мүше болуы Ресейдің мүдделерімен сәйкес келмейтіндігін айта кеткен жөн.

ҰҚКҰ-ның бас хатшысы Н.Бордюж «ұйымның жауапкершілігіндегі ауданда Түрікменстансыз толығымен тұрақтылық орнату мүмкін емес» деп көрсетті. Ашхабадтың позициялары ұйымның әрбір отырысында ескеріліп келеді [22]. Алайда түрікмен жағы ұйым аясында тек транспорт секторына ғана қызығушылық білдіріп келген еді. 2007 жылы Ашхабадта бірлестік эксперттерінің отырысы болып, күн тәртібіне халықаралық заңсыз есіртке айналымы мәселесі қойылды. Есірткі трафигіне қарсы операциялардан бас тартып келген Түрікменстан қауіпсіздіктің басқа да мәселелері бойынша ынтымақтастықты кеңейте беретіндігіне ұйымның үміті зор.

РФ үкіметінің вице-премьері С.Нарышкиннің айтуы бойынша, Түрікменстанның ЕурАзЭҚ-қа мүше болуына елдің өзі де, ұйымның басқа мүшелері де қызығушылық танытып отыр. Бірақ бұл қызығушылықтың қай кезде іске асырылатындығы белгісіз [23]. ЕурАзЭҚ хатшылығында қауымдастықтың Түрікменстанмен ықпалдасу болашағына реалистік сипатта қарайды. Ұйымның бас хатшысы Григорий Рапотаның есептеуінше, Түрікменстан жағынан ұйымға деген қызығушылықтың артқанымен, оның мүшелігі туралы айту әлі ерте [24].

Түрікменстанның ЕурАзЭҚ-қа мүше болу болжалдарының көп айтылуы соңғы кездегі РФ бастамасымен жасалған түрлі экономикалық жобаларға орта азиялық мемлекеттердің тартылуына байланысты болар. Ресей, Қазақстан және Түрікменстан президенттерінің транспорттық-энергетикалық саладағы ынтымақтастық туралы соңғы келісімдерінен кейін Мәскеудің осымен тоқтамастан Түрікменстанды ЕурАзЭҚ мүшелігіне итермелеуі байқалады.

Жоғарыда айтылған жағдайлар Түрікменстан түрлі интеграциялық ұйымдарға қатынасын өзгертеді деген ойға жетеледі. Бірақ уақыт көрсеткендей түрікмен көмірсутектеріне бәсекелестік өз мәнін жоғалтпайынша Ашхабад үшін әрбір бәсекелеспен екіжақты қатынастардан неғұрлым үлкен пайда ала отырып, бейтарап калыбын сақтаған және барынша тең қашықтықты орнатқан тиімді.

Г.Бердымұхамедовтың билік басына келгеннен кейінгі сыртқы саяси кадамдары Түрікменстанның Ресеймен де, АҚШ-пен де, Қытаймен де, Батыс Еуропамен де тығыз байланыс орнатқанымен, қатынастарда тепе-теңдікті ұстануға тырысатындығын байқатты. Бұл жекелеген бір күштің ықпалына түсіп калудан сақтану болатын.

Ауқымды газ қорына ие Түрікменстан бәсекелестіктің алаңына айналғандықтан мұндағы күштердің тепе-теңдігін ұстаудың кепілі газ құбырларын әртараптандыру болып табылады. Қалыптасқан жағдайда Ашхабадтың көпжақты қатынастарға, әсіресе, Ресейдің ықпалындағы интеграциялық блоктарға белсенді араласа кетуі екіталай.

Ресейлік жақ түрікмен басшылығының шымбайына тиетін мәселелерді көтермей, Түрікменстанның бұрынғыша ішкі істеріне араласпайтындығын көрсететін әрекеттермен көрінді. Болып жатқан жағдайды объективті бағалауға және ықпал етуге Орталық Азиядағы Ресей саясатының белгісіздігі мен толық қанды қалыптасып бітпегендігі әсер етеді. Мәскеу өз кезегінде Ашхабадтың еуратлантикалық бағытқа ауытқып кетпеуіне, әсіресе, өзіне тәуелсіз маршруттағы

Каспий газ тасымалдау жобаларының дамуына жол бермеуге тырысса, Ашхабадтың өз кезегінде мүдделерін қанағаттандыруда Ресейдің ықпалына түспеуге ұмтылатыны байқалады.

Ресей-түрікмен қатынастарының Түрікменстанның сыртқы саяси бағытындағы басымдылыққа ие болу болмауы Мәскеудің қалыптасқан жағдайды өз пайдасына қарай бұра алуына тікелей байланысты. Бұл тек ресми Кремльдің ғана емес, «Газпромның», жалпы алғанда, ресейлік бизнестің толық әлеуетін, Түрікменстандағы ғылыми, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты жүзеге асыру қабілеттілігіне байланысты болып отыр. Дегенмен саяси және экономикалық салаларда алға жылжулар мен өзгерістер бар және Түрікменстан мен Ресей қатынастары баяғы баз калпына түсе қоймас.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Камилжан Каландаров. Новый туркменский лидер подтвердил верность всем соглашениям с Россией. 23.04.2007//<http://www.rian.ru>
2. Александр Караваев. Проблемы и перспективы строительства Транскаспийской газовой магистрали. 14.02.2008//<http://www.ia-centr.ru>
3. Выступление Президента Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедова на встрече с делегацией Федеративной Республики Германия. 25.02.2008// <http://www.turkmenistan.gov.tm>
4. Национальная Программа Президента Туркменистана Сапармурата Туркменбаши «Стратегия социально-экономического преобразований в Туркменистане на период до 2010 года». Ашгабат, 1999, С. 210.
5. Газовый союз Казахстан – Россия – Туркмения не политический, а прагматический. 14.05.2007. Казинформ// <http://ru.government.kz>
6. Соглашение между Туркменистаном и Российской Федерацией о сотрудничестве в газовой сфере. Москва. 10 апреля 2003 г.// «Нейтральный Туркменистан». 2003. 16 апреля
7. Андрей Диев. Фиаско «Навуходоносора». 2008.01.23 // <http://www.redstar.ru>
8. Газовый союз Казахстан – Россия – Туркмения не политический, а прагматический. Казинформ// <http://ru.government.kz>
9. П. Нетреба, Д. Бутрин, Н. Гриб, О. Гавриш. Повысить цены Туркмении рекомендуют ЕС и США// Коммерсантъ, 26.11.2007, С. 1, 2
10. Туркменистан в 2008 году на 30% поднимет цену газа для Газпрома. 23.11.2007 // <http://www.centrasia.ru>
11. Наталия Пулина. В Москве стартовал Прикаспийский трубопровод// МН-события, № 50 (21.12 - 31.12.2007)
12. Большая газовая дружба. Россия, Казахстан и Туркмения подписали соглашение о Прикаспийском газопроводе. 21.12.20 // <http://www.globalrus.ru>
13. Андрей Диев. Фиаско «Навуходоносора». 2008.01.23// <http://www.redstar.ru>
14. Россия и Туркмения проведут в декабре совместный бизнес-форум. 10.07.2007//<http://www.prime-tass.ru>
15. Представители деловых кругов Туркмении и России заинтересованы в активизации сотрудничества. 05.12.2007//<http://www.rian.ru>
16. Минэкономразвития России сообщает об уменьшении товарооборота с Туркменистаном. 26.09.2006//<http://www.gundogar.org>
17. В 2007 году товарооборот между Туркменистаном и Россией вырос в 1,5 раза. 08.02.08. // <http://www.turkmenistan.ru>
18. Пятнадцать лет по пути стратегического партнерства. Выступление Чрезвычайного и Полномочного Посла Российской Федерации в Туркменистане И.А. Блатова. 09.04.2007// www.turkmenistan.gov.tm
19. Концепция изменилась. 08.10.2007//<http://www.centrasia.ru>
20. Д. Бавырин. ШОС с Туркменией. 2007.8.15//www.vz.ru
21. Ашхабад с уважением относится к целям и задачам ШОС. Речь президента Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедова на саммите Шанхайской организации сотрудничества//www.turkmenistan.gov.tm
22. Олег Горупай. В Душанбе пройдет масштабный форум СНГ, ОДКБ и ЕврАзЭС// Красная звезда, 04.10.2007, с. 3
23. Сергей Нарышкин: Туркмения может войти в состав ЕврАзЭС. 21.05.2007//<http://www.interfax.ru>
24. В.Панфилова. Туркмению хотят видеть в ЕврАзЭС. 22.05.2007// <http://www.ng.ru>

Мемлекетшілдік сана стратегиясын сіңіру жолында

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының
Бас редакторы, саяси ғылымдарының кандидаты

Осыдан тура үш жыл бұрын, дәлірек айтсақ 2002 жылдың 12 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Астана қаласында өткен Журналистер конгресіне қатысып сөз сөйледі. Елбасының жаңадан құрылған қаламдастар қауымдастығының құрылтайына қатысуы осынау жиынның мәні мен маңызын арттыра түскені анық. Сол құрылтайдағы Президент сөзінің мәні де, нәрі де әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Олай дейтініміз Елбасы өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын жолдауларында журналистер конгресінде айтқан ой-тұжырымдарын дәйектілікпен баянды етіп келеді. Соның нақты мысалы айталық, 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауда да ақпараттық саясаттың өзекті мәселелері көрініс тапқан.

Мәселен, Жолдаудың «Азаматтық қоғам институттарын дамыту туралы» тармақшасында: «Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттар алдағы уақытта да дәйекті түрде жасалады әрі қорғалатын болады.

Сонымен қатар сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатаң тосқауыл қойылуы шарт» делінген [1]. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?

Бұл – Елбасы өзінің сөйлеген сөздері мен мақалаларында, теориялық еңбектерінде сөз бостандығының айнасы – бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне айырықша мән беріп келе жатқанының дәлелі.

Қазақ қоғамы – ғаламдық өркениет көшінен өзіне лайықты орын алған қоғам. Кешегі ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғалып қалған қазақ жерінде талайлы тарихтың ізі сайрап жатыр. Сол таритан тағылым алып, көшелі іске нұсқа ете білу – уақыт талабы.

Олай болса, Тіл мен Сөздің тылсымы өрнегін табатын ақпарат құралдарының арғы-бергі тарихының қаперге түйер тұстары жетіп артылатыны мәлім. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі қазақ топырағында жарық көрген қай-қай басылым болсын олардың бәрі дерлік қатаң бақылаудан, цензуралық електен өтіп отырғаны белгілі. Өз дәуіріндегі режимге қызмет етті дегенімізбен ана тіліміздегі басылымдардың төлбасы саналатын «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті» үнемі қадағалауда болса, ал «Қазақстан», «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Сарыарқа» секілді демократиялық көзқарастағы басылымдар ыңғай қудалау мен қуғын-сүргіннен көз ашпаған еді. Кеңес дәуіріндегі баспасөз түгелдей дерлік монопартиялық меншікте болса-дағы бастан-аяқ цензураның «сүзгісінен» өтіп отырғаны мәлім.

Осының бәріне еліміз тәуелсіздігін алған сәттен кейін ғана тыйым салынып, ол Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабымен бекітілді. Онда сөз бен шығармашылық бостандығына кепілдік берілетіндігі, цензураға тыйым салынатындығы, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқы бар екендігі атап көрсетілді.

Осынау мүмкіндікті еліміздің азаматтары тиімді пайдаланып келеді десек те болады. Мұның өзі қоғамдағы демократия мен жариялылықтың өріс алуына жол ашып отыр.

Республика Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат басқармасы 2005 жылғы ақпан айына әзірлеген мәліметтерге қарасақ, елімізде 2116 бұқаралық ақпарат құралы бар екен. Оның ішінде 1127 газет және 591 журнал, 187 телерадиокомпания мен 11 ақпараттық агенттік тіркелгендігі мәлім. 2004 жылмен салыстырғанда мерзімді баспасөздің саны 7 пайызға өссе, ал электронды ақпарат құралдары 15 пайыз артық тіркелген.

Тағы бір назар аударарлығы жылма-жыл тәуелсіз ақпарат құралдарының қатары молайып келе жатқандығы. Бұған мына деректер дәлел. Айталық, 80 пайыз мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының 48 пайызының құрылтайшылары жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 10 пайызының құрылтайшылары қоғамдық бірлестіктер болып келеді.

Еліміздегі бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарының 17 пайызы ана тіліміздегі ақпарат құралдары болып есептелсе, 36 пайыз БАҚ мемлекеттік және орыс тіліндегі, 33 пайыз БАҚ орыс тіліндегі, сондай-ақ 14 пайыз БАҚ басқа тілдердегі ақпарат құралдары болып есептеледі [2].

Замана талабына, уақыт үрдісіне ілесіп қана қоймай болашаққа бағдар айта білетін басылым – нағыз басылым. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бермен қарай шығып келе жатқан газеттер мен журналдар тігіндісін парактап отырсаңыз, сол басылымдардан уақыт полотносын жазбай тануға болады.

Ел өміріндегі демократиялық сілкіністер мен реформаторлық өзгерістер сыпаты ақпарат құралдарының құрылымдарына, олардың жарияланымдарының мазмұнына жаңалық әкелді. Бұрын тиым салынып клеген тақырыптар оқырмандардың олжасына айналды. Газеттер бірінен бірі асып түсуге тырысты. Тіпті, кейбір басылымдар өздерінің билік пен бұқара арасындағы дәнекершілік миссиясын ұмытып та кеткен жағдайы болды. Бұл егемендік эйфориясы дәуіріне тән құбылыс еді.

Ал бүгінгі талап тіптен басқаша. Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту басты мәселе. Бұл билік тармақтарының барлық саласынан бастап бүкіл қоғамдық сана тәрбиесіне жауапты орындардың биік парызы болуға тиіс.

Осы тұрғыдан клегенде баспасөз атаулының барлығы ұлт мұратына үндеу миссиясын үздіксіз жүргізіп отыруы тиіс. Мұны қалай түсінеміз?

«Елімізді сүйейік, Отан – ананы қадірлейік, қазақтық қалпымызды сақтайық» деген секілді жалпылама құрғақ ұрандаудан ештеңе шықпайды. Революциялық айқайлардың заманы өткен. Ұлт мұратына үндеу миссиясы нақты адрестер арқылы насихатталуы керек. Демек, нарықты экономика жағдайына тез икемделіп, нақты нәтижеге жетіп отырған нысандардағы жұмыстар озық тәжірибе ретінде айтылып, жазылуы тиіс. Жетістіктердің қыры мен сыры көпке ортақ болуы қажет. Бізде, міне, осы жағы кемшін.

Бір нәрсе айқын: халықты өз ертеңіне жігерлендіретін де, болашаққа үміттендіретін де ақпарат құралдары. Кім ақпаратқа ие болса, жеңіс соныкі делінетіні де сондықтан.

Ұлт мұратына үндеу үрдісі қоғамдық өміріміздің күнгейіне сүйсінумен ғана шектелмесе керек. Бұл үрдіс қоғамдағы қырық құраулы кемшіліктің сырын талдап шешу арқылы әлме-әл жаңа сапалық деңгейге шығуы тиіс. Ел ішінде жемқорлық пен алаяқтық, қымқырушылық саябырсымай тұрғаны белгілі. Жекешелендіру кезінде жасалатын көзбояушылық әділ бағасын алып отыруы керек.

Міне, осындай құбылыстардың барлығы дер кезінде сын тезіне алынбай, шара қолданылмай жатса халықтың орынды ашу-ызасын туғызады.

Қазір халық елі үшін еңіреп туған ерлерге зәру. Түк жоқ деп ауызды ку шөппен сүртсек, күпірлік болар. Халқымның камы үшін деп еңбек қылып жүргендер аз, тым аз. Саусақпен санарлық.

Ары таза адамның қолы таза болмақ. Жуырда әкімдердің тұрғындар алдында есеп беру жиналыстары өтті. Кейбір жерлерде ол науқаншылдықтың шылауында кетті. Жалпылама сөз көп болды. Уәдешілдік үрдісі өрістеді.

Ал ауыл, аудан тізгінін ұстап отырған ұлықтың шын бет пердесін танытар, азаматтық тұлғасын айқындар әңгімелер айтылмай қалды.

Халық өзінің әкімі туралы әртүрлі алыпқашпа әңгімеге ермеуі тиіс. Сондықтан олар басшының байлығы мен дәулеті туралы нақты ақпаратты біліп отыруы керек. Көңілде күмән болмауы қажет. Күдік ұялаған жерде көш түзелмейді. Бұл – ежелгі ақиқат.

Токсан сайын, я болмаса жарты жыл сайын ел алдында есеп беру дәстүрге айналса. Әкімдер басқа да билік тұтқасында жүрген кісілер өздерінің табысы, мүлкі туралы тиісінше аудандық, облыстық газеттерде декларация беріп отырса. Сонда алыпқашпа әңгіме де тиылар еді.

Қазір мынадай бір пиғыл өріс алып отыр. Қолына азды-көпті байлық байланған кісі өзін мәңгілікпін, байлығым – дүнием мәңгілік, соны көбейткен үстіне көбейте берсем дейді. Мәңгілік ештеңе болмайтынын түсінбеген жанда қараулық пиғыл меңдейді. Ашкөздіктің ақыры қайда апарып соғатынын білсе де білгісі келмейтіндей рай танытады. Ол Алладан әмір келген күні екі метр жерден қоныс тауып, біреудің көзжасымен жиылған, қулық пен сұмдықтың арқасында еселенген дүние боктың іске алғысыз боп қаларын ойлағысы да келмейді.

Ал қазіргі жергілікті әкімдердің әпербакандығы, астамшылығы елдің билік орындары туралы теріс пікір қалыптастыруына түрткі болары сөзсіз. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары өзінің қандай меншік түріне жататындығына қарамастан осындай олқылықтарды сынау мәселесіне мемлекетшілдік көзқарас тұрғысынан келуі керек. Ол сонда ғана қалың оқырман қауымның көзайымына айналады, шын мәнінде оның жан серігі бола біледі.

Қазір әлеуметтік зерттеулер қай кездегіден де маңызды. Елдің көңіл-күй ауанын біліп отыру, оның мұқтажын тап басу қоғам өркендеуінің басты шарттарының бірі екендігі сөзсіз. Осындай жүйелі жұмыс басылымдар беттерінен көрініп отырса. Мұның өзі мемлекеттік маңызды шешімдер қабылданар кезеңде шешуші роль атқармақ.

Қазір ақпарат кеністігіндегі билік жолында, дәлірек айтсақ миллиондардың ақыл-ойын билеп-төстеу жолында күрес жүріп жатыр. «Жалғас-Каунтерпарт» коммерциялық емес заңды тұлғалардың ассоциациясы жүргізген сауалнамалардың

нәтижесіне қарағанда ақпарат алу көздері саналатын нысандардың ішіндегі баспасөз, телерадио жетекші рольге ие болып қала беретіндігі жазылған. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің 33 пайызы БАҚ-ты, 17 пайызы интернетті, 7 пайызы қоғамдық қабылдау өткізілетін орындарды, 7 пайызы «ашық есік» күндерін, 4 пайызы баспасөз клубтарын ақпарат алу көздері деп есептейтіндіктерін білдірген [3].

Қарап отырсақ, баспасөз, телерадио бұрынғысынша қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты құралы болып қала беретіндігі анық байқалады. Демек, оған жүктелер міндет те орасан зор екендігі сөзсіз. Олай болса, ақпараттық қауіпсіздік майданында газеттер мен журналдар жарияланымдарының, телерадио бағдарламаларының мақсаттылығы, мәнділігі ерекше роль атқарады. Ал мұның өзі екі күннің бірінде тілге тиек болып жүрген мемлекетшілдік пен ұлтжандылық, халықшылдық идеясын жүзеге асыру үрдісіне жол ашпақ.

Президентіміздің халыққа жолдауының бүкіл рухы, міне, осы ойлармен өрелесетіндігіне ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан». 19 ақпан, 2005 ж.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауын түсіндіру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдар. Астана. 2005 жыл, 35-бет.
3. Доступ НПО к информации в Казахстане. Алматы. 2004 г. с.6.

Әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың күре тамыры

Абзал НҮКЕНОВ,
саясаттанушы

*Әділетсіздікпен қаруланған
адамнан жаманы жоқ*
(Ежелгі дана сөз)

Жуық арада, маусым айының соңғы күндері, Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздегі ішкі саясатқа қатысты арнайы басқосу өткізіп, өзінің бірқатар ойларымен бөлісті. Оның ішінде қоғам идеология мәселесіне баса назар аударылды. Біздің төмендегі ой-пікіріміз де осы мәселе арнасында өрбімек.

Ежелден халықты, көпшілікті бағындыратын ерекше құндылықтар мәлім. Заман ауысып, дүние өзгерсе де адамзат болғанша бұл қасиеттер де қала бермек. Бұл құндылықтар басымдылық танытқан жағдайда ғана ел ымыраға келіп, түсіністік пайда болуына негіз қаланады. Көпшіліктің сөзі естіліп, ар мен ұятқа салынған шешім әрқашанда бекім. Сол себептен де шешуші кезеңдерде әр адам, әр ұжым, әр қоғам, әр жүйе, әр құрылым **әділеттілікті** алға тартуы заңдылық.

Кейбір ойшыл азаматтардың аузынан адам байыған сайын, мемлекет ахуалы жақсарған сайын көпшілік саясаттан алшақтанады деген сөзді жиі естуге болады. Кедей адам, кедей халық әлеуметтік мәселесін, жеке жағдайын, алғашқы мұқтаждықтарын шешпейінше саяси, қоғам ие белсенді болады, ал жағдайы түзеле бастаған шақта тұрақтылыққа жақын деп пайымдайды. Сөздің жаны баршығар. Дегенмен мына бір нәрсені ойлау қажет: **әлеуметтік тұрақтылық** бар, және **саяси тұрақтылық** бөлек. Екеуінің ара-жігін ажыратып нақты түсінген абзал. Ал бүгінгі Қазақстан жағдайында, яғни, жалпы ел еңсесін көтеріп, етегін жинағанда бұл көріністер төбелеп байқалуы хақ. Әлеуметтік тұрғыда тұрақтанған халықтың сұранысы да жоғары. Олай болса, бұндай әлеумет өздерінің жоғары талаптарын орындату үшін саясатқа неғұрлым тығыз араласқанға мүдделі. Әрине, әдетте бұл осы топтардың саяси деңгейде өздерінің өкілдерін қолдау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, олар өз талаптарын билік алдында жиі және нақты қоя бастайды.

Осы арнада тұжырымдар болсақ, Әлеуметтік сұраныс — қысқаша айтсақ, адамның бірінші кезекте шешілуі тиіс тұрмыстық мұқтаждықтары. Ал саяси сұраныс мүлде бөлек сатыдағы құбылыс. Ол қоғамның көптеген (оның ішінде тұрмыстық та) ішкі және сыртқы факторлары әсерінен туындайтын мұқтаждық.

Әрине, әлеуметтік сұраныстардың орындалмауы саяси тұрақсыздықтың басты негіздерінің бірі. Бірақ оны жалғыз және шешуші деп айту дұрыс болмас. Ол көптеген рухани, тарихи, экономикалық сияқты сұраныстардың біреуі. Жиынтығы саяси мәселе. Нақты айтқанда, сол әлсіз топтың күшейуі оның талап ету шеңбері мен мүдделер ауқымын кеңейтетіні сөзсіз. Себебі, ол күшейген сайын неғұрлым күрделі және ауқымды мәселелермен кездеседі. Сөйтіп, осы топ өкілдерінің қоғам өміріне араласуы белсендей түсіп, шеберлігі шыңдалады.

Сөз жоқ, ұғымдар мен тарихқа үңілер болсақ бұл екі түсінікті басқа жағынан, басымдылықтарды басқаша қойып қарауға болар еді. Ол таза теориялық тұрғыдан алсақ бәлкім дұрыс та. Бірақ, біз осы орайда өзіміздің бүгінгі еліміздің бүгінгі даму жағдайы мен ерекшеліктерінен, тәжірибелерінен шығып отырғанымызды баса айтқым келеді. Сондықтан осы аталған мәселелер бойынша біз белгілеген арнада жүріп көрелік.

Ұлық болсаң, кішік бол...

Әлеуметтік, экономикалық күйзеліс кезіндегі Қазақ елімен бүгінгі 17 жасқа шыққан мемлекетті салыстыру қиын. Ең бастысы өмірді кабалдау түсінігі өзгерді. Мүмкіндіктер шеңбері кеңейді. Көптеген дүниеге деген көзқарас өзгеше — көз ашылды. Қысқаша айтқанда: жақсылықтың не екенін көріп, жамандықтың не екенін жеріп қалды. Ал осындай әлеуетпен бұрынғы — 17 жыл, тіпті кешегі 5 жыл бұрынғы саясат жүргізу мүмкін бе?!

Адам — жыртқыш. Ол оның табиғи болмысы. Тәңірдің берген ерекше құдіреті — Сана. Ақылға келіп, таразыға салып қараудың аркасында оны тоқтату мүмкін. Ал таразыға салғанда көзге түсер теңділік, ойға қонар әділдік көрінуі хақ.

Жағдайы мүшкіл, ахуалы ауру көпті меңземейді. Бүгінгі жетістігін қуаныш етеді. Бірақ ол бүгін. Ал ертең жағдайы түзеле бастаған сайын оның қуанышы күнделікті өмір шынайылығына айналады. Сөйтіп ол алдына жаңа мақсат, міндет қояды. Талпынады, ұмтылады. Күшейген сайын сұраныстары да мықтай түседі.

Қатігез ой болса да айтылуы тиіс. Әлсіз жан адами құндылықтарды аңсайды, ал күшейген кезде сөз басқаша. Күштінің талабы да күшті. Осыған сай жауап қажет.

Жоғарыда айтылған қағиданың маңыздылығы туралы сөз қозғасақ. Расында да, әлеуметтік әлсіз қоғам тұрақсыздық мекені. Бірақ, тұрақтылықтың өзін біз қалай түсінеміз. Мәселе осында. Егерде адамның, ел азаматының қарапайым тұрмыстық мәселелері шешілмей жатса. Және де бұл жалпы құлдырау жағдайында орын алып отырса, ол бір бөлек. Билік тиісті әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруы қажет. Бұл ретте билік қолдау табуы сөзсіз. Осы орайда мәселенің екі жағын ашып айту қажет. Біріншісі, қоғам әлсіз болғандықтан билік тарапынан қабылданған қандай да болсын әрекетті қабылдауға мәжбүр. Екіншіден, билік те анағұрлым қатаң саясатқа, күш таныту әдістерін кең қолдану нәтижесінде елді ауыздықтап отырады. Әрине, күш көрсетудің де «идеологиялық шапаны» болуы хақ. Тек сонда ғана күштің қолданылуын ақтауға, халықтың ызасын басуға болары сөзсіз. Бұған келтірер мысалда аз емес. «Халық жауы», «жемқоршылармен

күрес», «тұрақсыздық ошағын қозғаушы» сияқты (қандай сөзбен жамылса да бәрібір) дақ салу арқылы тиісті (күшін көрсету) саясат жүргізу.

Көрсетілген жағдайда, адами құндылықтардың, заңнамалық ережелердің аяқ асты қалуы әбден мүмкін және түсінікті десе де болады. «Сұрауы жоқтың бұрауы жоқ» дегендей. Әлсіз көпшілік қолынан келгенше әлдене үстінде.

Күшейген қоғам жағдайында ойын ережесі басқаша. Осы орайда мына бір қатыгез саяси заңдылық аңғарылады: «Арлан мен қоян арасында ешқандай шарт болуы мүмкін емес». Келісім тек тең тараптар арасында болуы мүмкін. Кері жағдайда ол шарттың біржақты бұзылу қатері өте жоғары. Олай болса, елде **заңнамалық ережелердің дұрыс орындалуы мен әділеттілік орнауы үшін мемлекет те, қоғам да тең дәрежеде күшті болуы тиіс.**

Осылайша адамдар, ел, мемлекет, қоғам күшейген сайын қарапайым адамзат қағидасын, адалдық пен әділдікті, тазалық пен шындықты, заңды мызғытпай ұстануы шарт. Кері жағдайда саяси тұрақсыздық орын алары анық.

Әділетсіздік пен заңсыздық – берекесіздік пен тұрақсыздық кепілі

Даналар байырғыдан қоғамдағы сұрапыл дерттің барлығы әділетсіздіктен деп баса айтқан. Шынымен, адам – пенде, ол қызғаныш, бәсекелестік, жарыс, құмарлық сияқты қасиеттерден еш арылмайды. Ал осынау табиғи жаратылысындағы дүниелердің санадан асып, бауырдан басып кетпеуі үшін жоғары құндылықтар ежелден белгілі. Олардың негізгісі деп **Әділеттілікті** білемін. Тек әділдікке шақыру арқылы адамадар ортақ тоқтауға, ымыраға келе алады. Әрине, кейбіреулердің бұндай құрал ретінде Күш шығуы мүмкін деп айтуы ғажап емес. Күш өзін мойындату, өзіне бағындыру арқылы тәртіп орната алады. Әбден келісуге болады. Бірақ, тек мәселенің әділ шешілуі кезінде ғана әр тарап өзін (яғни өзінің тұрпатын) сақтап қалуы мүмкін. Ал күш қолдану арқылы шешілген мәселеде әрқашан ары аяққа тапталған жандар болады. Өз кезегінде бұл әрекет ешқашан кешірілмейді. Сөйтіп ол жаңа жан-жалдың туындауына алып келеді.

Дегенмен, **әділдік пен күш** арасында бір айтылмай қалған сөз бар.

Сонымен қайысы басым, қайысы нәтижелі әрі бекім? (Егер сұрақты осылай қоюға болса).

Күш қолдану негіздері жан-жақты, ол адами құндылықтардан алшақ. Осылай ол өзінің қолданыс барысындағы әдіс-тәсілдер, құралдар аясын барынша аз шектеп, мейлінше кеңейтеді. Күш тек өзінен мықты күшті сезінген кезде тоқтайды. Ал әділдік арқылы шешу жолы өзгеше. Адами құндылықтармен барынша шектелген, белгілі шеңбер аясында ғана, яғни тек тазалық пен адалдық, шындық пен ақиқат аумағында қолданыла алады. Бұлар оның негізгі құралдары. Қалған түсініктер мен ұғымдар әділдік үшін жау және жат. Сонымен қатар, неге әділдікке қарағанда күшке сүйену жиі кездеседі? Өйткені әділдік жолы ауыр, оны табу қиын. Біреулердің ақылы жетпесе, басқалардың мүмкіндіктері мен шыдамдылығы жетпеуі әділ шешімнің аяқ асты қалуына себеп болып жатады. Әділдік адамнан үлкен жауапкершілікті, тыңғылықты

жұмысты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстанымдылықты, көрегенділікті талап етеді.

Тағы бір маңызды ерекшелік мынада: Күш қолданыс барысында әдіс-тәсіл таңдамайды. Осы жағынан жоғарыда айтылғандай, ол өзінің қолдану шеңберін барынша кеңейткен. Бірақ, күштің өмірі шексіз емес. Ол өзінен әлді күш алдында дәрменсіз. Яғни, Күш құбылыс ретінде ішкі қарама-қайшылыққа толы. Ал Әділдік – ол жоғары құндылық. Әділдік арқылы шешілген шешім соңғы және жалғыз. Әділдіктің екеу болуы мүмкін емес. Сол себепті Әділдіктің өмірі де шексіз. Әділдік – жоғары рухани сезім.

Дей тұра, Әділдікті орнату барысында жоғарыда айтылған күш қажетті құрал болуы әбден мүмкін. Және де, осы тұрғыда бұл шара заңды. Ол келтірілген айыптардың дәлелденген жағдайында түрлі жазалау әдістерінде кең қолданылатыны анық.

Тұрақсыздықтар туралы айтқан кезде оның негіздері туралы айтылуы тиіс. Жалпы ол мына негізгі үш негізде пайда болуы мүмкін: әлеуметтік мүдделер, экономикалық мүдделер және саяси (идеологиялық) мүдделер. Жіктеп көрелік.

Әлеуметтік негізде пайда болатын тұрақсыздық жөнінде жоғарыда айттық. Ол адамдардың бірінші кезектегі мұқтаждықтарының орындалмауынан пайда болатын жағдай. Оның ішінде: денсаулық сақтау, баспана жоқтығы, табыстың күнделікті шығындарға жетпеуі, білім алуда шектелуі сияқты басқа да қажеттіліктер. Бұл орайда азаматтар талабы ешқандай саяси немесе экономикалық мүдделерге негізделмейді, тек қана бірінші қажеттіліктер орындалуы – басты себеп.

Біздің ел жағдайында дәл осы себептер бойынша тұрақсыздықтар ошағы жөнінде сөз қозғауға болады. Және де бұны қоғам топтар да, билік тарапы да жақсы біледі және түсінеді.

Ал жалпы айтар болсақ, біздің түсінігімізде **Әлеуметтік тұрғыда адам үшін әділеттілік мынада болуы тиіс: әр адам өзінің бүгінгі өмірін кешегісіне лайық сүруі тиіс, ал ертеңгісін – бүгінгісіне лайық.** Осы, адамның ішкі дүниесінен ұйя тапқан заңды қағиданың орындалмауы адам мен адам арасында, қоғам ішінде түсініспеушіліктің пайда болуына алып келері анық.

Мемлекеттік саясаттың ұтқырлығы мен ұтымдылығы да осы әділдіктің елде кең етек жаюында. Тек осы жоғары құндылықты қамтамасыз ету арқылы ғана мемлекет ел ішіндегі өзіне деген толық сенімді қалыптастыра алады.

Ал екінші **экономикалық мүдделер негіздеріне** келер болсақ. Бұл тұрғыда біздің ел әлі толық пісіп жетілген деп айту қиын. Экономикалық мүдделер негіздегі тұрақсыздықтың тәжірибесін біз басымыздан толыққанды өткердік деп те айта алмаймыз. Бірақ, қазіргі кезде бұндай қатер мүмкіндіктері толық байқалуда. Өйткені, 90-шы жылдар басынан бері елде экономикалық тұрғыда қуатты біршама топ қалыптасты. Олардың күшеюімен бірге сұраныстары да күшейе түсуде. Бүгінгі күні олар арасында экономикалық ресурстарға талас орын алып отырғандығын аңғару қиын емес. Дегенмен, олардың бұндай бас көтерулері қатаң саяси басқару басымдылығының арқасында қандай-да бір

үлкен жан-жалдың болмауына әкеліп отыр. Сонымен қатар, бұл уақытша жағдай екені түсінікті. Себебі ертеңгі күні саяси жағдайлар өзгеруіне байланысты түрлі саяси топтар артында тұрған экономикалық қуатты тұлғалар арасында меншіктерге талас пайда болуы ықтимал. Бұған қосымша себеп – кезінде осы меншіктерді жекешелендіру барысында мүмкін орын алған әділетсіздіктер.

Саяси немесе идеологиялық мүдделер негізіндегі тұрақсыздық мәселесіне келсек, мұндағы жағдай әлде қайда күрделі, бірақ сонымен бірге неғұрлым түсінікті. Елде саяси негізде айтарлықтай тұрақсыздық туғызатын қандай да бір себептер байқалмайды. Соңғы нағыз саяси теке-тірестер елімізде 90-шы жылдардың басында ғана байқалды. Ол кездегі қарсыластықтар шын мәнісіндегі саяси, тамырлы идеологиялық мәселелерге байланысты болған. Елдің келешек дамуын айшықтау үшін түрлі арнадағы саяси қозғалыстар қызу сайысқа түсіп, көрініс тапқан.

Қазіргі кезде Қазақстан саяси арнасында саяси көзқарастары мен ағымдары нақты айшықталған әсерлі күш көру қиын. Қоғам арасында қызмет атқарып жүрген күштердің наразылықтары саяси мәселелерден көрі экономикалық және әлеуметтік немесе тіпті эмоционалды сипатта. Сонымен, елде саяси даму мәселесі бойынша теке-тіреске негіз боларлық тыңғылықты жағдай әлі толыққанды қалыптаспаған деуге болады. Мәселен, елде саяси даму арналары бойынша (социал-демократия, либерализм, консерватизм сияқты) кәсіби деңгейде пікірсайыс түгелі, нақты ой-ұсыныстар да айшықталмаған. Сол себепті де, біз бүгінгі ел саяси тәжірибесінде саяси күштердің бір идеологиялық арнадан екіншіге аутқуын немесе екі «бір қазанда сорпасы қайнамайтын» бағыттағы ұйымдардың «қандай-да бір мүдде» негізінде одақ құрып жатқандығын жиі кездестіреміз.

Сонымен бірге, саяси тұрақсыздық негіздері ретінде таза саяси мәселеден басқа, әртүрлі себептер болатынын естен шығармаған абзал.

Әділеттілік пен Заңдылық мемлекет үшін кезек күттірмейтін дүние. Елде орын алған әр заңсыз шешім, әділетсіз әрекет халық арасында наразылық көңіл-күйді күшейтуге үлкен әсер береді. Мемлекеттен көңілі қалған халық не көшеге шығады, не болмаса (ең қауіптісі) өзінің әдісін өзіне қолдана бастайды... Екінші жағдайдың салдары ел үшін өте қауіпті және оны түзеу үшін бір емес, бірнеше буынның өмірі керек. Бүгінгі елде жемқорлықтың барынша асқынып кеткені де осының бір көрінісі болса керек.

Сөзсіз, әділдік әр ортада, әр шешімде, әр жеке қатынаста орын алуы ұзақ та қиын жол. Әділдік түсінігін қағазда бекіту мүмкін емес шығар, ол көптеген жазылмаған қоғам арасында орнаған мәдени, дәстүрлі қалыптасқан дүниелер арқылы көрініс табатыны хақ. Сонымен бірге, біз мемлекет құру барысында әр мәселені осындай әділ жолмен шешу үшін Конституция, заңдар қабылдаған жоқпыз ба? Рас, өз заманында бабаларымыз жазбасыз ережелер бойынша өмір сүрген, бірақ сол кездің өзінде ол әділ шешім қабылдауға кедергі болмаған шығар. Сондықтан да, ол кездегі адамға діннің әсері зор болған. Адамдар дін арқылы жоғары және әділ шешімге тоқтаған. Ал қазір ше? Қазір зайырлы мем-

лекет құрамыз деп, діннен де алшақтадық. Бірақ әділеттілікті аңсаған адамдар әлі де аз емес. Бүгінгі біздің елде неше түрлі дәстүрімізге жат секта-дінбіз дейтін ұйымдардың кең етек жайғаны да осы болса керек. Олай болса, әділдікті ту еткен зайырлы ел боламыз десек, заңның мәртебесін күшейту хақ. Басқаша болса, жаңағы келімсектер (дінсымақ, үйреткіш үкіметтік емес ұйымдар сымақ) бас көтеріп, ел ішінде іріткі салары, сөйтіп қоғамды айықпайтын жан-жалға салу қатері әбден мүмкін.

Қайталап айтсақ, әділдік әр ортада, әр шешімде, әр жеке қатынаста орын алуы ұзақ та қиын жол екені түсінікті. Алайда, мемлекет органдары тарапынан (оның ішінде барлық деңгейдегі қызметкерлер тарапынан) қабылданған әрбір заңсыз, әділетсіз шешім жалпы мемлекеттік биліктің атына зор нұқсан келтіріп, мемлекеттіліктің негізіне балта шапқандай жаппай шектіретіні айдан анық.

Ал қазіргі заманда мемлекеттік деңгейде әділеттілікті тек заң қамтамасыз ете алады. Олай болса, заңның мызғымай орындалуын, әділдіктің сақталуын қадағалау кезек күттірмейтін аса маңызды мемлекеттік мәселе.

Жастарды әлеуметтендіру процесінің идеялық-құндылықтық мазмұны

Зейінәбіл АЙДАРБЕКОВ,
ҚР Президенті Мұрағаты директорының орынбасары,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Ерекше әлеуметтік топ болып есептелетін жастардың негізгі мазмұнды ерекшеліктерінің теориялық анықтамасы, әдетте олардың әлеуметтік нормаларды игеру процесін бөліп алып қарауды қажет етеді. Шын мәнінде, адамда әлеуметтену процесі жүреді, яғни ол қартайғанға дейін өмір бойы көпжақты әлеуметтік нормаларды және мәдени құндылықтарды, әлеуметтік тәжірибе формаларын игереді. Сонымен бір мезгілде белсенді әлеуметтену процесі де үстемдік етеді. Осы кезеңнің сапалық шекарасы адамның репродуктивті жасқа келуі болып табылады. Бұл кезеңде жастар да әлеуметтік үлгілер мен нормаларды игеру процесіне белсенді түрде қатысады.

Тұлғалық даму ретіндегі әлеуметтік жүйеде де, қоғамның тұрақты дамуында да ерекше рөл жеке тұлғаның қоғамға интеграциялануы процесі ретіндегі табысты әлеуметтену мүмкіндігін қамтамасыз ететін институттарға берілген. Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтену адамның әлеуметтік мәнінің қалыптасуы, оның қоғамдық қатынастар жүйесіне енуі, оның қоғамдық өмірдің субъектісі қатарындағы қалыптасу процесі ретінде айқындалады. Әлеуметтенуді «жеке тұлғаның қоғамның объективтік әлеміне немесе оның кейбір бөлігіне жан-жақты және біртіндеп енуі ретінде белгілеуге болады» [1]. Әлеуметтенудің процестері әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қанағаттанарлық ақиқаттардың өзгерістеріне жауап беретін нормалардың регулятивті қызметінде, тәртіп стереотиптерінің, иерархия мен дәстүрлердің, салттардың, білімдер мен нышандардың әлеуметтік танылған ұрпақтан ұрпаққа берілетін жеке тұлғаның интернализациялануына немесе әлеуметтенуіне байланысты болады. Осылайша, тұлғаның меншікке айналуы мынадай екі векторды қамтиды: *сабақтастық* – алдыңғы өткен мәдени тәжірибені игеру және *даму* – жаңа әлеуметтік үйренудің жаңа стратегияларын игеру, инновациялылық.

Әрбір қоғамда және де әрбір әлеуметтік топта дәстүрлер мен инновациялардың арақатынасында ерекше тип бар. Мысалы, Қазақстанда жастардың арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың мәліметтері бойынша [2], қазақ жастарының 91,2 %-і, өздерінің ұлттық дәстүрлерін «өте жақсы білетіндігін», ал қазақ жастары арасындағы респонденттердің 52,8 %-і «өз халқының дәстүрлерін мұқият сақтауға тырысатындығын» атап көрсетті. Басқа этникалық топтарда бұл көрсеткіш 38,4 %-і құрады. Сонымен қатар қазақстандық жастар қазіргі өмірдің ырғағына теңбе-тең нормативтік-құндылық кешенін белсенді және жеткілікті деңгейде тиімді игеруде. Біздің елдегі жастардың әлеуметтену процестерінде жанжалды болғанымен

бірақ антогонистік асқақтаған емес, дәстүрлер мен инновациялардың құндылық қатынастарының қалыптастырылған типі белгіленуде. Батыс елдерінде өзінің табиғи иерархиясы бар отбасының тоқырауы белең алғандығы туралы және оның зардабынан ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтардың берілу бірізділігінің бұзылып жатқандығы белсенді талқылануда. Бір жағынан, өзіндік мәдени дәстүрлердің, діннің, ұлттың және отбасының белгілі бір құндылық мазмұнының сақталуы, жаңа мәдени формалардан алшақтауы барысында генерация аралық мәдениет тасымалының механизациялануына, «бірізді, келешекке ұмтылған» (project identity) сияқты мәдени өзіндік қалпының пайда болуының мүмкін еместігіне және қоғамның жалпы алғанда қайта құрылуына бағытталғандығына әкеледі (Мануэль Кастельс).

Осыған байланысты «Әзірбайжандағы жастардың жағдайы» туралы 2007 жылғы талдау есебінде келтірілген сараптау бағалары мен деректерін келтіруге болады. Бұл жерде, атап айтқанда, қазіргі заманғы әзірбайжан жастары өкілдерінің басым көпшілігі ерекше менталитетке иеміз деп есептейді. Бірақ, оның ерекшелендіретін сипаттарын атай отырып, олар істің мәнісі бойынша дәстүрлі қоғамның мәдениетіне тән – ата-анаға, үлкендерге, этномәдени дәстүрлерлерге және салттарға, басым құндылықтар мен нормаларға құрмет сияқты сипаттамаларды қайталайды. Жастардың өздерінің пікірі бойынша, мұндай бағдарлар өз кезегінде жағымды да жағымсыз да салдарларға әкеп соқтырады, жастар оларды «өзін тұлға ретінде сезінуден қорқу», «өзінің әлеуметтік мәртебесін жоғалтып алудан қорқу» арқылы үлкендердің айтқанымен жүру сияқты сипаттармен көрсетеді. Ата-ана қамқорлығы мен олардың ықпалына бағынудың гипертрофирленген формалары жастардың өздерінің өмірлік жолын айқындайтын өз бетінше шешім қабылдауды тоқтатып, «бұл жөнінде үлкендерден нұсқаулар күтеді». Күшті туыстық байланыстардың болуы, отбасының берік ынтымағы бір жағынан күрделі өмірлік жағдайларда өмір сүріп кетуге кепілдік береді, «әлеуметтік саясаттың орнын басады», «әлеуметтік қорғалғандық сезімін береді», жастар қылмысының көлемін азайтады. Басқа жағынан, катал отбасылық тәртіп «үлкендердің мамандық таңдауда, отбасын құруда, балалардың туылуында және т. б. шексіз қысым жасауы» қаупінен тұрады. Бірақ олардың өздері белгілеген әлеуметтендірудің дәстүрлі типіндегі «негативтерді» жастардың көпшілігі мұны «осылай қабылданған» дей отырып, қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Осылайша, «құндылық диссонансының мүмкіндігі танылады: өз дәстүрлері күшті дамыған қоғамның өкілі ретінде, әзірбайжан жастарының өкілі тәртіптің дәстүрлі модельдерін сақтауға қажетті өз өмірінің регулятивті ерекшеліктерінің барлығына түсіністікпен қарайды» [3].

Әлеуметтендіру көп жағдайда жеке тұлғаның болашағы мен оның қоғамға енуінің табыстылығын ғана емес, сонымен қатар өмір сүру қабілеттілігін, дамуын, қоғамның өзінің жаңаруын анықтайды. Қазіргі Қазақстанның жастары қандай құндылықтарды, қағидаларды, идеалдарды қабылдайды, қайсысын қабылдамайды – жастардың әлеуметтенуі мен аға ұрпақпен қатынасының үйлесімділігінің басты мәселесі осы.

Әлеуметтенудің типтері, формалары және мазмұны түрлі негіздемелер бойынша қоғамның типі бойынша архаикалық, касталық, корпоративтік-сословиелік; мәдениетінің түрі бойынша мономәдениетті, полимәдениетті; өмір сүрудің әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес саяси, экономикалық, кәсіби, құқықтық, танымдық және т. б. болып анықталады. Әлеуметтену тұжырымдамасы *нормативтік-теориялық* тұжырымдама болып табылады. Әлеуметтендірудің зерттеуінде

осы және басқа қоғамдағы нақты қызмет ететін әлеуметтенудің нормативтік модельдері айқындалуы тиіс, сонымен сәйкес «эталондық» сипаттары мен осы аталған әлеуметтік органның көзқарасы бойынша «айнымалы» көрсеткіштер сипаттамалары да анықталады. Әлеуметтенудің идеалды-нормативті және девиантты түрлерінің арасындағы айырмашылық қатаң белгіленуі мүмкін және қоғамның өзінің сипатына қарай өзгермелі болуы мүмкін. Адам қоғамын К. Леви-Строс «суық» және «ыстық» деп екі типке бөледі. Суық қоғамдарда әлеуметтендіру нормалары мен оның табысты болуының көрсеткіштеріне әдетте, баламалы мүмкіндіктерге арналған кеңістіктер қалдырмастан әлеуметтік стратификациялық топтар мен қоғамды толығымен алғанда әрқайсысына қатаң белгіленеді. «Ыстық» қоғамдарда нормативтік-құндылық көріністері түрлене байқалады, автономия және қоғамдастықтағы интеграциялану түрін тұлғаның өзі еркін таңдай алу көріністерін қамтиды. А. И. Ковалева «Әлеуметтендіру тәжірибесінің қазіргі таңдағы қоғамдағы үлкен ала-құлалығы әлеуметтендірудің нақты шекараларын кеңейтеді, оның сыртқы учасқтарын күшейтеді, оның эмприкалық фиксациясын киналтады» [4], – деп көрсетеді. Норма мен ауытқушылықтың шекаралары тұрақсыз әрі сенімсіз болады. Олардың көрсеткіштері мәдениеттің нормативтік-құндылық кешенінде белгіленетін дәстүрлі талаптары аясынан оның аморфтылығымен, солқылдақтығымен, өзгергіштігімен және т. б. қоғамдық пікір арқылы тәртіп пен сананы ауызша реттеу саласына ауысады.

Одан басқа, әлеуметтік қолданатын, тиімді, қолайлы, шыдамды, талқыланатын көрсеткіштер жалпы негіздегі қоғамдағы бірыңғайлылығынан айрылады, кәсіби, жыныстық-жастық, этномәдениеттік, конфессиональды және т. б. ұқсастық модельдері мен жалпылықтарында жүйелі социумдық құрылымдар саласында беріледі. Топтық ынтымақтастықтың байланысы адамның тұлғалық қалыптасуында күшті әсерін тигізеді. Мұнда әлеуметтендірудің институционалды формалары дағдарысқа ұшырайды. Ресей әлеуметтанушылары жүргізген сауалнамада оқушылар мектептің олардың көзқарасы мен өмірлік ұстанымына және танымдық-құндылық бағыттарына тигізетін әсеріне өте төмен баға берді: 82 %-і олардың этикалық идеалдарының қалыптасуындағы мектептің ролін жоққа шығарады, соншасы олардың өмір танымын қалыптастыруға мектептің қатысы бар деп есептейді; 87 %-і мектеп олардың кәсіп таңдауында ешқандай роль атқармады деп көрсетті [5].

Өзіне өзі берілген адам, әсіресе, жас адам, көбінесе қорғансыз, бағыт-бағдарсыз болып қалады және күйзелістің аз-ақ алдында болады. Кеңес беретін топтардың болмауы және олардың нормаларынан, құндылықтарынан және стандарттарынан тысқары қалу адамды моральдық жалғыздық пен оқшаулануға әкеледі. «Топтық байланысы жоқ адам, сауытсыз тасбақамен тең» [6], – деп жазады К. Манхейм. Мұнда асоциалды және антисоциалды мәні бойынша топтардың ғана (қылмыстық қоғамдастықтар, секталар), сонымен қатар жастар топтарына қатысты «бөтен» топтарға да қатысты тәртіп нормалары мен модельдері саналы түрде және айқын көрсете отырып, қарама қарсы қойылуы мүмкін. Егер «өз араңда» өтірік, алдау, агрессивтілік, жанжалшылдық, шыдамсыздық, мәртебелік иерархияда жоғары тұрғандарға бағынбау және т. б. жол берілмейтін болса, онда басқаларға қатысты қарым-қатынастар да осы тұрғыда міндетті түрде болып қалыптасады. Мұндай тектегі жасөспірімнің «жетілмеген және бас білдірілмеген менталитеті» (К. Манхейм) ересек адамның таным құрылымына өтуі мүмкін.

Әлеуметтендіру процестерінде жеке тұлғаның қалыптасуына қоғамның бақыланатын және саналы түрде бағытталатын әсер ету жүйесін ғана есепке алмай,

сонымен қатар әлеуметтік ықпалдың латентті жолдарын, әлеуметтік нормаларды игерудің үзілісті формаларын есепке алу қажет. Қоғамның радикалды әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени қайтақұрылымдары нақты трансформациялар мен әлеуметтендірілген нормаларға әкеледі. Біріншіден, әлеуметтендірудің мақсаты мен бағыты ретінде тұлғаның нормативтік-идеалдық типі туралы ұғым өзгереді. Екіншіден, әлеуметтендірілудің механизмдері, формалары, институционалдық жүйелері өзгереді.

Өз мәні бойынша әлеуметтендірілу жеке тұлғаның өсуі, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуының табиғи процестеріне байланысты бара-бар дағдарыстарды еңсеру процесі болып табылады. Егер бұл дағдарыстарды жеңу мүмкін болмаса, әлеуметтендіру процесінде игере алмасақ, онда ауытқушы әлеуметтендірілумен байланысты боламыз. Бұл жағдайда адам үшін әлеуметтік ұқсастыққа деген қалауына қол жеткізе алмаушылық пайда болады, бұл қатынастардың ретсіздіктерін туындатады, қоғаммен, әлеуметтік топпен, өзімен арадағы жанжалдарға жол береді. Трансформация кезеңін бастан кешіп жатқан казакстандық қоғамда әлеуметтік рольдер мен қызметтерді дербес, реттелмеген таңдау кеңістігі кеңейді, бұл өз кезегінде жастардың әлеуметтендірілуіне теріс ықпалын тигізді. Өмірлік перспективалар мен әлеуметтендірілген нормалардың көптірлілігі сонымен бір мезгілде белгісіздікке айналып кетеді. Басқа жағынан алғанда, А. И. Ковалева көрсетіп отырғандай, мұндай типтегі қоғамда «қоғамдық өмірдегі жастардың толыққанды қатысуына арналған жеткілікті жағдайларға социум ие болмаса, әлеуметтендіру процесінің тоқтатылу масштабы кеңейеді» [7]. Мұндай қоғамда жас адамдардың өзі қалаған мамандығы бойынша сапалы білім алуына әлеуметтік кепілдіктер барынша төмендейді, жұмысқа орналасуы қиындайды.

Әлеуметтендіру процесіне индивид ерте балалық шағынан кіреді. Әлеуметтендірудің бастапқы негізгі кезеңінде әлеуметтік мәдени маңыздылықтар әлемін, құндылықтарды, нормаларды, нышандарды, талаптарды, тыйымдарды, ескертулерді, себептерді, қалыптарды, интерпретацияларды және т. б. игеру – сияқты интернализациялардың басымдылығы болады. Бұл кезеңнің негізгі ролін отбасы бастапқы әлеуметтендірудің басты және іс жүзінде жалғыз агенті ретінде атқарады. Отбасы мүшелері мотивациялық, когнитивті, құндылық, мағыналылық және т. б. сызбалар арқылы берілетін жеке қабылдауымен ортасын көркейтетін индивид пен әлеуметтік әлемнің арасындағы делдалдар ретіндегі «маңызды басқалар» (Дж. Г. Мид) болып көрінеді. «Бала маңызды басқалардың ролі мен қалыптарын қабылдап алады, яғни оларды жеке өзінікі етіп алады да, оларды интернализациялайды» [8]. Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері тұлғаның бойында өшпес із қалдырады. Бастапқы әлеуметтендірілу кезеңінде бала ата-ана әлемін жалпы әлемнің жалпылығы ретінде игереді. Әрине бастапқы әлеуметтендірудің кезеңіне қатысты оның механикалық, біржақты сипаты туралы айтуға болмайды. Тұлғаның ерте кезеңіндегі ұқсастық тұлғалылығының қалыптасу барысында құндылықтар мен нормалардың қарама-қарсы жүйелері мысалы, атан-аналар мен құрдастар әлемі сияқты баламалы әлемдер қалыптасып қалады. Мұндай қалыптасулар нәтижесінде пайда болатын жанжалды жағдайлар (психологтар балалардың құрдастарымен араласуы ересектермен араласуына қарағанда сапалы өзгешеліктерге ие екендігін атап көрсетеді) бастапқы әлеуметтендірілу процестерін түпнұсқа драматизммен толтырады.

Әлеуметтендірілудің екінші кезеңі индивидтің әлеуметтік субъектілігінің қалыптасу міндетін шешеді. «Маңызды», «ықпалды» басқаның ролін нақты инди-

видтер ғана емес, персоналданған, «жалпыланған басқа» – әлеуметтік топ немесе қоғам толығымен орындайды. Бұл өтпелі кезең объективті қарама-қайшылық болып табылады, шешуші дәрежедегі екінші әлеуметтендірілудің табыстылығы балалық шақтағы отбасылық ортаның әсерімен қалыптасқан бұрынғы нормативтік-құндылық кешені мен қоғамның индивидке қоятын тұлғасыз, анонимді нормалар мен талаптары кешенінің ұйқастырылуымен байланысты болады. Психологтар ата-аналармен психологиялық жақындастық дәрежесі жасөспірім кезеңде күрт төмендейтіндігін атап көрсетеді. Мұның себебі, әлеуметтендірілудің бастапқы кезеңінде ересектер ойын ережелеріне еріксіз көндіреді, бала интернализациялайтын ерекше әлем көптеген мүмкін болатын әлемнің бірі ретінде емес, жалғыз іс жүзіндегі әлем болып көрінеді. Бұл әлемнің өзіндік «әлеуметтік орналасуы» (шаруа немесе бизнесмен әлемі, астана немесе шалғай ауыл тұрғыны, түпкілікті тұрғындар мен иммигранттар және т. б.) болатындығын сезіну индивидтің дүниетанымдық қалыптарын – «субъективті ақиқаттың» радикалды трансформациясына әкеледі.

Индивидтің танымында қорытындыланған басқаның инстанциясын қалыптастыру – нәтижесінде «объективті және субъективті ақиқаттар арасындағы симметриялық байланыс орнатылатын» [9] әлеуметтендірілудің шешуші фазасы. Объективті және субъективті ақиқаттар арасындағы симметриялар, келісудің жоғары деңгейін П. Бергер және Т. Лукман «табысты әлеуметтендірілумен» бірдей деп бағалайды, ал бұл ақиқаттардың асимметриясы «табыссыз әлеуметтендірілу» нәтижесі сияқты жіктеледі. Бұл жерде әлеуметтендірілудің – ақиқаттың екі типі – толық симметриясы мен толық ассиметриясы – екі полюсі эмпирикалық тұрғыдан мүмкін емес. «Табыссыз әлеуметтендірілгендердің» маргиналды топтарында әлеуметтік ақиқаттың «контр-анықтамасы» мен осындай анықтамалардағы «контр-ұқсастығын» жүзеге асыратын әлеуметтендірудің жеке және баламалы процестері жіберілуі мүмкін. Негізгі мәселе осы немесе басқа индивидтің әлеуметтендірілу процесінің «өмірбаяндық кездейсоқтығына» байланысты болмайды, бірақ табыссыз әлеуметтендірілудің құрылымдық берілген потенциалының нақты берілген қоғамда болуы көрінеді. К. Манхейм «Қоғамның рухани ахуалы толығымен алғанда индивид үшін төзуге болмайтын шиеленісушіліктің қайнар көзі болуы мүмкін» деп көрсетеді [10].

А. И. Ковалева көрсеткендей, Ресей қоғамының реформалануы жастардың табысты әлеуметтендірілу, әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілу ережелерінің жиынтығы эталондарының өзгерістерін шарттап берді. Ол кеңестік әлеуметтендірілу моделімен салыстырғандағы ресей жастарының әлеуметтендірілу моделінің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- әлеуметтендірілудің негізгі институттарының трансформациясы;
- әлеуметтік регуляцияның құндылық-нормативтік механизмінің деформациясы және әлеуметтік бақылаудың жаңа жүйесінің қалыптасуы;
- ұйымдастырылған және стихиялы әлеуметтендіру процестерінің дисбалансы және олардың стихиялық жағына ауысуы;
- қалыптасып келе жатқан тұлғаның автономиясын кеңейту жағында қоғамдық және жеке мүдделер арақатынасының және адамның өз қайраткерлігі, шығармашылығы және бастамасына арналған кеңістіктердің өзгерістері [11].

Қазақстан қоғамының трансформациясы процесінің көптеген ерекшеліктерінің бірі ұрпақтардың құндылық қактығыстары болып табылады. Бұл қактығыс алдыңғы өткен тарихи дәуірлердің әрқайсысында болған «әкелер мен балалардың»

қактығысымен салыстырғанда ерекше сипаттар қатарына ие. Қазіргі қактығыс аға ұрпақтың рухани мұрасын мұрагерлерге беру іс жүзінде жүзеге асырылмай отырғандығымен сипатталады. Жаңа ұрпақтың әлеуметтенуі құндылық бағдарлары мен құндылық иерархиясының радикалды өзгерістері көлеңкесінде өтіп жатыр. Сонымен қатар, әлеуметтенудің өз типінің де өзгерістерге ұшырап жатқандығын атап өтуге болады. М. Вебердің терминдерінде бұл өзгерісті әлеуметтендірілудің құндылық-рационалды типінен максатты рационалды түріне өту ретінде белгілеуге болады: «әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі, қоғамдық құндылық бағдарларының ауысуы құндылық бағдарларын туындату механизмі үйренісу механизмдеріне жол бере отырып, жетекші роль атқарудан қалатындығына әкеп соқтырады» [12].

Жастардың әлеуметтендірілуінің бұрынғы кеңестік моделі индивидтердің әлеуметтік өмір әрекетіне интеграциялану мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін бірізділенген нормативтіліктің; тең старттық мүмкіндіктердің; әлеуметтік-экономикалық және саяси-идеологиялық механизмдердің, институттардың, жағдайлардың, кепілдіктердің болуы сияқты сипатты қырларымен ерекшеленеді. Аға ұрпақ білім мен дағдының, икемділік пен технологиялардың, ал жас ұрпақ үлкендердің жинақтаған мәдени-тарихи тәжірибесін оның маңыздылығы мен қажеттілігіне күмән тудырмастан игеретін тасымалдаушысы болды. Қазіргі жағдай әлеуметтік өмірдің типінің өзінің өзгерісімен анықталады. Жаңа әлеуметтік-экономикалық қағидаларға көшу индивидтерге жаңа өмірлік дағдылар мен әлеуметтік тәртіптің құндылық-нормативтік қалыптарды игеруді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дамудың алдыңғы кезеңіндегі жеткілікті табысты өмірлік стратегияларды құру мен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдылардан бас тартуды талап етеді. Бірақ бұл негіздемеде «ұғымдар мен дағдылардың жаңа жағдайларында қолданылмайтын жүктен іс жүзінде толығымен бостандықтағы қажеттіліктен бас тарту», сияқты жастардың алдында әлеуметтік талаптың радикалды қайта құрулардың проблемасы жастар алдында жоқ деп үзілді-кесілді қорытынды жасауға болмайды [13].

Қазіргі жастардың бастапқы әлеуметтенуі «жаңа жағдайларға тиімсіз, қолайсыз», құндылық бағдарлары мен сенімдерде өскен қазақстандық ұрпаққа жататын әкелер мен шешелердің ықпалымен өтті. Сондықтан қазіргі заманғы жастардың менталитетінде өткен ұрпаққа тән көптеген әлеуметтік-типтік сипаттар қалыптасқан. Бұл ресей социологтарының жүргізген сауалнамаларының деректерінде көрсетілгендей, сұрау салынғандардың жартысы өмірге деген көзқарасына сай олар ата-аналарынан айырмашылықтары жоқ деп есептейтіндігін жоққа шығармайды [14]. Осыған байланысты ұрпақаралық жанжалдар мен қарама-қайшылықтардың проблемасына менталитеттің *номикалық құрылымының* бастапқы әлеуметтенуі немесе индивидтің ресоциализация проблемасының нәтижесінде пайда болған «демонстраж» күрделі проблемасының арасындағы үзіліссіз байланысқан түрі пайда болады.

А.И. Ковалеваның пікірінше, сектордың тарылуы мен мемлекеттік әлеуметтендіру институттарының кеңестік дәуірдегі жастардың әлеуметтену процестерінің кезеңіндегі ролінің азаюының жалпы көріністері астарында өмір сүрудің жоғары деңгейде түрленуі, материалдық жағдайдың деңгейіне, қоғамдық ресурстарға қол жеткізудің және т. б. дифференциясына байланысты көлденең және тігінен спектрінің кеңеюімен анықталады. Процестердің өзгерістер динамикасының тікелей қарама-қарсы бағасын (іс жүзіндегі сол негіздемелерде) Л.Е. Кесельман мен М.Г. Мацкевич береді. Олардың пікірінше, «әлеуметтенген

лағ» қоғамның бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден басқасына өту барысында қоғамның жеделдетілген трансформациясы кезеңінде белгілі деңгейде тарылады [15]. Әлеуметтік үйренісу, карьералық өсу, сапалы білім алу, жұмысқа орналасу және т. б. сияқты көптеген мүмкіндіктер «алтын жастар» өкілдерінің ғана қол жеткізе алатын нақты ақиқаттарына айналады. Субъективті тандалған ұсқастық субъектінің әлеуметтік-құрылымдық жағдайына қарама-қарсылыққа енуі, фантастикалық, орындалмайтын жобаға айналуы мүмкін. Мен-ұсқастықтың тым жоғары көтерілген өлшемі ауыр эмоционалды, рухани-танымдық дағдарысқа ұшыратуы мүмкін.

К. Манхейм статистикалық немесе баяу өзгеріске ұшырайтын дәстүрлі қоғамдар ең бастысы, жастардың жасырын мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қарсыласа отырып, аға ұрпақтың тәжірибесіне сүйенеді деп белгілейді. Білім қалыптасқан әлеуметтік-мәдени үлгілердің, құндылықтар мен нормаларды қайта жасау мен қайталау әдістері дәстүрлерін беруге шоғырландырылған. Динамикалық қоғамдар ең бастысы, жылдам өзгертін немесе сапалы жаңа жағдайларға бейімделу үшін жастармен ынтымақтасуға сүйенеді. Қазіргі заманғы Қазақстан, әлемдік қоғамдастықтың көптеген елдері сияқты, К. Леви-Стростын жіктеуіне сүйенсек, қоғамның ыстық, тіпті «қайнап кеткен», типіне жатады. Сондықтан жастардың әлеуметтік құрылымдарына интеграциялану проблемасы көзсіз тыңдау мен талқыламайтын конформизм тәрбиесі арқылы емес, тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жаңа қоғамдық максаттар мен идеалдарды қалыптастыру мен оған қызмет ету үшін пайдалану мәселесі күн тәртібінде тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. — М.: Медиум, 1995. — С. 212.
2. Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи (социологический анализ): монография. — Алматы: БАУР, 2005. — С. 151 - 152.
3. Положение молодежи в Азербайджане. Аналитический отчет 2007. — Баку: Khatt Research, 2007. — 85 с.
4. Ковалева А.И. Концепция социализации молодежи: нормы, отклонения, социализационная траектория // Социологические исследования. — 2003. — № 1. — С. 110.
5. Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи (социологический анализ): монография. — С. 140.
6. Манхейм К. Диагноз нашего времени. — М.: Юрист, 1994. — С. 499.
7. Ковалева А.И. Концепция социализации молодежи: нормы, отклонения, социализационная траектория. — С. 112.
8. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. — С. 214.
9. Там же. — С. 217 - 218.
10. Манхейм К. Диагноз нашего времени. — С. 493.
11. Ковалева А.И. Концепция социализации молодежи: нормы, отклонения, социализационная траектория. — С. 114.
12. Гаврилюк В.В., Трикоз Н.А. Динамика ценностных ориентаций в период социальной трансформации (поколенный подход) // Социологические исследования. — 2002. — № 1. — С. 98.
13. Кесельман Л. Е., Мацкевич М. Г. Межпоколенческий сдвиг индивидуального оптимизма / пессимизма в современном российском обществе // Журнал социологии и социальной антропологии. — 1998. — Том 1, выпуск 2 / [http:// ihtik.lib.ru](http://ihtik.lib.ru).
14. См.: Карпунин О.И. Молодежь России: особенности социализации и самоопределения // Социологические исследования, 2000. — № 3. — С. 125.
15. Кесельман Л. Е., Мацкевич М. Г. Межпоколенческий сдвиг индивидуального оптимизма / пессимизма в современном российском обществе.

Бұқара мен биліктің байланысы: жаңа көзқарастар мен пікір алуандығы

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАҚ менеджменті және
жарнама кафедрасының доценті

Демократиялық қоғамға ұмтылған Қазақстан билігі мен қоғам арасында да байланыс орнатудың жаңа замандық үлгісі өмірге батыл еніп келеді. Оның нәтижесі биліктің халыққа жақындай түсуі, әр азаматтың көкейіндегі мұң-мұқтажын айқындау мүддесінен туындаса, ал халық барынша қоғамның қажетті бөлігі ретінде өзін бір табан болса да билікке жақындай түсуін сезіне алады.

Қазақстандық билік пен бұқара арасындағы, билік пен БАҚ арасындағы және БАҚ пен бұқара арасындағы байланыстардың сипаты мен даму бағыттары жайында жүргізілген сараптамалық зерттеулерден байқалатыны бұл үрдіс әзірге даму үстінде екендігін, көпшілік жағдайда аталған институттар арасындағы үйлесімді жетілдіру механизмдерінің қажеттілігі аталады. Сондай-ақ, сарапшылар қатарында БАҚ, саяси институт пен тәуелсіз қоғамдық ұйым өкілдері бар екендігін ескерсек, зерттеу нәтижелері барынша объективті бағасын алады деп сенуге болады [1].

Сарапшыларға ұсынылған алғашқы сұрақ еліміздегі және жаһандық деңгейдегі саяси хабарлардың сипаты мен қазақстандық электрондық БАҚ-тың жаңалықтар қызметін басқа елдердікімен салыстырғанда қандай деңгейде екендігі туралы.

«ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясының саяси шолушысы Данияр Сейсенбаев: Өзге елдерде болып, олардағы электронды БАҚ-тың жұмысын көзбен көрмегендіктен салыстыра алмаймын. Десек те, «Рейтер», «Ассошейтед пресс» сынды агенттіктердің жұмысынан хабарым бар. Кейбіреулері жерге құлаған метеорит туралы ол көрінген сәттен және жерге соқтығысқан кезге дейін 2 хабар жіберіп үлгерген. Бұндай жылдамдықпен салыстырғанда біздің агенттіктер мен радио-телевидение үшін жылдамдық қажет секілді.

ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері Нұрлан Сейдін:

Еліміздегі және жаһандық деңгейдегі саяси хабарлар өзіне тән ерекшеліктері және өз деңгейі бар. Қазақстан елдің дамуына қатысты бірнеше бағытта маңызды реформалар жүргізуде, сол себепті елде болып жатқан оң өзгерістер, реформаларды жүргізудегі кедергілер мен қоғамның жанаруындағы маңызды мәселелерді маман ретінде қадағалап отыру және осы үрдістерге қатысты жасалған тұжырымдарды тыңдау өте қызықты.

«Мәдениет майданы» Қоғамдық бірлестігінің Бас директоры Ерлан Имбергенов:

Жұмыс бабымен электронды акпарат құралдарындағы жаңалықтармен жұмыс істеуге тура келеді, яғни Интернеттегі жаңалықтар. Біздегі жаңалықтар сайты саяси боямаланған әрі акпаратты дайын күйінде аламыз. Бул сайттардың негізінен саяси реңкі басым келеді. Әр елдің өз акпарат саясаты бар. Мысалы, ағылшындық, америкалық, ресейлік және т.б. Ол елдерде бұл нарық анағұрлым дамыған. Электронды жаңалықтар саны өте көп. Ресейде болып өткен оқиғаларды объективті бағалай алатын электронды акпарат құралдары бар. Ондағы сайттардың 50% астамында акпараттардың 70-80% объективті болғандықтан оларды біздегі акпаратпен салыстыруға, сараптауға тура келеді. Егер мен ресейлік сайттардан акпарат алсам, онда 80% объективті деп санауға болады. Бізде жағдай керісінше. Билік не оппозициялық сарында болып келеді. Ол сайттардан акпарат алу үшін мәліметтерді салыстырып отыру керек. Егер де сол оқиға ішінде өзім аралассам, онда проблема қиындай түседі. Өйткені саяси боямаланбаған акпаратты алу өте қиын. Баспасөзді айтпағанның өзінде, электронды БАҚ-та объективті болғанымен, минимум боямаланған жаңалықтар алуға болады.

Қазақстандағы бұқаралық акпарат құралдарының саяси акпарат таратудағы, жариялаудағы орнын қалайша бағалайсыз сұрағына сарапшылардың жауаптарында пікірлердің қиыспауы мен әр алуан келуі де олардың қоғамда ұстанған саяси позицияларынан деуге болады.

«Басқасы-басқа, бірақ біздің БАҚ саяси хабарларды «кәсіби» түрде жасайды. Оған өзін қалай сеніп қалғаныңды білмей қаласың», - деп жауап қатады журналист Д. Сейсенбаев. Ал саяси зерттеу институтының қызметкері Н. Сейдіннің: «Қазақстандағы Бұқаралық акпарат құралдарының саяси акпарат таратудағы, жариялаудағы орнын ерекше бағалаймын. Қазақстан өтпелі кезеңді бастан кешіріп отырған мемлекет, көп нәрсе жаңа-жаңа қалыптасып келеді. Сол себептен бүгінгі күннің ерекшеліктері мен талаптарын ескерсек, қарқыны жаман емес», - деп жауап қатуында оның позициясының ұстамдылығы мен пікір саликалығы және оптимистік сенім басым келеді.

Жас саясаткерлер арасында өткір ойлары мен сыни көзқарастарымен ерекшеленіп жүрген қоғамдық ұйым өкілі Е. Ембергеновтің «Биліктің төртінші бұтағы саналатын бұқаралық акпарат құралдары біз өмір сүріп жатқан авторитарлық режимді ескерсек, шын мәнінде бұқаралық акпарат құралдары билік бақылауында тарапында. Әрине, оппозициялық сипаттағы санаулы баспасөзді атауға болады. Оларды тіпті есепке алуға да келмейді. Газет, журнал, теле және радиолардың көпшілігі мемлекет бақылауында болғандықтан, негізінде акпаратты жариялауда сол билікке тиімді позицияны ұстанады. Бұл саяси боямаланған акпараттар әр қашан билікке тиімді болады деп ойлаймын. Міне, біздің елдегі жағдай шын мәнінде осындай. Бұл шындығында басқару формасына байланысты. Көптеген конференциялар, саммиттер, еуразиялық форумдар жүргізіліп жатқан демократиялық реформалардан бізде осы үрдіс. Әрине сөз бостандығы мен цензура мәселесін шатастыруға болмайды. Сөз бостандығын бергенмен адам құқы мәселелері туындайды. Режим қандай болса, оның салдары да сондай болмақ», - деген пікірі оппонеттеріне қарағанда қарама-қайшылығымен ерекшеледі.

«Еліміздегі билік, саяси институттары, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен бұқара арасындағы байланысты қалай сипаттайсыз?» сауалы сарапшыларға ұсынылған сұрақтар ішінде ең қызу талқыға түскені.

Журналист Д. Сейсенбаевтың: «Билік пен саяси партияның қатынасы бір деңгейде болса, қоғамдық қозғалыстар мен бұқара олардан төмен жатқандай әсер қалдырады. Арасындағы үйлесім жетіспейді. Қоғамдық қозғалыстар өз деңгейіндегі бұқара үшін ғана қызмет етсе, билік саяси партия алдында ғана жауапты секілді», - деген көзқарасы саяси қызметкер Н. Сейдіннің: «Еліміздегі билік, саяси институттары, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен бұқара арасындағы байланыс әлі де тығыз емес. Бұқара халықпен байланыс көп жағдайда сайлау және т.б. науқандар барысында жалпы сипат алғанымен әлі жүйелілік жоқ», - деген тұжырымымен астарласып жатыр. Екі азаматтың да көзқарастары бойынша елдегі билік пен бұқараның, арадағы аралық топтардың қызметтерін жандандыратын реттеуші жүйенің қажеттігі мен үйлестіруші механизмнің жетілдірілуін айғақтайды.

Ал қоғамдық өкіл Е. Ембергенов аталған институттар өзара байланыста екендігі даусыз әрі елдегі тәуелсіздікті айқындайды атап өтеді. Сарапшының пікірі былай жалғасады. Дегенмен азаматтық қоғамды айқындайтын тәуелсіздікке жете қойған жоқ. Шешімді өздері шығара алатындай дәрежеге жеткен жоқ. Саяси институттар өзара тығыз байланыста деуге болады. Қазақстанның саяси партияларының бірігуі саяси партиялар аланқайындағы үлкен өзгерістерге әкелді. Яғни үлкен монолиттер пайда бола бастады. Дегенмен, менің ойымша, бұл саясатта көпекөрнеулік сияқты. Авторитарлық режимнің сипаты неде? Ол өзін қоршаған орта алдында ақталғысы келеді. Мысалы, Қазақстан имиджі жобасын айтуға болады. Бұл абсолютті дұрыс жүзеге асқан жоба деуге келеді. Мысалы, Швейцария дегенде нақты сағат уақыты, бейтарап аймақ пен банк еске оралады. Ал Қазақстан дегенде Байқоңыр, мұнай қатарласа жүретіні белгілі. Міне, осының өзі де жеткілікті. Сосын Қазақстанның Еуроқауіпсіздік одағына төрағалық етуі. Шын мәнінде, Қазақстан демократиялық тұрғыдан алғанда дамушы ел екендігін таныта алатын жобалар бар. Алғашында бұқаралық акпарат құралдарында «Қазсат» имидждік жоба деген пікірлер айтылып қалды. Шынында, нақты пайда әкелген жобаның бірі осы – «Қазсат» деп санаймын. Бұл нақты экономикалық жетістік. Қазақстанның космостық держава клубына енуі. Өте пайдалы функция. Өйткені қазіргі заманда акпараттық технология дәуірінде мұндай қадам маңызды саналмақ. Өзірге инновациялық бағыттағы өте қажет саналатын әрі санаулы деген жобаның бірі осы деп санаймын. Әлемнің жетекші елдерімен салыстырғанда әлі де біздің еліміздегі тұрғындар саны көп деуге келмейді. Қорды шоғырландырып отыратын... Яғни экономикалық орнықты орнымызды табуымыз қажет. Бірақ бастысы ұмыт қалып жататын жайлар кездеседі. Имидж жасау, яғни көріну үшін жасалып жатады. Біздің басты байлығымыз – адам деген ізгілік ойларын жасырмайды.

Сарапшы елдегі саяси партиялар жайын былайша сипаттайды. Бізде ресми түрде екі партия лагері қалыптасу үрдісі жүруде. Биліктегілердің бірлескен «Нұротан» партиясы мен Жармахан Тұяқбайдың жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы. Көптеген саясаттанушылар мен сарапшылар күнделікті жұмыста осы партияларлардың қызметі жайында пікір айтып жатады. Әрі олар саяси партиялардың бірігуі көрер көзге ғана екендігін түсінеді. Ұсақ партиялар,

тіпті оппозициялық партиялардың жеке бас камын көздейтіні байқалып қалады. Тіркелген, тіпті тіркелмеген де партиялардың, биліктің не болмаса оппозициялық партиялардың басшылармен кездесу барысында олардың әр қайсысының өзіндік мүдделерін көздейтіндігін байқағаным. Осындай тенденцияның байқалып отырғаны шындық. Әрбір азамат партияның мақсаты неде дегенге билік үшін күрес дер еді. Саясаттанушы ретінде айтарым, саяси партиялардың стратегиясы мен көздеген мақсаты – билік. Партиялар қоғамдық ынталандыруға, жұмылдыруға қызмет етуі керек. Яғни олар азаматтық қоғам дамуына ықпал етуі тиіс. Олар жаңа тенденциялар енгізуі керек. Біздегі партиялар жеке басының билігі үшін және жеке мүдесі үшін құрылған. Біздің жүйенің өзі осылай құрылған. Азаматтық қоғам болмай, дамымай, тіпті 40 партия құрылса да одан пайда болмайды. Бірақ бұны Президент билігінен деп санайтындармен келіспеймін. Мен өз басым Н. Назарбаевтың билігін қолдаймын. Билік басына кез келген уақытта сол дәуірдің талабына сай басшы келеді. Яғни Германияға кезінде билікке Гитлер келсе, Кеңестер Одағының басына Ленин, ал Италияға Муссолини, Үндістанға билікке халқын басқара алған Ганди және т.б. келді. Сондықтан ... қандай билік болмасын уақытының дәуірінің қажеттілігінен туындайды. Елбасына сын да айтылып жатады. Бірақ біз үшін тұрақтылықтың бірден бір кепілі – Н.Назарбаев болып қала бермек. Мәселенің төркіні экономикалық дамуға тікелей байланысты. Экономикалық проблемалардың шешімін таппастан, саяси шешім жайлы айту мүмкін де емес. Оның үстіне экономика қашан да саясаттан басым болған.

Қазақстан қоғамында ықпалды элита топтарының саяси өмірдегі позициялары мен алатын орындары ерекше. Сарапшыларға ұсынылған сұрақтары қатарында осы топтардың қоғамға тигізер ықпалымен қатар билік пен бұқара арасындағы байланыстарды реттеудегі рөлі де маңызды саналады.

Д. Сейсенбаевтың айтуынша, бұл арада әлі де үйлесім аздық етсе, Н. Сейдиннің топшылауынша, Қазақстандағы элита топтары мен билік, элита топтары мен бұқара арасындағы байланыс, жоғарыда атап өткендей әр алуан, жүйелілік жоқ. Азғантай ғана элита билікке тұтастай тәуелді, оларды билік ұйырықша иіруде. Ал элита топтары мен бұқара арасындағы байланыста мүлде жоқтың қасы әр қайсысы өздерінше өмір сүруде. Болашақ жөніндегі көзқарастары да екі бөлек.

ҰЕҰ өкілі Е.Ембергенов авторитарлық режимде қашан да билікке ықпал ететін шағын топтардың болатыны анық деп санайды. Осы топтарды шартты түрде үшке бөлуге болады. Бірінші топта билік басындағыларды айтуға болады. Ол президент және саясат пен бизнестегі туыстары деуге болады. Екінші топтағыларда билік қатарындағылар. Олар президент қамқорында болып, тәрбиесін көрген, оқыған, қызметі өсіп, мансабы артқан азаматтар. Олардың қатарында Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов, бұрынғы Парламент сенатының спикері Нұртай Әбіқаев және т.б. атауға болады. Жоғарыда аталған саясаткерлерді алдыңғы қатардағылар деуге келеді. Олар елбасы маңындағы ең жақын да сенімді саясаткерлер. Келесі топтағылар - экономикалық жағынан тәуелсіз болса да билікке етене жақын. Машкевич тобы, яғни еуроазиялық төрттік тобы. Бұл топтағылар президентке туыс та не тағайындалған тұлғалар да болып келмейді. Өз бизнестері, бизнестегі табыстары есебінен экономикалық ықпалды тұлғалар. Қандай болмасын экономикалық саладағы саясатта өз позициялары бекем топ деуге болады. Қазір Президент экономикалық тұрғыдан алғанда қуатты да ықпалды негіз дайын-

дауда. Мемлекеттік бюджеттен Ұлттық Қордың құрылуын айтуға болады. Яғни Парламенттің бұл қорды бақылау мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, «Самұрық», «Қазына» сияқты тек Президентке ғана есеп беретін холдингтер құрылды. Келесі, Парламенттің министрлер кабинетін бақылай алуына мүмкіндіктер берілуі «Нұротан» партиясының Парламенттегі функциясын айқындаса керек.

Қазақстандық БАҚ нарығындағы медиа-холдингтердің пайда болуы қоғамымызға қызу дебатқа айналып, түрлі мамандар тарапынан кейде алаңдаушылық, кейде коолдаушылық пікірлер айтылып жатқаны рас. Осы медиахолдингтер ақпараттық саясатқа не береді, не беруі тиіс деген сауалдың туындауы да заңды болса керек. Журналист Д.Сейсенбаевтың пайымдауынша, холдингтер әлдебіреулердің қолындағы мықты қаруға айналып, өзге біреудің абыройы мен беделін жан-жақтан түсіру үшін жұмыс істейтін секілді. Ал Н. Сейдин өз көзқарасында қазақстандық БАҚ нарығындағы медиа-холдингтердің пайда болуы қоғамымызға берерінен келтіретін кедергілері көп деген позицияда. Медиахолдингтер сөз бостандығын шектейді, тәуелсіз БАҚ дамуын тежейді және бәсекелестік жоғалады, қоғамға белгілі бір топтың көзқарасын таңады, қаржы топтары арасындағы карама-қайшылықтардан елде тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін деген қауіпін жасырмайды.

Қазақстандағы БАҚ пен билік арасындағы қарым-қатынас деңгейін қалай бағалауға болады? Екеуара үйлесім – БАҚ көтерген мәселеге қатысты биліктің қимылдауынан көрінетінін ескерсек, қазіргі БАҚ-тың нәтижесіз істері ол үйлесімнің жоқтығын көрсетеді. Дей тұрсақ та, бұл бағытта он өзгерістер бар секілді.

Саясаттанушы Н.Сейдиннің пікірінше, Қазақстандағы БАҚ пен билік арасындағы қарым-қатынас деңгейі аға мен інінің арасындағы қарым-қатынасына ұқсайды. Көп жағдайда елдегі БАҚ билікке тәуелді топтардың меншігінде және солардың сойылын соғуда. Тәуелсіз БАҚ бірен-саран және олардың қызметіне түрлі кедергілер ұйымдастырылуда.

Еліміздегі БАҚ-тың саяси оқиғаларда жариялаудағы объективтілік деңгейі журналист Д.Сейсенбаевтың сараптауынша, басылымның немесе электронды БАҚ-тың ұстанған позициясына қарай саяси оқиғалардың «объективтілігі» өзгеріп отырады дейді.

Ал саяси қызметкер Н.Сейдиннің позициясында бірқатар сындар айтылады және ол БАҚ-тың саяси оқиғаларда жариялаудағы объективтілік деңгейі әлі де төмендеу, жаңалықтарды немесе қандайда бір оқиғаны әр кім өзіне ыңғайлы форматта таратқанды және одан мүмкіндігінше пайда табуды көздейді деген ұстанымда.

Жастар ұйымының өкілі Е.Ембергенов ақпаратты дайын жаңалық, дайын шаблон түрінде алатынын атап өтті. Дегенмен объективті ақпарат беретін мерзімді басылымдар, Интернет сайттары аз болса да бар. Объективтілік деңгейі дегеннің өзі қызық мәселе. Журналист ақпарат бергенде қашан да өз ойын беруге тырысады. Артық жазылған бір сөздің өзі оқиғаның өңін өзгерте алады. Журналист қаншалықты ақпаратты объективті боямасыз жазғысы келгенімен, сол ақпаратты ойлау, қабылдау қабілетіне қарай жазады. Саяси көзқарас тұрғысынан алғанда саяси ақпараттың өзі объективті саналмайды. Саясатқа қатыссыз ақпарат, мысалы, криминал не спорт, сән немесе мәдениет жайлы ақпараттар боямасыз берілуі әбден

мүмкін. Яғни бізде мықты идеология, тіпті де идеология жоқ деген көзқарасын білдіреді жас саясаткер.

Еліміздегі саяси сайлау процесіне БАҚ өкілі Д.Сейсенбаев аса сенбейтінін және көзбояушылық екендігін баса айтады.

Сайлау үрдісінде біраз кемшіліктердің бары жасырын емес, бірақ біраз ауыз толтырып айтуға тұрарлық жетістіктерге қол жеткізгеніміз баршаға аян. 15 жылдан астам уақыт аралығында еліміздің дамуы үшін аса маңызды бірнеше сайлау өткізіп біраз тәжірибе жинақтадық, сайлауға қатысты заңдар да түзеліп келеді.

Саясаткер Е.Ембергеновтің ойынша, әділ сайлау болған емес. Мәселе оның қаншалықты қажеттігінде әрі ойынның сахнаның артында шешілуінде. Билікке келуі тиіс үміткерлер келуде. Олар кімдер және қалай басқарады? Азаматтық қоғам дамуы мен демократияның дамуы тұрғысынан алғанда әділ сайлау бірде бір рет өткен емес. Нәтижесінде бәрі де разы деп ойлаймын. Барлығы да қалағандарына қол жеткізді деуге болады.

Электронды сайлау жүйесіне сарапшылардың сенімі біркелкі емес. Мәселен, БАҚ өкілі Д.Сейсенбаев «жекепікірім – сенбеймін», – деп жауап қатқан.

Жас саясаттанушы Н.Сейдін бұл жүйенің қызметін дұрыс ұйымдастыра білсе, тиімді екендігіне сенімді. Оның ойынша, электронды сайлау жүйесі заман талабы, сондықтан зайырлы, бәсекеге қабілетті, инновациялық дамыған мемлекеттер қатарына қосылуда электронды сайлау жүйесін дамытуымыз қажет. Оны халыққа түсінікті етіп жеткізетін болса, одан тиімдісі жоқ.

ҰЕҰ өкілі Е.Ембергенов электронды сайлау жүйесінің тиімділігін әлемдік тәжірибе мысалында дәлелдейді. Еуропа елдері, тіпті Америкада да бұл жүйені қажет санамайды әрі демократиялық дамыған елдер саналатын елдерде қағаз бюллетендерін пайдалану өнімді әрі прогрессивті саналады дейді. Электронды дауыс беруді пайдалану жаналық болып саналмайды әрі бүкіл әлемге Қазақстан дамыған ел және жаңа әдістеме – электронды сайлау жүйесін қолдануда деп таныту. Мәселен, электронды дауыс беру үшін жасалған «Сайлау» аппараты сайлауға бірнеше ай қалғанда Белоруссияда жасалған. Әлемде прогрессивті түрде электронды сайлау жүйесін пайдаланылады деп атап көрсетілді. Бұл абсолютті объективті ақпарат деп санамаймын. Не үшін қажет болғанын түсінбеймін. Мәліметтер ағынын тудыру үшін деп ойлаймын.

Соңғы уақытта «электронды демократия», «электронды үкімет», «кибердемократия» ұғымдары пайда болды. Әлемнің дамыған елдеріндегідей Қазақстанда да «электронды үкімет» жобасы жүзеге асырылуда. Еліміздегі «электронды үкімет» жобасының бүгіні мен болашағына сарапшылар түрлі көзқарастарын білдіреді.

Журналист Д.Сейсенбаев: «Халық игілігі үшін» деген ұранмен атойлап істеліп жатқан шаруа – түштеп келгенде билік жұмысын жеңілдетуге арналғанын айтпауға болмас. Десек те оның алғашқы сатысынан өттік. Енді құжаттар мен бірқатар анықтамаларды электронды пошта арқылы алатын боламыз, бұл да жетістік десе, ал жас саясаткер Н.Сейдін «Электронды үкімет» жобасының болашағына үлкен сеніммен қараймын, егер жоба жоспарланған күйде толық іске асып, жаңа бас талып жатқан әкімшілік реформа өз нәтижесін беретін болса халықтың өмірінің сапасы артатыны сөзсіз», – деген пікірде.

Қоғамдық ұйым өкілі Е.Ембергеновтің бұл жоба жайында көзқарасында оптимистік сарын басым. Жобаның идеясы шын мәнінде өте құптарлық. Дамыған

елдерде бұл өте жақсы өте жақсы дамыған сала. Бұл жобадан байқалатыны имидж қуу, тіпті имидж де емес, әсер қалдыру үшін жүзеге асқандығы байқалады. Біз өзімізді өте бай державамыз, мұнайлы елміз деп таныта аламыз. Сол үшін де біз осы жобаны жүзеге асырдық әрі өзімізді көрсете алуымыз қажет. Бұл жоба ең аз дегенде халықтың 40% Интернет желісіне қосылғанда ғана жүзеге асуы тиіс. Ал бізде Интернет құрылымы дами қоймаған сала. Алдымен, қызмет көрсету нарығында бір ғана «Қазтелеком» монополия болып отыр. Осыған байланысты Интернет бағасы әлі де жоғары. Тіпті қызметтегі адамдардың өзі бүкіләлемдік желіге қосылуда қалтасын шамалайды. Жалпы, бұл жобаны қолдаймын. Объективті өте үлкен пайда әкелетін жоба. Шын мәнінде, адамдар қажетіне пайдасы тиіс. Осылайша сарапшылар пікір арасында аса алшықтық байқалмайды және олар жобаның болашағына үлкен сеніммен қарайды.

Еліміздегі БАҚ-тағы саяси коммуникацияның тиімділігін арттыруда сарапшылар ұсынған кепілдемелер жоғарыда айтылған пікірлердің түйіндемесе ретінде санауға болады. Сарапшылар бірауыздан хабарлар жылдамдығын арттыру мен таратылатын ақпарат бен қарастырылатын мәселе объективті, өзекті және тың болуы шарт дегенге келіседі.

«Алдымен, жастарды қолдау керек. Олардың білім саласында жоғары деңгейге жетуі қажет әрі біздің қоғамдық бірлестік осы бағытта жұмыс істейді. Жастардың проблемасы қандай екені, қалай шешу керектігі бізге таныс. Мүмкіндігінше қоғамның басқа салаларына әсер ету серіппесі ретінде проблеманы қалай шешу керектігін ойластыруға болады», – деп сұхбатқа шақырылған жастармен жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктің өкілі Е.Ембергенов кепілдемелермен қатар біршама жастар саясатына өзіндік көзқарастарын білдіруді жөн санайды.

Сарапшылардың атап өткеніндей, билік пен бұқараның байланысы арасындағы әдістерді жетілдіру уақыт талабы. Бүгінде билік пен бұқара арасындағы байланыстардың Президент, Парламент, саяси партиялар, саяси қозғалыстар, саяси зерттеу, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты институттар мен саяси сайлау, бүкілхалықтық референдум үдерістері сияқты аралық топтардың қызметін жетілдіру технологиялары мүлдем жаңа сипат алып отыр.

Сондай әдістердің бірі электронды байланыс болуы заңды да. Соңғы жылдары дамыған әлем елдерінің озық технологиялар саласындағы жетістіктері мен прогрессивті қадамдары билік пен қоғам арасындағы байланыстың жаңаша инновациялық форматтарын дүниеге әкелді. Десек те билік тарапынан электронды демократия орнатудың көптеген проблемалары күн тәртібінде тұрады. Ал көне замандардан, Демокрит дәуірінен билікті қарапайым халықтың бақылай, қадағалай алуы жайлы демократиялық құндылықтар қашан да қай заманда болмасын шешімі табылмаған күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Әлем елдерінде биліктің қоғаммен байланысында ең үздік үлгісі мынау дерліктей дайын моделі жоқ. Бұл әр елдің, әр ұлттың, әрбір халықтың мәдениетінің, салты-ғұрпы мен рухани құндылықтарының ерекшеліктеріне және олардың ешбір қайталанбаласа даралығынан туындаса керек.

Дегенмен өте көптеген этностар мен топтар, билік пен бұқара, партиялар мен қозғалыстар арасындағы күрделі саяси алаңқайда қашан да мүдделердің тең тоғыспасы анық. Қазақстан қоғамындағы билік пен БАҚ арасындағы байланыста елдегі саяси реформаларды модернизациялау кезеңімен дамуда. Яғни бұл билік

пен БАҚ арасындағы байланыс жолдарының үздіксіз айналымда болатындығын айқындайды. Және де биліктің Президент, Парламент институттары, арадағы саяси партиялар мен топтар, саяси элита мен күштер арасындағы осынау тынымсыз да үздіксіз, жылдам да кедергісіз байланыстарды жүзеге асыратын қуатты құрал - бұқаралық ақпарат құралдары болып калмақ.

Осы орайда Президент пен Парламенттің коммуникациялық стратегияларының сауатты да кәсіби түрде жүзеге асуы, бұқарамен байланыстағы тікелей байланыс көпірі – БАҚ-тың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануы айқындалды. Елбасының журналистерге сұхбаты, бұқарамен Интернет-конференция арқылы байланысуы, Президенттің сайлау алдындағы тікелей эфирге шығуы, қазақстандық БАҚ-тардағы апталық шоулар мен басылымдардағы арнайы Парламентке арналған айдар мен беттердің болуы, электронды үкімет жобасының жүзеге асуы осыған дәлел [2].

Ақпараттардың алмағайып түсіп, қоғам өміріндегі оқиғаларды жария етуде биліктің мүддесіне немесе медиамагнаттар мен элиталық топтардың мүдделеріне төселіп төсеніп жастық болмастын шын да ақиқат ақпаратты тарата алатын БАҚ-тың болуы бұқара халықтың осынау ақпараттар ағынында саяси сауаты, саяси мәдениеті артуына, көкірек көзі ояу, ел тағдырына сергек қарайтын түйсік сезімдерінің жетілуіне сеп болары сөзсіз.

Өкінішітісі, ақпарат алаңында ірі медиахолдингтердің пайда болуы көбінде осы жағдаймен кереғар түсіп жататыны да рас. Бұл қазақстандық масс-медианың өмірінде орын алған шындыққа айналуға.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Автордың тәуелсіз сараптамалық зерттеулерінен, ақпан-наурыз, 2007.
2. Н.Назарбаевтың қазақстандық телеарналардағы авторлық бағдарлама жүргізушілерімен сұхбаты // Жаңа Қазақстан – ұлттың ұлы идеясы. Егемен Қазақстан, 10 сәуір, 2007; ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Интернет-конференциясы, Егемен Қазақстан, 8 маусым, 2007; Үкіметтік www.e-gov.kz сайты.

Толеранттық: оның бастау алуы және қазіргі заман

(Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тәжірибесі бойынша)

Шыңғысбек СҰЛТАНБЕКОВ,
Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институтының ізденушісі

Өздеріңізге белгілі, қазақтардың дәстүрлі баспанасы - киіз үйдің шаңырағы қисынды әдет-ғұрыпқа негізделіп жасалған. Егемен Қазақстанның мемлекеттік елтаңбасында шаңырақтың бейнеленуі – ата-бабаларымыздың ежелгі дәстүрлерінің құндылығының қазіргі заманға да толық көшуінің айғағы. Қазақстан егемен елге айналған өткен жылдар ішінде ұлыстардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсарды. Қазақстан қоғамының құрылымы әртүрлі бола отырып, толығымен түсуде. Қазақстандағы ұлыстар: орыстар, белорустар, украиндар, ұйғырлар, немістер, курдтар, поляктар, корейлер, дүнгендер және т.б. елдің егемендік даму үдерісінде республика тұрғыны ретінде өзінің ұлттық және азаматтық қайталанбас сипатын сезінуде. Адамның құндылығының проблемасы байытылуда. Нәтижесінде әлемнің қалыптасқан келбеті және халықтың менталитеті жарактанған мәдениеттің мәтінімен үйлесуде.

Экуменизм. Бұл сөз ертедегі грек тілінде «ғаламшардағы жер» деген мағынаны білдіреді. Яғни, уақыт пен кеңістік туралы әртүрлі ұғым болғанына қарамастан, бір әлем, бір Құдай ғана бар. Қазіргі заманғы тілде экуменизм сөзінің төңірегінде әртүрлі түсінік пайда болды: діни немесе латын немесе славяндық тұрғыдағы түсінік пайда болды. Кейбіреулер экуменизмді ежелгі грек тілінде түсінуден әлі де танбауда, нағыз бауырластық, барлық монотеистік діндердің, тіпті ислам мен иудаизмді қоса алғанда, бірігуі деп пайымдауда. Тарихи өзгерістердің ықпалымен менталитеттің түрі де өзгереді. Өз мәдениетіміздің қайта түлеуі, өзге де мәдениеттердің ықпал етуінен қазақ халқының мәдениетінде әлемдік мәдениеттің жиынтық белгілері көрініс табады. Түрік суфизмі бойынша тарихшы экуменизм мәселесін былайша түйіндеді: дөңгелекті көз алдыңызға елестетіңіз: арбаның төрт дөңгелегі айналып, жол жүре отырып, қатар тұрған екі дөңгелегі ортадағы діңгек арқылы бір-біріне кезектесіп жақындайды. Діндер де нақ сондай. Олардың бір-біріне жақындасуы рухқа қарай жақындауы тәрізді жүзеге асады. Қазақстанның кең байтақ даласы халықтың күшін белсенді етіп, шоғырландырады. Осыған орай ежелгі жайлар мен қазіргі заманғы мән-жайлар үйлеседі.

Ұлттық-мәдени орталықтар (ҰМО) мәні жағынан үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғамның ұялары бола отырып, тұрғындардың өздерінің тарихи отанының ұлыстық түбірін жақынырақ білуге және қазақстандық отаншылдықты қалыптастыруға деген қажеттілігінен пайда болды. ҰМО-тардың және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінің логикалық жалғасы Астана қаласында

әлемдік діндердің екі Форумын өткізу болып табылады. Әдебиет, музыка, би, қолданбалы өнер түріндегі адамның мәдениеті өзінің дүниеге келуіне себепші болған ежелгі философия, дін сияқты жоғары рухқа негізделген ілімдерге борыштар. Мемлекеттік өмірде дін қоғамнан бөлінген деп саналғанымен, тұрмыста дін уақыттың мыңдаған жылдық тарихи кезеңінде адамның ұлттық өмір салтына оның органикалық құрамдас бөлігі ретінде енді.

Мемлекеттің «тірегі» көп болған сайын ол солгұрлым күшті, берік. Қазақстанның мұндай тіректері Германияда, Ресейде, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Түркияда, Грекияда, Польшада, Белорусьте, Украинада, Орталық Азияда, яғни диаспоралары Қазақстанда тұратын елдерде бар. Қазақстан Республикасына дамыған елдерден инвестициялардың көптеп құйылуына осы экономикалық байланыстардың одан әрі күшеюі үшін «байланыстырушы» көпір ретінде әрекет ететін тиісті ұлттық-мәдени орталықтардың да сіңірген еңбегі бар. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында өзара іс-әрекет жасаудың қалыптасқан түрлері, ынтымақтастықын түрлері бар. Азаматтық қоғамның институттары – алкалы органдар билікпен «дөңгелек үстелдер», пікірсайыстар, билік органдары мен жұртшылықтың үйлестіру кеңестері түрінде, яғни Қазақстан халқының кіші Ассамблеялары түрінде өздері ынтымақтастық жасауды қаласа, бұл – қажеттіліктен туындап отыр. Елімізде Қазақстан халқының Ассамблеясы – қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудың бірден-бір аспабы. Оның дәстүрлері негізінде қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарына қатысы бар, бірлескен шешімдер қабылданады. Барлық ұлттардың өкілдері - Қазақстан Республикасының азаматтары үшін келісім мен тұрақтылықтың іргетасы – бірыңғай азаматтық, аз ұлттардың өкілдерінің тең құқықтылығы, ұлысаралық топтасу және өзара тәуелділік.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігі, табандылығы тандану және мактаныш сезімін туғызады. Егемендіктің қалыптасу жылдарында оның перзенті - Қазақстан халқының Ассамблеясы әрқашан оның назарында болып, қолдауына ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстан халқының Ассамблеясына конституциялық органының мәртебесі берілуіне, оған елдің жоғары заң шығарушы органы – Парламентте өкілдік берілуіне байланысты қазақстандықтардың әлеуметтік тарихындағы, Қазақстан Республикасының тарихи жылнамасындағы жаңа кезең басталды.

Ежелгі қазақ жерінде әртүрлі этномәдениеттік және мемлекеттік саяси дәстүрлер, басқару, құқық жүйелері синтезделді. Өңірдің ежелгі халықтары саяси, экономикалық, мәдени үдерістерде маңызды роль атқарды. 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауда атап көрсетілгеніндей, «жалпыұлттық диалог және негізгі саяси күштердің бірігуі» Қазақстанның қазіргі кезеңіне тән ерекшеліктері болып табылады.

Бүгінгі таңда бұл мүмкіндік жүзеге асырылуда. Мынадай ауқымды міндеттер қойылды: экономиканың барлық салаларында біздің нақты және перспективалық бәсекелік артықшылықтарымызды айқындауымыз қажет. Мұның барлығы еліміздің жетістіктерге қол жеткізуіне, жаңа Қазақстанның орталық-азиялық өңірде және әлемдік қауымдастықта зор жетістіктерге, мүмкіндіктерге қол жеткізуіне игі ықпал етеді.

Ғалым С.М.Қасымов былай деп жазады: «Орталық Азияда, Түркістан қаласының аумағында тұратын барлық түркі тілдес халықтарды жақындастыруға, қатынастарын нығайтуға бағытталған шараларды жасауға қатысты мәселелердің

маңыздылығын ескеріп, Қазақстанда және Орталық Азияның басқа да елдерінде болған тарихи оқиғаларды еске түсіретін ескерткіш белгілерді, рәміздерді, тарихи құндылықтарды сақтау үшін іргелі құрылғы салу ұсынылады.» Бұл сақтау қоймасы өңірдегі елдердің жаңа, ортақ жетістіктерге жетуге дайын екенін айғақтайтын функцияны орындар еді, ал Орталық Азия елдерінің Президенттері символикалық кілттерді ұстаушылар болар еді.

Әлемдегі ең бәсекеге қабілетті елдер – саясатты кешенді түрде жасауға күш-жегерлерін жұмсайтын елдер. Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен мемлекеттік шешімдер қабылдау – еліміздің бәсекеге аса қабілетті 50 елдің қатарына кіруге бағытталған мақсаттар бойынша стратегиялық шешім қабылдау болып табылады.

Тұрғындардың кедей топтарына бағытталған экономика мен дамып келе жатқан экономиканы қолдауды үйлестіру өте маңызды. Жергілікті басқарудың барлық органдары үшін тұрғындардың табысы аз топтарына пайдалы болуы үшін инвестициялар тарту міндеті бар. Экономикалық өсу табыстың ұлғаюына кепілдік бермейді және тіпті дамудың экономикалық жобалары үшін баспаналары мен жұмыс орындары бұзылатын тұрғындардың табысы аз топтары соның салдарынан кедейленуі мүмкін. Мемлекеттік қаржы және жерлерді бөлу корпоративтік секторға арналады, ал жергілікті экономика кішігірім мемлекеттік қолдауға ие болады. Жергілікті басқару органдары мына мақсатта қуатты қалыптастыруы тиіс: жаңа инвестициялар тарту; жергілікті табысты көбейту, инфрақұрылымға және тұрғындардың ең кедей топтарына арналған инвестициялар бойынша көтермелеу; тұрғындардың табысы аз топтары қаражат ала алатын экономикалық жүйелерді ынталандыру.

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау Қорының Оңтүстік Қазақстандық филиалы село тұрғындарын кәсіпкерліктің негіздеріне үйрету, экономикалық жағынан белсенді тұрғындарды өз бизнесін жасауға және дамытуға тарту бойынша республикалық тендерді ұтып алған «ҚазАгроМаркетинг» АҚ-ның облыстық филиалымен бірлесе отырып, оралмандарға шағын несие алу бойынша кеңес береді. Биыл Оңтүстік Қазақстан облысында мини-технологиялар бойынша пилоттық жоба жасалады және кілем тоқу идеясы қаржылық қолдауға ие болуы мүмкін.

Мақта-тоқыма кластерін дамытуға қазақстандық іскер топтардың серіктесі болуға ниет білдірген фирмалардың тұсау кесер рәсімі өткізіледі (мысалы, итальяндық «МОТЕХ» компаниясы және т.б.). Салынатын мақта кластерінің іргетасының бірінші блогына «Ютекс» АҚ-ның «Мақта талшығынан жіп иіру» және «Дайын мақта мата трикотаж акжаймаларын шығаратын тігін-трикотаж өндірісі» жобалары, «Меланж» АҚ «Мақта маталарды және дайын тігін бұйымдарын өндіру» инвестициялық жобасы енеді. Аталған жобаларды жүзеге асыруда «Қазақ-орыс текстиль альянсы» Даму банкі елеулі роль атқарады. Қайта ұйымдастыруларға шағын және орта бизнес белсенді түрде қатыстырылды. Республика кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі нақ осы Оңтүстік Қазақстан облысының үлесіне тиеді. Осы салаға облыстың экономика мәселесімен айналысатын тұрғындарының үштен бір бөлігі тартылған.

Сарыағаш ауданында «Ауыл – бесігім менің» акциясы кезінде жиналған қаражаттар, сондай-ақ «Балауса» шаруа қожалығы аударған қаражаттар есебінен балабақшалар салынып, пайдалануға берілуде. Созақ ауданында кәсіпкерлер өз

ақшаларына мектептер салуда, оқу сыныптары қажеттінің барлығымен, тіпті компьютерлермен де жабдықталған, ал спорт залдары құралдармен жабдықталған, оқушылар мектептің киім үлгісімен қамтамасыз етіледі.

«Қазатомөнеркәсібі» Ұлттық атом компаниясының бөлімшелері Созақ ауданындағы Қыземшек кентінде зейнеткерлер мен мүгедек балаларға қолдау көрсетеді. Тағдыр тауқыметін тартып, мүгедек болған балаларға сыйлық беруді жоспарлаған әкімдіктерге «Бетпақдала» ЖШС БК, «Ақдала» кеніші, «Степное КБ» ЖШС көмек көрсетуде. «Қазатомөнеркәсібі - Демеу» ЖШС компаниясы Созақ ауданындағы кенттердің медициналық санитарлық бөлімдеріне жедел жәрдем көрсетуге арналған реанимобильдер алып, сыйға тартады. Облыста бірінші болып мүгедектерді сауықтыру орталығы ашылды. Оңтүстік Қазақстан облысында мүмкіндігі шектеулі, қамқорлыққа мұқтаж 70 мыңнан астам адам тұрады. Олар үшін ақпараттық залы, ЕФК, релаксация, арт-терапия, тренинг-класс, тігін шеберханасы, сумен сауықтыру кешені, бейнетехникасы, музыкалық аппараты, компьютерлері бар екі қабатты орталық салынды. Орталықтың салынуына «Корона» макарон фабрикасы, «Шымкентсыра», «Джей-ти-ай Централ Азия», «ПХОП», «ПетроКазахстан Ойл Продактс» мекемелері жәрдемдесті. МСО-ның клиенттері хатшы-референт, тігінші-пішуші, аспаз, сылап укалаушы, ЭЕМ-ның операторы мамандықтарын алып, ұлттық қолданбалы өнердің, бисероплетения, макраме техникасының ерекшеліктерін де игере алады. Оқыту және әлеуметтік-психологиялық тренингтер мүмкіндігі шектеулі адамдарға жеке еңбек қызметімен айналысуға мүмкіндік береді. Орталыққа облыс әкімінің атынан кондиционерлер берілді.

Облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы бастаған облыстық кәсіподақ көшбасшыларының бір тобы аудан басшылығымен, кәсіподақ активімен, жұмыс берушілермен кездесу үшін облыстағы аудандардың орталықтарына жиі шығып тұрады. Мақсат – ҚР-нің «Еңбек туралы» Заңының баптарын түсіндіріп, заңнама талаптарының сақталмауынан туындайтын проблемаларды зерттеу. Топтардың құрамында кәсіподақтардың салалық обкомдарының төрағалары, бастауыш кәсіподақ ұйымдарына консультация, тәжірибелік көмек беретін заңгерлер бар.

Өңірлік дамуда инвестициялардың ролі зор. Сыртқы ресурстардың жартысынан астамы тура шетелдік инвестициялар түрінде (ТШИ) жеке сектордан түседі. Алайда инвестициялардың республикалық көлемінің небәрі 1,2 пайызы ғана бірлескен кәсіпорындар, шетелдік фирмалар ашу үшін Оңтүстік Қазақстан облысына бөлінеді. Шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қызметкерлерінің тізім бойынша саны шамалы ғана көбейді (5,9 пайыздық тармаққа), ал Қазақстан бойынша көрсеткіш 22,6 пайыздық тармаққа көбейген еді. 2005 жылы шетелдік инвестициялардың көлемінің 55 пайызы кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының негізгі кәсіпорындарын қалыптастыруға жұмсалды және олардың облыстық көлемінің басым бөлігі (55,0 пайыз) Созақ ауданында. Түркістан қаласында (13,2 пайыз) игерілді. Шетелдік инвестициялардың болмауы мына фактіден аңғарылады. Басқа мемлекеттердің меншігі, заңды тұлғалары, азаматтары бар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардағы олардың үлес салмағы 0,5 пайызды құрайды (Қазақстан бойынша - 2,3 пайыз). Тиісінше Оңтүстік Қазақстан облысының шетелдік капиталының қатысуымен жұмыс істеп тұрған еліміздің кәсіпорындарының өнімдерді экспортқа шығарудағы үлесі 5,4 пайыздан 3,7 пайызға дейін төмендеді.

Қызылорда облысын дамыту Стратегиясын жүзеге асыру прогрессивті құрылымдық ілгерілеулердің негізінде өңірдегі бәсекеге қабілетті экономиканы құруға, теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық қуатты, экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аумақты әлеуметтік салада дамытуды қамтамасыз ететін құрылыс кластері, экономикалық субъектілердің ауқымды топтарын экономикалық үдерістерге туристік кластер, мұның өзі шағын және орта бизнесті ынталандыруға мүмкіндік береді; аумақтың инновациялық дамуы қамтамасыз етілген және адамдық дамудың көрсеткіштері жақсарды; тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға, диспропорционалдық өсудің келеңсіз көріністерін ауыздықтауға мүмкіндік беретін, тіршілік етуді қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылым жасалып, дамытылды.

Жұмыспен қамту бойынша Жамбыл облысының аудандарын бөліп қарағанда ауыл шаруашылығы басымдыққа ие болады. 1-кестеде Жамбыл облысының еңбек нарығының негізгі индикаторлары көрсетілген.

1-кесте. Жамбыл облысының еңбек нарығының негізгі индикаторлары, 2007ж.

	Экономикалық	Тұрғындардың экономикалық	Жұмыспен қамтылған тұрғындар, адам		Өз қалауымен жұмыспен қамтылған адам	Барлық жұмыссыздар, адам	Жұмыссыздық деңгейі, %	Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жасарлығына дағы)	Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	Тұрғындардың экономикалық жағы белсенді емес тігінің деңгейі, %
Жамбыл облысы (тұтас алғанда)		71,4					8,9	14,1	5,5	28,6
Қордай	54733	73,7	52023	19143	32880	2710	5,0	10,5	4,0	26,3
Мойынқұм	17335	77,8	16473	8112	8361	862	5,0	14,0	3,3	22,2
Шу	42764	66,9	39265	19315	19950	3499	8,2	6,7	3,8	33,1

Қазіргі әлемде параллель бағыттар – ғаламдану және еніп келе жатқан халықаралық бағыттарға байланысты ұлттық дәстүрлерді ұстанушылық байқалуда. Байланыстың жаңа техникалық құралдары, жаңа көлік құралдары және шекаралардан өту ережелері Қазақстан Республикасының түрлі ұлттар өкілдерінің азаматтарына отанымен байланысты үзбеге мүмкіндік береді.

Еліміздегі Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудың құралына айналуға, оның дәстүрлерімен қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарына қатысы бар мәселелер бойынша бірлескен шешімдер қабылданады. Қазақстан Республикасының түрлі ұлттар өкілдерінен тұратын азаматтары үшін келісім мен тұрақтылықтың іргетасы – бұл бірыңғай азаматтық, аз ұлттардың тең құқыққа ие болуы, ұлысаралық топтасу және өзара тәуелділік.

Қазақ зиялыларының жеке тұлғаны саясат субъектісі етіп қалыптастырудағы қоғамдық-саяси қызметі

Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА,
саяси ғылымдарының докторы

«Интеллигенция – ұлттық мүдденің шын жокшысына айналған әлеуметтік топ», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұйғарым жасағандай, мемлекеттік құрылымда жеке тұлғаны саясат субъектісі етіп қалыптастыруда қазақ зиялыларының озық идеяларға негізделген қоғамдық-саяси қызметінің маңызы орасан [1, 161-6]. Осы тұрғыдан алғанда «Барша ұлттың, түгелдей қоғамның ауыр дағдарысқа ұшырап, ел басына, жалпы халыққа өткенде үлкен қасірет пен зұлмат төнген шақтарда да, аңсаған арманы орындалып, масаттанған, жеңіске жетіп, шаттанған сәттерінде де, көш бастар қара нардай бар ауыртпалық пен пілдей салмақты абыроймен көтере алатын, дамудың сара жолымен адымдай түзу жүре білетін және ұлт мүддесін білдіре алатын, халық мұнын парасаттылықпен жете пайымдай білетін де ұлттың осындай зиялылары. Қазақ зиялыларының мәртебелі өз ұлттық мектебін өткен ғасырда (бұл жерде XIX ғ. – Т.Ә.) ғұлама Шокан, ұлағатты Ыбырай, данышпан Абай аталарымыз құрып кеткендігі бізге жете белгілі.

Тарихымыздың барлық қиын кезеңдерінде де қазақ зиялылары халық мақсаты үшін өз өмірлерін аямай, «малым жанымның садағасы, ал жаным арымның садағасы», - деген биік қағиданы ұстанған аса намысшыл өз ұлтымыздың нағыз абзал ұлдары екенін өткендегі қияметтей болған қиын өмір айғақтап, өзі танытты. Зиялыларымыздың таңдаулы өкілдері жаугершілік дәуірде ғибратты ұран сөздерімен қоса, айбынды қаруымен де елін қорғаса, Ресейдің боданы кезеңінде олардың шәкірттері ақыл-ойы мен өз білімін ұштастырып, елдікті сақтай білді [2, 33-6]. Бұл ретте XX ғ. басында қазақ қоғамында өріс алған демократиялық азаттық бағыттағы қоғамдық қозғалыстың көш бастаушыларының ерен еңбектері зор мәнге ие. Алаштың көрнекті жетекшілері - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқиев, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлихан Ермеков, Жақып Ақпаев, Халел Ғаббасов және т.б. ондаған қазақ зиялылары Петербург, Мәскеу, Қазан, Омбы, Орынбор және Варшаваның жоғары және орта оқу орындарын бітіріп шыққан, аса білімді адамдар еді. Олар туған халқының азаттығы жолында ондаған жылдар бойы (1905-1919 жж.) үздіксіз әрі табандылықпен күрес жүргізді. Қазақ зиялыларының басым көпшілігі оқу-ағарту ісімен де,

қазақ тілінде жарық көрген алғашқы басылымдарды шығарумен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен айналысып, қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты.

Ғасыр басында қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер өріс алды. Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың қарсыласу қозғалысы арта түсті. Осы кезеңде саяси тарих сахнасына қазақ қоғамы үшін дербес саяси-әлеуметтік күш қазақ зиялылары шығып, бұл қозғалысқа ұйымдасқан сипат беріп, оны жаңа сапалық деңгейге көтерді. Аталған кезде

«...Бас қосып киргизский интеллигент,

Біздерге халықтың қамын ойлау міндет», - деп М. Дулатов қазақ зиялыларын бірлесіп, ұлт азаттығы үшін күресуге үндеді [3].

Қазақ қоғамында өріс алған қазақ зиялыларының ұлттық-демократиялық қозғалысы орталық билік орындарына қазақ халқының атынан петициялар жазуынан, қазақ халқының мұқтаждықтарын талқылаған съездер өткізулерінен, саяси партия (қазақ конституциялық-демократиялық) құру әрекетінен, ұлттық басылымдар мен жинақтар шығаруларынан, сондай-ақ, Мемлекеттік Думаның қызметіне (қазақ зиялыларының сол кездегі арман-мүддесі көп жылдардан соң бүгінде Қазақстан Республикасының Парламенті жұмысының мысалында жүзеге асқанын көреміз – Т.Ә.) белсене атсалысуынан айқын көрінді. Нақ осы кезеңде А. Байтұрсынов, М. Дулатов тәрізді саяси ойшылдар қазақ елін «Қырық мысал», «Маса», «Оян қазақ!» сынды отты жинақтары арқылы серпілуге, азаттық үшін күресуге үндеді. 1909 жылы Уфа қаласында басылып шыққан М. Дулатовтың «Оян қазақ!» атты өлеңдер жинағындағы:

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым енді жату жарамасты», - деген жолдар шығарманың негізгі өзегі болып табылады [4]. Осы «Оян қазақпен» үндес тағы бір жинақ А. Байтұрсыновтың 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Масасы». Онда А. Байтұрсынов:

«...Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?», - деп қазақ халқын маса болып оятып бостандық жолындағы күреске шақырады [5]. Сонымен бірге қазақ зиялылары 1911 жылдан бастап шыға бастаған «Айқап» журналы және 1913 жылдан жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салу мен халықтың саясатқа деген ынтасын арттырумен айналысты.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының саяси тәуелсіздігі үшін ұлттық мемлекеттік құрылым құру қажеттігін дәлелдеп берді. Теңсіздік пен құқықсыздық орын алған қоғамда езілген ұлттар мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныстың қалыптасуы табиғи нәрсе болатын.

1917 жылғы Ресейдегі төңкерістерден кейін қазақ қоғамында жалпыұлттық мұраттарды жүзеге асыру жолындағы саяси күрес өріс алды. Қазақ зиялылары елдегі жаңа қоғамдық өзгерістерге белсене араласып, бүкіл қазақ жұртын негізгі мақсат – ұлттық бостандыққа жету үшін күреске жұмылдырды.

1917 жылғы шілдеде өткен І-ші Жалпықазақ съезінен кейін саяси ұйым

ретінде тұңғыш Алаш партиясы құрылды. Алаш жетекшілері қазақ елін отарлық езгіден азат етіп, ұлттық саяси дербестік алу және Қазақстанды өркениетті әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму жолына бастауды ұсынды.

1917 жылғы қарашада Қокан қаласында жарияланған Түркістан автономиясы өлкедегі ең өзекті мәселе – жергілікті халықтардың өзін-өзі билеу құқығын алға қойып, шешуге тырысқан саяси түзілім еді. Яғни, Түркістандағы қазақ жұртының саяси тәуелсіздікке ұмтылуының жарқын көрінісі болды. Ал, қазақ мемлекеттілігі туралы мәселені қараған желтоқсандағы ІІ-ші Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясы және Алашорда Ұлт Кеңесі құрылады. Сөйтіп, қазақ елі сан жылдардан соң ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылды. Бірақ большевиктер диктатурасын және Қазақ мемлекетін кеңестік негізде құруды қабылдамаған Алаш зиялыларының ұлттық мемлекеттілік туралы идеялары мен қоғамдық-саяси қызметі Кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа ұшырады. Осындай күрделі саяси жағдайда Алаш зиялыларының ұлттық мүдде жолында жүргізген саяси күресі жаңа, жас буын өкілдері тарапынан қолдау тапты.

XX ғ. 20-30 жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде түбірлі өзгерістер өріс алды. Ел тағдыры таразыға түскен бұл тарихи кезеңде жалпыұлттық өзекті мәселелерді көтеріп, жүзеге асыруда Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Жалау Мыңбаев, Нығмет Нұрмаков, Ыдырыс Мұстамбаев және т.б. қазақ зиялылары табанды саясат ұстанды. Олар республикадағы жауапты қызметтерді атқару кезінде күрделі ұлттық мәселелерді сол жылдардағы саяси-әлеуметтік ақуал шеңберінде қарап, оның халық мүддесіне сай дұрыс шешімін табуына мұрындық болады. Алайда республика басшылығына Ф.И. Голощекиннің келуіне байланысты Қазақстанның партия ұйымында, саясатта, қоғамдық өмірде, экономикалық салада жағдай аса шиеленіседі. Жауапты хатшы қазақ коммунистеріне шектен тыс сенімсіздікпен қарап, оларға «ұлтшылдар» деген айып тағады. Осы кезеңде Қазақстанның партия ұйымында «оңшыл» және «солшыл» ауытқушылықтармен күрес орын алды [6, 3-5, 9, 33-35-б]. Оларға тағылған бұл жала ұзақ жылдардан соң, яғни, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросы комиссиясының 1990 жылғы мамырда «ұлттық ауытқушылық» жайлы мәселені арнайы қарап, Т. Рысқұлов, С. Қожанов және басқа партия мен кеңес зиялыларына «идеялық ауытқушылық» пен «ұлтшылдық» айыбының негізсіз таңылғаны туралы ресми құжатты қабылдағанынан кейін ғана теріске шығарылды [7]. Шын мәнісінде қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі халқымыздың тәуелсіздігі жолындағы күреске бағытталды. Сондықтан бүгінде Қазақстан Республикасы сынды тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына игі үлес қосқан олардың қоғамдық-саяси қызметі азаматтық әрі адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес. Осыған орай мемлекеттік құрылым мүшелерін саяси саналы, саяси көзқарастары мен бағыт-бағдарлары жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыру жолында қазақ зиялыларының ұлттық мүдде жолында жүргізген саяси күресін негізге алу қоғамдық қажеттілік болып табылады.

Тоталитарлық кеңестік саяси жүйенің билігі кезінде де елу жылдай, оның ішінде ширек ғасыр бойы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің І-ші хатшысы ретінде Қазақстанды басқару ісіне араласып, республиканың өркендеп, дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ зиялысы – Д.А. Қонаевтың

өмірі ұрпаққа үлгі. Д.А. Қонаев халықтың материалдық-әлеуметтік тұрмыс жағдайын, республиканың экономикасы мен мәдениетін көтеруге бүкіл саналы өмірін арнап, халқына қалтқысыз қызмет етті. Сол кезеңде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет еткен ел ағасы Бәйкен Әшімов тұжырымдағандай: «...өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті болу, билік өнерінің тылсым құпияларын игеру, ерекше қарым-қабілет көрсету, сабырлылық пен пайымдылыққа негізделген басшылықтың арқау жібін үзбей, өзімен бірге болған үзеңгілес жолдастарының сеніміне ие болу оңайшылықпен келе қоймайды» [8]. Осылайша, Д.А. Қонаев қызмет атқарған уақытында республика үшін игілікті мол істер жасап, еліне адал қызмет еткен саяси тұлға. Сонымен бірге Д.А. Қонаев тоталитарлық кеңестік дәуір кезеңінде асқан байыптылықпен, терең көрегенділікпен, нәзік дипломаттылықпен елін, жерін сақтап, басқара білді. «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Д. Қонаев», - деп Үндістанның премьер-министрі Джавахарлал Неру бағалағандай, қазақ халқының біртуар азаматы, академик, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың есімі дүниежүзіне мәлім болған [9]. Д.А. Қонаев – тек саяси көсем ғана емес, ол ұлттың рухани ұстазы болды.

«Саяси жүйедегі өзгерістер қоғамдық болмыстағы өзгерістер нәтижесі екендігі белгілі. Дүниетаным мен саяси санадағы жаңару осылардан туындайды. Қоғамдық қатынастар, саяси жүйе және саяси сана біріне бірі әсер етіп, бірінің себебі екіншісі болып, өзара тәуелді дамиды» [10] сияқты Желтоқсан қозғалысының қазақ халқының сана-сезімі мен жан дүниесіне тигізген рухани ықпалы мен саяси мәні ерекше. Өйткені 1986 ж. Алматыдағы Желтоқсан қозғалысы – Кеңестер Одағындағы алғашқы демократиялық бас көтеру болды. Қазақ жастары кеңестік тоталитарлық басшылықтың Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына сайлауына қарсылық көрсетіп, бейбіт шеруге шыққан болатын. Алайда КСРО-ның әміршіл-әкімшіл жүйесі олардың бейбіт шеруін «қазақ ұлтшылдығы», «экстремистік пиғылдағы ұлтшылдар тобының бүлігі» деп бағалады. Сөйтіп, «1986 ж. «Оян, қазақ!» деген ұран қайта жаңғырып, «қазақ ұлтшылдары» атанып жапа шеккен, атылған алаш азаматтарының рухы халық махаббатына бөленіп, ұлттық сана бой көрсетті. 20-30 ж. ұлтшылдардың нағыз халық көсемдері екені жалпы қазақ халқына белгілі еді. 1986 ж. қаһармандарын олармен салыстыру, жастарға үлкен мәртебе әкелді. Шынында да Желтоқсан оқиғасының ғасыр басындағы Алаш қозғалысымен байланысы бары анық», - деген түсініктеме береді көрнекті ғалым Ғ. Есім [11].

Сол кезеңде кеңестік тоталитарлық билік орындары әскер шақырып, бейбіт шеруге шыққан жастарды ұрып-соғып, сондай-ақ, оларға «нашақорлар», «маскүнемдер» деп жала жауып, елде жазықсыз жазалау процесін жүзеге асырды. «...Оқиға кезінде әр ұлттың өкілдерінен тұратын 2401 адам ұсталды. Бұлардың ішінде Алматының соттары 326 адамды әкімшілік жазаға кесті, қылмыстық тәртіп бойынша - 99 жас сотталды, екі адам ату жазасына тартылды. Тек қана Желтоқсан оқиғасына байланысты Қарағанды университетінен 25 студент комсомолдан шығарылып, 11-і университеттен қуылды.

Алматы сәулет-құрылыс институтының бұрынғы студенті Қ. Рыскұлбеков түрмеде қаза тапты. Л. Асанова жұмбақ жағдайда көз жұмды. Мұндай қайғылы мысалдар аз емес [12]. Осылайша, еліміздің Қ. Рыскұлбеков, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, С. Мұхамеджанова және т.б. қыз-жігіттері кеңестік тоталитарлық саяси жүйенің нақақ құрбанына айналды. Х. Қожахметов, Қ. Күзембаев, Т. Тәшенов, Ж. Тайжұмаев, Е. Көпесбаев және т.б. тағдырлары тәлкекке ұшырады. Алайда «1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының ұлттық санасының қаншалықты өскенін көрсетіп берді. Бір ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді. Жастар айдай әлемнің алдында кез келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса көктеуге мойын ұсынбайтынын паш етіп берді» [13, 34-6].

Бүгінде Желтоқсан қозғалысының тарихи бағасы беріліп, республика көлемінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Осы тұрғыдан алғанда 1990 ж. желтоқсанда Республика алаңында Желтоқсан оқиғасын есте қалдыру мақсатында ескерткіш такта орнатылды. 1991 ж. желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «1986 ж. Желтоқсан оқиғасы кезінде жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөніндегі» Жарлығы шықты. Осы жарлықтың негізінде 17 желтоқсан – «Демократиялық жаңару күні» деп жарияланды. 1996 ж. 9 желтоқсанда Желтоқсан қозғалысының құрбаны – Қ. Рыскұлбековке «Халық Қаһарманы» атағы берілді. 2006 ж. Желтоқсан оқиғасының жиырма жылдығы қарсаңында Алматы қаласындағы Республика алаңында Желтоқсан құрбандарына арналған «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші ашылды. Осы ескерткіштің ашылуы кезінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Осыдан 20 жыл бұрын жастарымыз жиналып, тоталитарлық жүйенің толымсыз істеріне, сұрқия саясатына қарсы шыққан болатын... Бұл ерліктің ғана емес, елдіктің де нышаны еді. Бейбіт сезімдегі жастарды ұрып-соғып, артынан қуғын-сүргінге түсіріп, талай жағдайды жасағанын бәріміз білеміз. Оның бәрі – тарих. Тарихтан тағылым алу керек, сөйтіп отырып, алға қарай жүру керек... Бұл ескерткіш – бір жағынан, тоталитарлық жүйеге қарсы төгілген қан мен қасіреттің көрінісі, екінші жағынан біздің ақ жол болашағымыз» [14]. Шындығында, Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы Кеңестер Одағындағы тоталитаризмнен бас тарту мен тәуелсіздікке ұмтылудың күрделі қозғалысының бастамасы еді. Желтоқсан қозғалысына қатысушы жастар мен оның құрбандарының көрсеткен қайтпас қайсарлығы ерліктің көрінісі екендігі даусыз. Осы орайда көрнекті ғалым Ғ. Есім тұжырым жасағандай: «...бізге бір нәрсе анық: ол – Желтоқсан қозғалысының жаңа заманның басы екендігі. Тағы да анық нәрсе – Желтоқсан қозғалысы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан отаршылдыққа деген наразылықтың саяси көрінісі екендігі.

Желтоқсан қозғалысы кейбіреулер айтқандай, кенеттен пайда болып көрінген әлеуметтік қозғалыс емес, ол халық бойында еркіндікке, тәуелсіздікке деген өршіл сананың айқын көрінісі. Осылай деуіме ең айшықты дәлел, ...«Менің Қазақстанымның» бүгінде бүкіл қазақстандықтардың жаңа заманның әнұранына айналуы. Демек, Желтоқсан қозғалысы халқымыздың тарихи-мәдени асыл құндылықтарына айналды деуге әбден болады. Желтоқсан қозғалысы ұрпақтар

алмасуы, құндылықтар алмасуы болды. Ол әлеуметтік сезімі оянған қазақ жастарының ұлт-азаттық қозғалысы еді» [11]. Бұл оқиғаның адамдардың болмысында зор төңкеріс жасағаны анық. Сондықтан мемлекеттік құрылымдағы жеке тұлғалардың бойында ұлттық рухты шыңдауда, оларды тәуелсіздікті қорғауға жұмылдыруда Желтоқсан оқиғасының маңызы орасан.

Қазақстан мемлекетінде «...қазақ зиялылары ...халықтың парасатты саяси қалауын жүзеге асырды және көп жағдайда солардың арқасында Қазақстан мемлекетін дамытудың жолдары саяси шайқассыз, қанды қактығыссыз тыныш жолымен жүзеге асты... Бұл бағытты бәрінен де ширақ көрсете алатын шығармашылық зиялы қауым біздің тарихи-мәдени шытырман ахуалымызды кімнен болсын жақсырақ біледі... Олар қазақ халқының өзіне тән мәдени болмысын жойып алмауға мүдделі... Келешек ұрпақ өз кезегінде, жаңа басталған тарихымыздың ең бір күрделі кезеңінде тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына қазақ зиялыларының көзге түсе бермейтін, бірақ мейлінше игі үлес қосқанын дұрыс бағалауға тиіс», - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев тұжырымдағандай еліміздің өмірінде ұлттың рухани жетекшілерінің маңызы айрықша [15, 176, 177-6]. Сол сияқты зиялы қауым өкілдерінің де қызметі халқымен ғана мағыналы екені анық. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елінің көкейтесті мәселелерін шешу үшін зор еңбек сіңіріп жүрген қазақ зиялысы, белді ақын, белсенді қоғам қайраткері, халық депутаты – Мұхтар Шаханов болып табылады. Ол Кеңестер Одағы мен КОКП сакталып тұрған кездің өзінде өз тағдырын қатерге байлап 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының саяси, рухани мәніне әділ баға беру қажеттігін көтерді. Сонымен қатар ол Желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбандарын ақтап, оларға көмек көрсету мәселесін ашық қойды. КСРО-ның билігі кезінде желтоқсандықтарды жақтау нағыз ұлтжанды азамат қолынан ғана келетін. Бұл ретте Желтоқсан оқиғасына түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның төрағасы болған М. Шаханов Алматыдағы 1986 ж. Желтоқсан оқиғасында ешқандай ұлтшылдық, нашақорлықтың т.б. болмағанын дәлелдеп, ол оқиғаға мынадай баға береді: «Желтоқсандағы қазақ жастарының бұл жиыны ұлтшылдық бой көрсету емес еді. Ол басқа халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмағанды. Алматыдағы Желтоқсан толқуы – шын мәнісінде, елімізде алғаш рет екі күштің: жаңа басталып, буыны катпаған демократиялық және ол кезде әлі өз күшінде тұрған әкімшіл-әміршіл жүйенің қактығысы еді» [16, 19-6]. Сондай-ақ, М. Шахановтың Арал теңізін құтқару мен оның экологиялық жағдайы жолында көрсеткен қажыр-қайраты ерекше. Осы тұрғыдан алғанда М. Шаханов жетекшілік еткен «Арал-Балқаш» экологиялық комитеті (кейіннен «Арал-Азия-Қазақстан») халықаралық қоғамдық комитеті қоғам талабына сай пайда болып, халықаралық деңгейде зор маңызға ие болған қоғамдық ұйым. Бұл ретте 1992 ж. Бразилияның Рио де Жанейро қаласында дүниежүзінің мемлекет басшыларының үлкен жиынында Мұхтар Шахановқа Біріккен ұлттар ұйымы Қоршаған Орта бағдарламасының «Ғалам-500» сыйлығы беріліп, есімінің алтын кітапқа енгізілуі оның азаматтық істерінің әлемдік деңгейде мойындалуы еді [17, 13-6]. Бүгінде мемлекеттік тіліміздің шынайы жанашыры, қоғам қайраткері – М. Шахановтың атқарып жүрген игілікті істері тәуелсіз еліміздің көкейтесті мәселелерін шешуге түбегейлі негіз болып табылады.

Өз кезегінде Қазақстан халқына әлемдік деңгейдегі көрнекті акын, саясаткер, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің сіңірген еңбегі зор. Ол «Невада-Семей» антиядролық халықаралық қозғалысына басшылық жасап, жерімізді улап, еліміздің тіршілігіне кеселін келтірген Семей өңіріндегі полигонды жабу мен ядролық қаруды сынауды тоқтатуға мұрындық болды. 2002 ж. түркі рухын тербеткен қазақ акыны, қоғам қайраткері О. Сүлейменов «Тарихқа дейінгі түркілер» атты кітабы үшін «Күлтегін» сыйлығының алғашқы иегері атанды. О. Сүлейменов ақындығымен қоса қоғам өміріне де белсене араласып, қайраткерлік дәрежеге көтеріле білген азамат. Ол Италия, Грекия және Мальта мемлекеттерінде Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілі міндеттерін аткарып, жас тәуелсіз еліміздің шетелдермен қарым-қатынасын нығайту ісіне атсалысуда.

Кеңестік тоталитарлық басқару жүйесінің күйреуі жағдайында Қазақстанның егемен, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы республиканың алғашқы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты. Демек, белгілі саясаттанушы М.Б. Қасымбеков атап көрсеткендей: «...көп ұлтты Қазақстанның Кеңес Одағы тарағаннан кейін жанжал, қақтығыстардың қатерлі өртіне шалдықпай, тәуелсіз ел атанып, сан алуан қиындықтарды сәтімен артқа тастап, қаз тұрып кетуінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз» [18, 5-6]. Бұл ретте көрнекті ғалым Р.Б. Әбсаттаров Н.Ә. Назарбаевтың көшбасшылық бейнесін төмендегідей тұрғыда сипаттайды: «Қазақстанның Президенті ретінде Н.Ә. Назарбаевтың билікке келуі бұқараның көңіл-күйіне үндес жаңа идеяларды іздестіруді талап етті. Бұрынғы саяси басшылықтың авторитарлық мәндегі көптеген әдістерін сақтай отырып, Н.Ә. Назарбаев қазақстандық ұлттың өзіндік санасының дәстүрлі құндылықтарына – әділдікке, адалдыққа, ұлттық егемендікке, мемлекеттік мүддеге жүгінді. Осы идеологиялық негізде жаңа саяси элита көшбасшысының бейнесі қалыптасты – көркем де денелі, мәнерлі сөйлейтін, ашық жүзі, мейірімді күлкісі қарапайым халыққа жақын, сонымен қатар оны саяси қайраткер ретіндегі ел үшін маңыздылығы, жоғары жауапкершілігі мен ақылдылығы ерекшелейді» [19, 91-6]. Осыған орай тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі болып жатқан еліміз өміріндегі күрделі жаңарулар легінен Президент Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағыты мен оларды шешу жолдары көрініс табады. Ол мемлекеттік құрылымда демократиялық институттарды күшейтуге, нарықтық экономика мен әлеуметтік қатынастарды либералды жолмен реформалауға, ядролық қарусыз болашаққа қадам жасауға, халықаралық деңгейде Қазақстанды әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі етіп, барлық елдермен тең дәрежелі және серіктестік қатынастарды дамытуға зор еңбек сіңіруде. Сайып келгенде, Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы мұрат-мүдделерін қамтамасыз ету жайын парасатты да салмақты дипломатияға сүйене отырып шешуді мақсат етіп ұстанып отыр. Бұл ретте ел ағасы Б. Әшімов: «Қазір Қазақстан өте қиын жағдайды артқа тастады. Даму жолында келеді. Қазақ елін, Қазақстанды дүние жүзі таныды. Біздің егемен еліміздің экономикалық жағынан қарышты дамуы әлемде дамыған мемлекеттермен терезесі тең жағдайға жеткізгені, алпауыт мемлекеттердің біздің елмен санасатыны, сыйлайтыны – еш талассыз тарихи жетістік. Міне, осы қабырғалы ел болып,

өсіп-өркендеудің негізгі тірегі – тәуелсіз Қазақстанымыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың шын мәнінде ұлттық мақтанышқа, саяси лидерге лайықты кемел саясат жүргізуінің жемісті жолы деп білемін» [20], - деген тұжырым жасайды.

Іс жүзінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың парасатты іс-қимылдары мен қоғам мүшелерін топтастырып, басқаруға елеулі ықпал еткен мәнді де мағыналы сөздерінің жеке тұлғаның саяси бағыт-бағдары мен ұстанымының айқындалып, саяси көзқарастарының негізделуінде маңызы зор. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Халық алдындағы сөйлеген сөздерінде, үлкен жиындар мен басқосулардағы баяндамаларында, кездесулер мен сұхбаттарында, әлемнің биік мінбелерінде жасаған баяндамаларында біздің идеологиямыздың басты бағыттары мен арқауларын аңдата айтып, егемендікті енді сезіне бастаған ел санасына жеткізуде барынша мархабат танытты. Елбасының айтқандарынан, оның уәжді кеңестерінен, жүрген-тұрған өмір сүру қалыбынан, тіпті жеке өмірінен өнеге іздеу, үлгі тұту – заңды құбылыс» [21, 26-6].

Біздің заманымызда «Қазақтың зиялы ірі тұлғалары халқына адал берілген қалтқысыз ниетімен, жұмсақ кішіпейілдігімен, жалғыз қазаққа емес-ау, әрі өзге ұлттарға да шынайы қамқорлық пен зерделілік жібін үзілдірмей, рухани қуатымызды арттыруға осылайша ат салысып жүрген келесі буын, өз арамызда жүрген жігерлі қайраткерлеріміз де жоқ емес.

...Бүгінгі қазақтың зиялы қауымы саны жағынан ересен мол, әрі қарыштап өбден дамыған, ал сапалық жағынан биік деңгейде тұрған ғылыми, саяси және мәдени тәжірибесі көп, қарымталы да қуатты интеллектуалды алып күш десек, еш артық емес...» [2, 32, 33-6]. Шындығында да, мемлекеттік құрылымдағы жеке тұлғалардың қалыптасып, жетілуі мен олардың саяси ұстанымдарының орнығуына зиялы қауым өкілдерінің өлшеусіз үлес қосатыны белгілі. Осы орайда қоғамдағы бүгінгі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты талдап, жеке тұлғалардың саяси сана-сезімі мен көзқарастарын жаңа заман үрдісіне сай бағыттауда қоғамтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері айрықша маңызды. Өз кезегінде «...Отандық қоғамтанушы ғалымдар (философтар, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар т.б.) қоғам туралы бұрынғы қасаң түсініктер сеңін бұзып, қазіргі заманғы әлемдік өркениет үлгісіндегі ұғымдар мен түсініктерді өз топырағымызға жақындатуға ұмтылды, сөйтіп, ұлттық дәстүрлі дүниетанымымызды сақтай отырып, бүкіладамзаттық құндылықтар мен қарым-қатынастар жүйесіне қосылуымыздың тиімді жолдарын ғылыми іздестіру жұмыстарын» [21, 44-6] жүргізуде. Бұл ретте көрнекті ғалымдар - М.Қ. Қозыбаев, Т.Т. Мұстафин, К. Нұрпейісов, Ә.Н. Нысанбаев, Ә.Ш. Ишмұхамедов, Т.С. Сәрсенбаев, Ғ. Есім, Л.Ә. Байделдинов, Т.С. Садықов, С.З. Нарматов, Р.Б.Әбсаттаров, Д.А. Жамбылов, М.Б. Тәтімов, К.Н. Бұрханов, Р.Қ. Қадыржанов, С.М. Борбасов, Б. Аяған, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков және т.б. Қазақстан мемлекеті өміріндегі күрделі мәселелерді талдаған іргелі ғылыми зерттеулерінің жеке тұлғалардың қоршаған ортада болып жатқан процестердің мәнін ұғынуына қосар үлесі ерекше.

Осылайша, «Олардың (қазақ зиялыларының – Т.Ә.) жаңа қалыптасып келе жатқан жас мемлекетіміздің шаңырағын биіктетіп, босағасын бекітудегі ерен еңбектері қазіргі және болашақ талапкер ұрпағымыз үшін зор өнеге мектебі

дер едік. Оны біздерге аталар мен ағалар қалдырып кеткен. Ұлтымыздың зиялы қауымы, халқымыздың қырағы көзі, қоғамның әділ таразышысы, біздің ар-ожданымыз бен жан-ахуал амандылығымыздың саркылмас кәусары, солар... Мемлекеттік, қоғамдық, ұлттық дәрежеде ойланып-толғанатын зиялыларымыз баға жетпес ұлттық байлығымыз, әрі таусылмас казынамыз. Ұлт мүддесі үшін көрегендік танытатын, арамызға іріткі салушыларға тойтарыс беретін зиялыларымыз бүгінгі бүтіндігіміз бен алдағы мықтылығымыздың берілмес бекінісі іспеттес!» [2, 33-б]. Сонымен, мемлекеттік құрылымдағы азаматтардың білімді де білікті, жалпыадамзаттық және ұлттық дүниетанымды меңгерген, саяси сауатты жеке тұлға болып жетілуі мемлекеттік маңызды мәселе. Бұл ауқымды проблеманы жүзеге асыруда зиялы қауым өкілдерінің шешуші рөл атқаратыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ө. Өзежарды ойлар. - Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2003. - 161-б.
2. Тәтімов М., Ақшалаева М. Қазақстанның дербес демографиялық саясатының қалыптасуы. - Алматы: Қазмемагру, 1997. - 115 б. - 32, 33-б.
3. Қазақ, 1917. - №251.
4. Дулатұлы М. Оян қазақ! - Алматы: Алтын Орда, 1991. - 214-б.
5. Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер? - Алматы: Қазақстан, 1994. - 5-б.
6. Әуелғазина Т.Қ. XX ғ. І-шірегіндегі қазақ қайраткерлерінің ұлттық мүдде жолындағы саяси күресі. Оқу құралы. - Алматы: Абай ат. АлМУ, 2001. - 37 б. - 3-5, 9, 33-35-б.
7. О так называемом «национал-уклонизме» // Известия ЦК КПСС, 1990. - №6. - С.76-84.
8. Төлепберген М. Үзеңгі дос // Егемен Қазақстан, 2007. - 12-қаңтар. - №8(24585).
9. Елу жыл ел ағасы. Құраст. С. Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 2002. - 464 б. - 107-б.
10. Борбасов С., Бекторов А. Толғақты мәселелер түйіні. М.И.Есеналиевтің «Дәуірлер түйіскенде» кітабы жайында // Ақиқат. - 2000. - №8-9. - 66-69-бб. - 67-б.
11. Есім Ф. Қазақ ұлтшылдығы // Егемен Қазақстан, 2007. - 31-қаңтар. - №24-27(24604).
12. Байғазин М. Желтоқсан желі: беймәлім беттер // Егемен Қазақстан, 2006. - 14-желтоқсан. - №307-308(24561).
13. Назарбаев Н.Ө. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б. - 34-б.
14. Қасымбеков М. Жадымыздасың, Желтоқсан // Егемен Қазақстан, 2006. - 12-желтоқсан. - №305(24558).
15. Назарбаев Н.Ө. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б. - 177-б.
16. Алматы. 1986. Желтоқсан. - Алматы: «Аударма» алқасы; Алтын орда, 1991. - 192 б. - 19-б.
17. Шаханұлы М. Дәуір дастандары: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. - Алматы: Жазушы, 1992. - 320 б. - 13-б.
18. Қасымбеков М. Елін сүйген, елі сүйген Елбасы. - Астана: Елорда, 2005. - 200 б. - 5-б.
19. Әбсаттаров Р.Б. Саяси элиталар және саяси көшбасшылар: теориялық талдау // Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2004. - №4(8). - 71-101-бб. - 91-б.
20. Төлепберген М. Үзеңгі дос // Егемен Қазақстан, 2007. - 12-қаңтар. - №8(24585).
21. Сәрсенбаев А. Кітап: тәуелсіздік пен демократия тұғыры. - Алматы: Атамұра, 1998. - 160 б. - 26, 44-б.

Демократиялық саяси жүйедегі бизнес-элитаның рөлі мен орны

Асхат ӘБІШЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану
кафедрасының ізденушісі

Казіргі заманғы демократиялық елдердің көбісінде бизнес-элита саяси қатынастардың дербес субъектісі ретінде саяси процестерге пәрменді ықпалын тигізіп отырған саяси күшке айналды. Билеуші элитаның құрамындағы басқа элиталық топтар сияқты бизнес-элита мемлекеттің саяси өмірінде маңызды орын алып, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне елеулі әсерін тигізуде. Сондықтан саяси ғылымда осы әлеуметтік-саяси топтардың қызметі саяси-элитологиялық зерттеулер объектісіне айналып, ғылыми өзектілікке ие болды.

Демократиялық саяси жүйе қалыптасқан елдерде бизнес-элитаның әлеуметтік-саяси кеңістіктегі ықпалдылығы, мемлекеттік маңызы бар шешімдердің қабылдануын анықтауға мүмкіндігі бірінші кезекте оның қаржы капиталының әлеуетіне байланысты. Әлбетте, билік пен байлық, екі егіз ұғым іспеттес, саяси тарихтың әр кезеңінде саясаттың құрамдас бөлігі бола тұра, саяси процестердің барысын айқындап, маңызды мемлекеттік шешімдердің қабылдануына түрткі болып отырды. Сондықтан да ақша билігі әрдайым бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауда, сайлауды қаржыландыруда, партияларға көмек көрсетуде, депутаттарды «сатып алуда», лоббиге негізделген саясат жүргізуде анық көрініс тапты. Бұл орайда ертеректе неміс социологі Р.Михельс «олигархияның темір заңын» тұжырымдап, демократия өзін сақтап қалып, белгілі бір тұрақтылыққа жетуі үшін белсенді азшылықты – элитаны бөліп шығарып, ұйым құруға мәжбүр болады, сондықтан демократия олигархияға айналады деп айтып кеткен. Ал басқа элитолог Мириям Бёрд билікке жету мүмкіндігі байлыққа қол жеткізуді де білдіреді, байлардың билікке жетуіне қоғамда ешқандай кедергі жоқ деп жазған [1].

Демократияның осы бір ерекшелігі туралы жазған көптеген авторлар экономикалық күш-қуатымен көзге түскен әлеуметтік-саяси топтардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлін, саяси процестерге араласу деңгейін жоғары бағалаған және саяси шешімдердің қабылдануына әсері зор екенін байқаған. Мәселен, зерттеушілер Ф.Хантер мен Р. және Х.Линд америкалық қаладағы биліктің бөлінуі мәселесін зерттей келе, билік тармақтарында бизнес өкілдерінің рөлі басым екендігін көрсеткен.

Ф.Хантер өзінің «Қоғамда кім билік етеді?» атты зерттеуінде элитаның ішінде бизнесмендердің басым позициялары бар екенін аңғарды. Зерттеушінің пікірі бойынша, бір тұлғаның, отбасының немесе бизнес топтың үстем рөлі кішкентай қалада ғана мүмкін. Хантер экономикалық, саяси, парламенттік, діни, кәсіпқой,

азаматтық, мәдени сияқты бірнеше қауымдастықтарды бөліп көрсетіп, олардың барлығы қаланың қоғамдық өмірін экономикалық салада басқаратын адамдарға тәуелді болатындығын айтты. Сондай-ақ ғалым саясатты қалыптастыратын топта экономикалық мүдде үстем ететіндігін атап көрсетті [2].

Ал америкалық социологтар Р. және Х. Линд 20-шы ғасырдың 20-шы жылдарының ортасында (кейін 30-шы жылдарының ортасында) АҚШ-тағы қоғамдық пікірді алғаш рет кең көлемде, салыстырмалы түрде зерттеп, АҚШ-тың орта қаласында шынайы билік ең алдымен өнеркәсіп кәсіпорындары қожайындарының қолдарында деген қорытындыға келді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, қалада билік жүргізетін – мануфактуралардың бай иелерінен, банкирлерден, ұлттық корпорациялардың менеджерлерінен және бір-екі көрнекті заңгерлерден құралған кіші топ. Ал ресми тұлғалар – бұл уақ адамдар, бизнесті ішінен бақылап отырған топ оларды экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрғыда елемейді [3].

20-шы ғасырдың 60-шы жылдарының басында-ақ элиталық топтарға талдау жасаудағы түрлі методологиялық көзқарастар пайда болған тұста америкалық зерттеуші Д. Миллер қазіргі заманғы саяси билік пен саяси элита туралы көзқарастарды тұжырымдай келе, билік құрылымындағы бизнес-элитаның рөліне жоғары баға берген еді. Д. Миллер муниципалды саладағы саяси шешімдерді қабылдауға әсер ететін факторларға талдау жасап, АҚШ-тағы жергілікті биліктің барлық маңызды буындарында бизнес қауымдастығының өкілдері басқа әлеуметтік топтарға қарағанда ең көп өкілеттілік алғанын көрсетті. Осыған орай, ғалым муниципалды органдардың билігі, іс жүзінде, шартты сипатта болатынын, өйткені барлық істі бизнес-элита басқаратынын атап көрсетеді [4].

Саяси билік пен саяси элита мәселелері жайында құнды зерттеулер жүргізген Р. Миллс та нақ бизнес-элитаны – ірі корпорация басшыларын, акцияларды ұстаушы беделді тұлғаларды және т.с.с. (үкімет пен әскери төбе тобынан басқасын) шынайы билікке ие болатынын айтты [5].

Ал оның ойын одан ары дамытқан Дж. Домхоф шынайы билік едәуір капиталды иеленетін айрықша әлеуметтік топтың қолында болады дейді. Ғалым өзінің «Кім шынайы билік етеді?» атты кітабында АҚШ-тағы қалалық басқару деңгейіндегі әкімшілік құрылымдардың өкілдері мен ықпалды «қысым көрсетуші топтардың» әлеуметтік құрамын зерттеп, шынайы билік экономикалық элитаның қолында шоғырланған деген қорытындыға келеді. Зерттеушінің пікірінше, өзінің саяси басымдылығын қамтамасыз ету мақсатымен экономикалық үстем етуші топ қазіргі заманғы саяси басқару жүйесі шеңберіндегі барлық әдіс-тәсілдерін (парламентаризм құрылымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын және т.с.с.) кеңінен пайдаланады [6].

Демократиялық саяси жүйелерде бизнес-элитаның саяси кеңістікте қызмет етуінің деструктивтік сипатын көрсетуге талпыныстар жасалғанын жоққа шығара алмаймыз. Бизнес-элитаны дербес саяси ойыншы ретінде сынға алып, оның саяси өмірдегі рөлі мен орнына қарсы шыққандардың көзқарасы бойынша, қолдарында шексіз қаржылық және экономикалық ресурстық мүмкіндіктері бар әрі өздерінің жеке басы мүдделерін көздеген қуатты экономикалық топтардың қызмет етуі (мемлекеттің экономикалық аясынан шығып, саяси мәселелерді шешумен айналысуға ұмтылуын айтпағанның өзінде) саяси басқаруды демократиялық ұйымдастырудың басты қағидаларын, бірінші кезекте демократиялық өкілді

қағидаларын жояды, себебі нақтылы бір саясатта корпоративтік мүдделердің, яғни бизнес-элита мүдделерінің басқа әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның мүдделері үстінен үстем етуіне әкеліп соғады. Бизнес саласында үлкен қаржылық-ресурстық әлеуетке жетіп және өзінің жеке міндеттерін шешу мақсатымен оны саясат алаңында іске асыра отырып, кәсіпкерлер саясат алаңында басқа дербес саяси күштермен саяси коалиция құру жолдарын ұсынушы ретінде әрекет етеді, осы кәсіпкерлер ақыры сол алаңда үстем ете бастайды» [7].

Осы көзқарасқа сәйкес демократиялық өкілдік институттарының өз тиімділігін жоғалтып, деформацияға ұшырауына бірден бір кінәлі деп табылған – бұл «ірі меншік иелері, монополия қожайындары, сондай-ақ жеке меншік және мемлекеттік компаниялардың директорлары мен басқарушылары немесе экономикалық элита. Оның ықпалына экономикалық қуаттың көп шоғырлануы себепші. Саяси элитамен қатынасында ол негізгі «қысым көрсетуші топ» ретінде бой көрсетеді. Ол саяси билікке әсер етудің алуан түрлі формаларын қолданады. Оның ішінде саяси партияларға демеу қаржы беру, саяси компанияларды қаржыландыру, үкіметке парламент арқылы, ал парламентке тармақталған лоббизм жүйесі арқылы қысым көрсету, пара беріп, өз жағына шығару, ұнамсыз шешімдерге экономикалық қасақылық жасау, жек көрінішті болып қалған саяси режимдерді құлату үшін қастандық ұйымдастыру да бар [8].

Дегенмен, саяси қызмет субъектісі ретіндегі бизнес-элитаға берілген осынау жағымсыз баға қазіргі саяси ойда басым емес. Элиталар мен элиталық топтардың саяси процестер мен құбылыстарға ықпал етуі проблемасымен айналысқан көптеген сарапшылар кәсіпкерлік топтардың саяси қатынастардың дербес субъектісі ретінде алға шығуы үрдісін мойындағанымен, бұл феномен демократиялық институттардың қызмет етуінің іргелі негіздеріне үлкен қауіп төндіреді деп есептемейді.

Жалпы, демократиялық қоғам жағдайындағы элиталардың қызмет етуі проблемаларымен шұғылданып жүрген зерттеушілердің басым бөлігінің позициялары оптимистік сипатта. Бизнес-элитаның саясат саласында өзінің субъектілігін күшейтуге деген ұмтылысы ұзақ уақыт бойы мемлекет тарапынан құқықтық шеңберге енгізіліп, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет табиғатына барабар қағидалар мен құндылықтарға негізделген демократиялық институттар жүйесімен реттеліп отырады. Тәжірибе көрсеткендей, бұндай жағдай саяси билікке монополия орнатуға талпыныс жасаған кез келген әлеуметтік топтың жолын кесуге мүмкіндік берді. Бұл орайда зерттеуші В.В. Согрин атап көрсеткендей, «АҚШ-тағы әлеуметтік-экономикалық элита үлкен мүмкіндіктерге ие болғанымен, саяси билікке ықпал етуде монополиясы жоқ», себебі «экономикалық билік саяси билікке кіруге мүмкіндік берсе, саяси билік экономикалық билікті нақты күшейтуге жол ашты. Демократиялық институттар мен нормалар осы заңдылықпен толық үйлесіп кеткен» [9].

Сонымен бірге, бизнес-элитаның басқа элиталық топтар (мысалы, әскери, бюрократиялық және т.с.с.) сияқты саясат саласында үстем етуге ұмтылуы елдегі саяси процестерді реттеп отыруға тиісті мемлекеттік институттардың тұрақтылығы мен тиімділігіне тікелей байланысты екенін ескергеніміз жөн. Бұл ретте ресейлік ғалым О. Крыштановская атап кеткендей, «бизнестің саясатқа әсері магнаттардың (алпауыттардың) мүмкіндіктері мен ресурстарына ғана емес, мемлекеттік машинаның өзіне де байланысты. Мемлекет қанша әлсіз болса, бизнесмендер сонша белсенді болмақ. Және керісінше, саяси билік неғұрлым күшті

болса, кәсіпкерлер экономикалық мәселелерге баса назар аударады да, олардың атқаратын рөлдері шамалы болады. Кәсіпкерлердің саяси амбициялары – бұл мемлекеттің жай-күйінің өзгеше барометрі іспеттес» [10].

Бизнес-элитаның өкілдерінің кәсіпкерлердің көшбасшы тобы ретінде мемлекеттің саяси қызметіне араласуы нарықтық экономика дамыған демократиялық қоғамда қабылдауға тұрарлық әрі қажет нәрсе, себебі кәсіпкерліктің өзі қоғам таңдаған әлеуметтік-экономикалық парадигмасына барабар әлеуметтік базаның жетекші және ең белсенді құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге, жалпы әлеуметтік-экономикалық контекстіндегі нарықтық құрылымдардың маңыздылығы неғұрлым артса, экономикалық қауымдастықтың ең прагматикалық сегменті – бизнес қауымдастығының ықпалы зор болмақ. Бұл ретте әлемнің бірқатар индустриалды мемлекеттерінің жетекшілері (мысалы, АҚШ-тың қазіргі президенті Дж. Буш, Италияның премьер-министрі С.Берлускони) саясатқа ірі бизнесмендердің қатарынан келгенін айта кету керек. Ал америкалық саясаттанушылар Т.Дай мен Р.Патнемнің зерттеулеріне жүгінсек, билеуші элитаның елеулі бөлігі бизнес саласынан шыққан адамдардан құралатынын; жоғарғы кәсіпкерлік топ өкілдерінің жартысына жуығы кезінде жетекші үкіметтік қызметтерде қызмет атқарғандығын, ал басқару аппаратының ең маңызды құрылымдары, әдетте, бизнестің әр түрлі салаларынан шыққан адамдардан толатынын көреміз.

Демократиялық қоғамда экономикалық қауымдастық әлеуметтік-саяси процестерді реттеуге белсенді араласып, саяси кеңістіктің толыққанды «ойыншысы» ретінде көрінуге тырысады. Бұл ретте қоғамның кәсіпкерлік топтарының «экономикалық капиталды» «саяси капиталға» айналдыруға мүмкіндігі қаншалықты көп болса, бизнес-элитаның саяси элитаның белсенді әрі ықпалды сегменттерінің бірі болмақ. Мұндай жағдай, әрине, бизнес-элитаның мемлекет пен қоғамдағы орны мен рөлін жоғарылататыны сөзсіз.

Қазіргі элитологияда «бизнес-элитаның өзінің қаржылық қуаты мен экономикалық ресурстарының арқасында жалпы мемлекеттік шешімдердің қабылдануына пәрменді ықпалын тигізетін ірі кәсіпкерлердің басшы топтары» деп түсіндіріледі. Дегенмен, мұндай түсінік экономикалық көрсеткіштері бойынша жоғары сатыда тұратын ірі бизнесмен топтарына ғана қолданылмаса керек. Ірі өнеркәсіптік корпорациялардың және банктердің акционерлері мен менеджерлері, қаржылық-өнеркәсіптік топтардың барлығы бизнес-элитаның құрамына кірмейтіндігін ескеру керек. Себебі бизнес көлемі елеулі болғанымен, саясаттан алыс тұруды жөн көретін құрылымдар да болады. Олардың ел экономикасына үлкен әсері болуы мүмкін, бірақ саяси процеске араласуы төмен деңгейде болады. Ал басқа бизнес өкілдері үшін саясат – қызметінің маңызды бағыттарының бірі [11].

Әлеуметтік-саяси мәртебесі мен саяси сипаты әртекті болып келетін элиталық топтардың ішіндегі бизнес-элитаның санатына кірудің өзіне тән белгілері бар. Олардың қатарына: бизнес өкілдерінің бақылауда болатын экономикалық ресурстарын; билік пен бизнес құрылымдарындағы байланыстарға, беделді қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарына бақылауының болуын, саяси технологияларды тиімді пайдалануын, т.б. жатқызуға болады. Функционалдық жағынан алғанда, басқа субэлиталық топтардан ерекшеленетін осы элиталық топтар қоғамның түрлі салаларының қызмет етуі ерекшелігін реттеуге және анықтауға қабілетті. Бизнес-элитаның саяси субъектілігі мемлекетті реформалаудың кез келген кезеңінде анағұрлым арта түседі: ресурстық мүмкіндіктерге ие болып, олар өз өкілдерін

мемлекеттік билік құрылымдарына жібереді және мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар саяси шешімдердің қабылдануына түрткі болады.

Бизнес-элитаның жоғары деңгейдегі мемлекеттік шешімдерді қабылдау тетіктеріне араласуы оның елдегі саяси тұрақтылықты сақтауға мүдделі болуымен байланысты. Өйткені саяси тұрақтылық елдегі бизнестің емін-еркін қызмет етуі мен оның одан ары дамуын айқындайтын негізгі фактор болмақ. Дүние жүзінің көптеген елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, нақ саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету кезінде бизнес-элитаның мемлекеттің мүдделері үндестік табады.

Әлбетте, қайсыбір мемлекеттегі бизнес-элитаның немесе ірі бизнес өкілдері үлкен қаржылық, ақпараттық және материалдық ресурстарға ие болып, саяси шешімдердің әзірленуі мен қабылдануы процесіне белсенді қатысуға ұмтылады. Демократиялық елдердің көбісінде бизнес өкілдері заң шығарушы органдарға ықпал етіп, бүкіл бизнестің, ал көбіне оның жекелеген топтарының мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған заңдардың әзірленуі мен қабылдануына бастама жасайды. Тұтас алғанда, кез келген елде бизнес-элитаның өз мүдделерін қорғау үшін билік құрылымдарында лоббилік топтар, саяси ұйымдар құру немесе кәсіпқой саясаткерлерден құралатын саяси партиялар мен қозғалыстарды қаржыландыру секілді уақыт сынынан өткен көптеген тәсілдері бар.

Дегенмен, бизнес-элитаның ішкі топтасуы төмен деңгейде болады: оның мүшелері ынтымақтасып қана қоймайды, сонымен бірге бір-бірімен бәсекелестікке де түседі. Осы құрылымның мүшелері мемлекетпен өзара қарым-қатынастарын жеке дара негізде құрады және билікпен қатынасында өз дербестігін сақтауға тырысады. Еркін нарықтық экономика мен жеке меншік институтының қызмет етуі жағдайында бизнес өкілдері үшін елде қолайлы экономикалық ахуал туғызып, жоғары кіріс табу жағдайын қалыптастыру саяси элиталардың қызметімен байланысты. Өз кезегінде саяси биліктің жекелеген сегменттері мен олармен байланысты бюрократиялық және әкімшілік-саяси элиталар бизнес-элитаның жақындасуға мүдделі болады. Өйткені саясат субъектілерінің билікке қол жеткізіп, оны жүзеге асыруы бизнес-элитаның қолында шоғырланған қомақты қаржы көздерін қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Крыштановская О.В. Трансформация бизнес-элиты России: 1998- 2002 //Социологические исследования, 2002, № 8, 18 б.
2. Тарусина И.Г. Элитисты и плюралисты в современной политической теории //Политические исследования, 1997, №4, 150 б.
3. Бұл да сонда, 151 б.
4. Power and Democracy in America. Norte Dame. 1961. P. 38-71
5. Миллс Р. Властвующая элита. М., 1959, 24 б.
6. Domhoff G.W. Who Rules America? New Jersey, 1967. P. 9
7. Радаев В.В. Новый институциональный подход и деформализация правил в российской экономике //Экономическая социология: Новые подходы к институциональному и сетевому анализу. М., 2002, 140 б.
8. Бурлацкий Ф.М., Галкин А.А. Современный Левиафан: Очерки политической социологии капитализма. М., 1985, 137 б.
9. Согрин В.В. Переосмысливая американскую демократию: генезис, этапы, преемственность //США, Канада – экономика, политика, культура. 2002, №2, 18, 19 б.
10. Крыштановская О.В. Трансформация бизнес-элиты России: 1998- 2002 //Социологические исследования, 2002, № 8, 18 б.
11. Бұл да сонда, 17 б.

Қазақстандағы көші-қон және тіл мәселесі

Айжамал ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,

Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстан халқының көп ұлтты құрамының қалыптасуы мен белен алуы Ресей құрамына ресми түрде қосылудан бұрын-ақ басталған отаршылықтың нәтижесі екені белгілі. Қоныс аударушы казактарды бетке ұстап, сонынан ілескен қашқын шаруалар XVI ғасырдың өзінде-ақ қазақ жеріне келіп қоныс тебе бастаған. Еркінсіген казактар мен орыс әскери отрядтары жаңа қонысқа орналасып, алғашқы қамалдар мен Түмен, Тобыл, Тару, Том, Орал қалаларының негізін қалап, сол арқылы Сібір мен Қазақстан жеріне ішкерілеуге жол ашты. Міне, сол кезеңде қазақ жерлері Ресей империясына қосылғанға дейін салынған әскери қамал, бекіністерге қоныстанған казактардың Орынбор, Орал, Сібір, Жетісуға қоныстандырылған әскери бөлімдері арқылы тартылып алынып қойды. Бірте-бірте казактардың бұл отаршылдық пиғылы тереңдеп, әсіресе, орыстар мен украиндықтар жүйелі түрде табиғи байлығы мол өлкені игеріп меншіктеуге кірісті. XIX ғ. 90-жылдарында қоныстанушылардың негізгі бөлігін Орынбор, Орал, Сібір мен Семей казак-орыс әскері мен оның тұрғындары құрады [1].

Тарихи тәжірибе көрсеткендей кез-келген отарлаушы ел отар еліне үстемдік жүргізу барысында өз билігіне ыңғайлы әдістерді сол елдерге қолданады. Сөйтіп, жергілікті халықтың мәдениетін, тілі мен тарихын, әдет-ғұрпын дамытуға көңіл бөлмей, өз тәртібін орнатуға кіріседі. Қазақстанды отарлап алғаннан соң ресейлік арнайы экспедициялар мен комиссиялар Қазақстанның түкпір-түкпірлерінде елдің табиғи байлықтары мен стратегиялық маңызды тірек пункттерін анықтау және билігін нәтижелі жүргізу үшін қазақ халқының тыныс-тіршілігін білу мақсатында бірізділікте тілі, тарихы, әдет-ғұрпы қамтылған көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде осы күнге жеткен, қазақ елінің тарихы мен қазақ тілінің тарихына байланысты көптеген еңбектер жарыққа шықты [2]. Бірақ, «Ресейдің қол астына кіргеннен бергі қазақ жерінің тарихы – колония тарихы. Колония тарихы – бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы...» – дегендей [3], отарлық саясат тұрғысынан қарастырылған зерттеу жұмыстарында сол саясатқа сай келетін бағыт үстем болды.

Сонымен қатар, XIX ғ. 60-жылдары Ресейде крепостниктік құқық жойылғаннан кейін патша үкіметі жері жоқ басы артық шаруалардан құтылу және отар аймақтарындағы билігін нығайту мақсатында орыс мұжықтарын шеткері аймақтарға қоныстандырды. Шет аймақтардағы билігін орнықтыру жолында патшалық билік жергілікті халықтың сандық және сапалық құрылымын тәртіпке көндіруге ыңғайлы топтарды енгізу арқылы өзгерістер жүргізді.

XIX ғ. 90-жылдарының екінші жартысында келімсектердің келуі күрт артып, тек шаруалар ғана емес, жоқшылыққа ұшыраған қолөнершілер, кәсіпкерлер, ұсақ және орташа буржуазия мен жұмысшылар да қаптай бастады. 1871-1916 жылдар аралығында Қазақстанға (кері қайтқандардан басқа) 1,6 миллиондай адам келіп қоныстанды [4]. Сондай-ақ, 1881-1883 жж. Шыңжаң өлкесінен (Қытай) келген 50 мың ұйғыр мен дүнгеннің басым көпшілігі Қазақстанға орналасты [5]. Мұндай көші-қондық тасқындар жергілікті халықтың өзіндік үлес салмағын кемітті: егер 1897 жылы қазақ жеріндегі қазақтар үлесі 81,8%, ал орыстар 11,0% болса, 1914 жылы қазақтар 58,5%, орыстар 29,6%-ға жетіп, XX ғасырдың I жартысында жергілікті халық үлесінің кему үрдісі тіпті күшейді [6].

Шеткері аймақтарға қоныс аударған казактар мен мұжықтардың қазақ жеріне орнығуының әсері жергілікті халықты мекендеген жерлерінен ығыстырып және айырып, сондай-ақ, үлесін кеміткенінен ғана көрінбейді [7], олар сондай-ақ, қазақ тілінің қолданыс аясын тарылтып, қазақ жазуынан көрі орыс жазуының шешуші рөлде қолдануына мүмкіндік берер факторға айналды.

Қазақ даласына казактар мен мұжықтарды қоныстандыру саясаты жергілікті жерлерде орыс тілін дамытуға итермеледі. Сырттан келген келімсектер саны өскен сайын қазақ жерінде орыс тілінде білім беретін мектептердің ашылуы қажетсініліп, оларда білім алған орысша сауаттылар саны да өсе түсті. Қазақ жеріне өзге ұлт өкілдерінің, әсіресе орыс және украиндардың көші-қонының арқасында орыс тілділердің саны мен үлесінің артуы, сонымен бірге қазақты және оның тілін кемсіту мен менсінбеуге негізделген шовинистік қарым-қатынастың қалыптасуына және қазақ тілінің қолдану аясының тарылуына әкелді.

Сонымен, патша үкіметі билік жүргізу шараларын өзге «бұратана» ұлт өкілдері жылдам түсініп, тәртіпке тез көндігуі мен өз саясатын жүзеге асыру үшін тілін де енгізе бастады.

Тіл – қоғамдық қатынас құралдарының ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Кез-келген елдің дамуына, оның ұлттық рухани ділінің сақталуына қай тілдің көбірек қолданылатыны ерекше әсер етеді.

Тілді қолдану және жергілікті халық тілінің жазу графикасын өзгерту мәселесі отарлау саясаты кезінде арнайы мәнге ие болады. Яғни, Қазақстан Ресейге бодан болғаннан кейінгі кирилл графикасын енгізудің отарлық саясатты жүргізу процесіндегі орны ерекше.

Тарихтан мәлім болғандай түрік мемлекетінің үстемдік құруы ежелгі түрік жазуының, араб жаулап алуларына сәйкес мұсылмандықтың тарауы орта ғасырларда араб жазуының Қазақстан жеріне кең тарауына әкелді. Араб тілінде жазылған інжу-маржандардың дүниеге келгені де мәлім. Қазақ тарихының қыры мен сырын нақтылаудағы ол туындылардың мәні ерекше зор.

Ал, Қазақстанды Ресей отарлап алған соң, патша өкіметі орыс жазуының қазақ жеріндегі негізгі жазу болуына көңіл бөлді. XIX ғасырдың II жартысында қазақ жазуын араб графикасынан кирилл графикасына көшіру әрекеті жасалды. 1861 ж. миссионер И.Ильминский араб әліппесінің орнына орыс әліппесін қолдануды ұсынады. Ол сол кезден бастап өзінің қазақ тіліне, қазақ әдебиетіне байланысты еңбектерін орыс әліппесімен жазды. 1866 ж. Радлов өзінің «Түрік тайпаларының әдебиет нұсқалары» атты шығармаларын (3-томы қазақ әдебиетіне арналған), 1871 жылы Ы.Алтынсарин да өзінің казактар үшін

жазған оқу құралдарын осы орыс әліппесімен басып шығарады. Мұнымен қатар сол кездегі оқымыстылар арасында орыс әліппесіне тек бірен-саран жінішке дауысты ерекше таңбалайтын (э, ө, ү) әріптерді ғана қосып, дауыссыздарға ерекше таңба қоспай алуды ұсынушылар да (Григорьев, Васильев), дауыстылардың э, ө, у, j, и (v) түріне ерекше таңба алумен қатар дауыссыз z, q, g, n, дыбыстарына керекті таңбаларды алу керектігін айтқан оқымыстылар да болды (Ильминский, Радлов). Қазақтан шыққан оқымыстылар да: Алтынсарин, Дүйсембаевтар осылайша орыс әліппесін қолдануға атсалысады («Дала уәлаятына» 1986 жылдары кирилл графикасымен жазылған мақалалары шығады).

Қазақтың жазуын орыс әліпбиіне көшіруді Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлары да қолдап, халық ағарту министріне тілек білдіреді. Ағарту министрі бұл тілек-ұсынысты Ішкі істер министрі арқылы патшаның алдына қояды. 1876 ж. патша бұған қол қояды. Іс осылайша шешілгенімен, қазақ арасында орыс әліппесі ол кезде кең өріс ала қойған жоқ.

XIX ғ. соңындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму процестері Ресейде капиталистік қарым-қатынастардың қалыптасуымен байланысты болды. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазия үшін өндіріс орындарындағы станок, техникалармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білімі бар жұмысшыларды қажетсіндірді. Жергілікті жерлерде техникамен жұмыс істеудің көзін білетін мамандар даярлау үшін жаңа қоғамға орыс графикасын қолдану тиімдірек болар еді. Яғни, патша үкіметіне қалыптасудағы капиталистік қоғамға сай отарлық саясатты жүргізу үшін де орыс графикасын енгізу қажеттілігі туындайды. Бірақ, орыс графикасына негізделген әліппе сөз жүзінде ғана айтылып, іс жүзінде енгізілмеді. Оның себебі екі түрлі: біріншіден, ол кезде қазақ халқы орыс патшасын қалай жек көрсе, орыс тілін де сондай жек көрді. Патша өкіметінің қысымына қарсылық есебінде оның барлық қарарларына қарсы болды; екіншіден және ең бастысы, патша өкіметі қазақ жазуын орыс графикасына көшіруді ойластырғанымен, қазақтарда ана тілінде мектеп болып, газет-журналдардың көбейіп, қазақша кітаптардың басылуына қарсы болды, оған жол бермеді. Осындай себептер кирилл графикасына негізделген қазақ жазуының XIX ғасырда-ақ пайда болуына тоқтау болған деуге болады.

Патша өкіметінің осылайша орыс әліпбиін енгізудегі екіұшты әрекетін Қазан, Стамбул, Уфа арабшылары пайдаланып, қазақ даласына діни мазмұндағы кітаптарды таратты. Жалпы алғанда, араб жаулап алулары нәтижесінде қазақ даласына таралған араб графикасы кеңес үкіметі орнағаннан кейін де 1929 жылға дейін қазақ жазуының негізі болды.

1897 ж. халықтың сандық және сапалық құрамындағы өзгерістерді тіркеген Ресей империясының Бірінші халық санағы өтті. Бұл санақтан халықтың ұлттық құрамын толық анықтау мүмкін болмады. Себебі санақ халықтың құрамын этникалық емес, тілдік белгісіне байланысты анықтап, есептеді. Империя құрамындағы этникалық топтардың қай тілді білуіне байланысты ұлттың белгілеуі ұлттардың нақты санын анықтауда жаңсақтықтар жіберуге итермелейді. Мысалы, украин, белорус, еврей және мордвалардың бір бөлігі (санақ материалдарында олар великорустар деп жазылды) орыс тілін ана тілі деп есептегендіктен, орыс ұлтына жатқызылды. Сондай-ақ, «қырғыздар» мен «қырғыз-қайсақтар» біріктіріліп те берілді, ал олардың бір бөлігі қазақтар болды. Екіншіден, қазақтар

көшпелі өмір сүргендіктен, санақтан тайқып, кейде отбасы құрамын дұрыс көрсетпеуге әкелді. Демографтардың пікірі бойынша 1897 ж. санақта қазақтардың 10%-ы есепке кірмей қалуы да мүмкін [8].

Ресейлік отаршылдық саясатты жүргізу жолындағы патшалық әкімшілікке ыңғайлы орыс тілін қолданушы этникалық топтардың саны мен құрамының өсуі қазақ жеріне келімсектердің көптеп келуі негізінде тіпті күшейді. Арнайы мақсатпен келген миссионерлер, сонымен бірге, өзге діндегілерді христиандыққа енгізумен де айналысты. Шоқынған адамдардың аты-жөні де орысша өзгеріп шыға келетін. Сөйтіп, отарлау, орыстандыру саясатының тағы бір нәтижесі – 1897 ж. санақ бойынша патша өкіметі мен христиан діни басшыларының іс-әрекеті нәтижесінде 660 қазақтың шоқынғаны көрсетілді, жалпы 1911 жылға дейін бұлардың саны 2659-ға жетті.

Сонымен, 1897 ж. жүргізілген санақ қағазында ана тілі, оқи білуі мен оқыған жерін көрсетуі қажеттілігін көрсететін графалар болды. XIX ғ. соңындағы мәліметтердің ішіндегі анағұрлым толық және дәл деуге тұратын осы санақта алғаш рет сауаттылығын, сауаттылық деңгейін анықтауға негізделген сұрақтар болды. Сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін графада үш сұрақ-көрсеткіш белгіленді: орысша сауаттылығы, басқа тілдердегі сауаттылығы және бастауыштан жоғары білім алғандығы туралы. Қазақстан территориясындағы халықтың 8,1% сауатты (12,6 % – ер адамдар, 3,6% – әйелдер) деп есептелінді [9]. Сауаттылығы жағынан басқа ұлттарға қарағанда орыстар жоғарғы көрсеткіш көрсетті – орыстардың 26,6%-ы сауатты болды. Олардың арасында басқа тілдегі сауаттылар болмады. Сауаттылығы жөнінен екінші кезекте татарлар тұрды. Үшінші орынды қазақтар иеленді: 86005 қазақ немесе бүкіл қазақтардың 2,7% - сауатты деп есептелінді.

1917 ж. революциядан кейін кеңес өкіметі орнаған соң, КСРО халықтарының экономикалық және мәдени сұраныстарына сәйкес және халық бұқарасының игеруіне оңай жазуға өту шұғыл қажеттілік деп саналды. Ұлттар теңдігін көксеп, ұлттық кемсітушілікті жоюды көздеген кеңес үкіметінің тіл мәселесіндегі шаралары билікті жүргізудегі оңай әдіс ретінде орыс тілін дамытуға ғана көңіл бөлгендігін көрсетеді. Сол кездегі құжаттар кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ қазақ тілінің пайдалану аясын тарылту процесінің басталғандығына куә болады. Мысалы, ҚАКСР-ның 1921 ж. 21 ақпанындағы республиканың мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану тәртібі туралы декретінде қазақ және орыс тілдерін қолданудың тең құқықтық жағдайын (1-пункт) айта келіп, 3-пунктінде былай дейді: «Республиканың орталық және губерндік мекемелері барлық іс қағаздарын және байланыстарын орыс тілінде жүргізеді». 4-пунктте уездік мекемелердің іс қағаздары мен жоғарғы басшылықпен байланысы орыс тілінде жүргізіледі деген де, содан кейін республика мекемелеріндегі іс қағаздарын жүргізу мен байланыс екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде, қай тілді қолданғаны ыңғайлы және пайдалы екендігіне байланысты жүргізіледі делінген [10]. Ал, республиканың орталық, губерндік және уездік мекемелеріндегі басшы орындарда қызмет жасайтын қызметкерлердің негізінен орыс, украин және басқа да орыс тілін меңгерген ұлт өкілдерінен тұратынын ескерсек, онда қазақ тілінің жергілікті жерлерде болмаса, негізгі шешуші жерлерде қолданбағанын көреміз. Міне, осылайша патшалық Ресей кезінен қазақ тілінің ресми айналымдағы қолданыс қызметінен шеттетілуі кеңес билігі кезінде жалғасты.

XX ғасырдың 20-жылдары КСРО-ның құрамындағы түркі халықтарының әліпбиін (алфавитті) алмастыру мәселесі көтеріледі. Оның себебі XX ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияның алдыңғы қатарлы зиялылары тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының олардың елдеріндегі халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан болды. Алғашында кеңес өкіметінің орталықтан басқаруына тиімді кирилл графикасын енгізу туралы ұсыныстар айтылады. КСРО құрамындағы түркі халықтарының бұрынғы жазуын орыс әліпбиіне (кириллицаға) көшіру әрекеті қатты дауға айналатындықтан, оны елдің патша заманындағы ескі, орыстандыру саясатының қалдықтары деп түсінбесін деген оймен іске асырудың басқа жолдары мен сатыларын қарастырады.

КСРО құрамындағы кезінде патшалы Ресейдің отары болған елдердің түрік тілдес халықтары латын графикасын қолдайды. Қазақстанда да араб графикасы 1929 жылы латын графикасына ауыстырылады. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарында латын әліпбиі бірден енгізілді де, іс қағаздарына енгізу барысы бірнеше жылға созылды. Сонымен бір мезгілде барлық жерлерде ересектермен бірге жастарды түгелдей қамтыған латын әліпбиін үйрету ісі жүргізілді. 1929-1940 жж. аралығында латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі қолданыста болады.

1940 жылдың соңына қарай «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. 1940 ж. 10 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің V сессиясында орыс графикасына ауыстыру жұмысын бірнеше жылдарға созу мәселесі шешілсе де, орыс емес халықтар сол кездің өзінде толықтай кириллицаны меңгеріп алған еді. Қазақстанның мерзімді басылымында (оның ішінде «Социалистік Қазақстан» газетінде де) бірнеше жылдар бойы материалдар орыс әліпбиі (кириллица) мен латын негізінде қатар жарияланып тұрды. Бұл халықтың жаңа әліпбиді тез меңгеруі үшін жасалды. 1930-жылдардағыдай барлық халықты бір мезгілде жаңа әліпбиге үйрету жұмыстары жүргізілді.

Осы жерде айта кететін жайт, неғұрлым ескі алфавитте сауатты адамдар көп болса, соғұрлым жаңа алфавитті ұлт жазуының алфавиті ретінде енгізу қиынырақ соғады. Ал, қазақ тілі XX ғ. өзінде үш түрлі графикада жазылды.

1928-1929 жж. латын графикасына негізделген қазақ жазуы енгізілгеннен кейінгі сауаттылық деңгейінің өсуін қарастырсақ, онда 1929 жылы қазақтардың 8%-ы, 1930 жылы 30 %-ы, ал 1932 жылы 50 %-ы жаңа қазақ алфавиті негізінде сауатты деп тіркелді. Жаңа графика негізінде басылып шыққан баспа санына келсек, онда олардың саны 1928 жылы – 15 болса, 1929 жылы – 129, ал, 1930-1931 жж. – 357 болды [11]. Сонымен бірген сауаттылардың басқаларымен бірге осы топтардың да орыс графикасын да меңгергені айтылады. 1939-1959 жж. арасында Қазақстандағы орыс тілділердің саны мен орысша сауаттылардың саны мен үлесін, Қазақстандағы мектептердің негізінен орыс тілінде сауат аштыратындығы мен қазақ тілінің жүргізілуіне көңіл қоймауын ескерсек, онда 1959 жылғы санақта бар болғаны 29,9% болған қазақтардың да негізінен орыс тілінде сауатты болғанын немесе негізінен ауылды жерлерде болмаса, негізінен оңтүстік және Батыс аймақтарында, қазақ тілінің кирилл графикасында болғанымен бірге, орыс мектептерінің көптеп болғандығы қазақ жазуы мен қазақ тіліне деген қажеттілік пен сұраныстың төмендегенін, ал орыс тілінің ресми тіл

ретінде жан-жақты қолданылғанын негіздейді. Ұлттық тіл жазуының графикасын бір емес бірнеше рет ауыстырып, айналып келгенде оны кирилл графикасына өткізіп қолдандыру да қазақ тілі мен жазуының қазіргі мүшкіл жағдайының туындауына алып келді. Ал, бірнеше ғасырдан бері мызғымай пайдаланылудағы орыс тілі мен жазуы ғаламдандудағы әлем жағдайында қай тілді пайдаланғаны бәрібір болған қазақтың көпшілік азаматтары үшін оқуы та пайдалануы да ыңғайлы тіл ретінде қабылданылып, ал қазақ тілі мен жазуы халықаралық қарым-қатынастар мен елдің ішкі және сыртқы экономикасының дамуы барысында ерекше қажетсіндірілмегендіктен кең қолданылмай отыр.

Кеңес үкіметі тұсындағы жұттар, ашаршылықтар мен репрессиялар арқасында қазақ жерін «қазақтардан тазартқан» соң, басқа республикалардан мыңдап адамдарды көшіріп әкеліп, «Қазақстан – халықтар достығының шынайы лабораториясына», «социалистік интернационализм жеңісінің нақты үлгісіне» және т.б. айналды. Оның оң әсері де болды, бірақ толқын-толқын көші-қон процестері нәтижесінде сырттан өзге ұлт өкілдерінің енгізілуі қазақтардың өз елінде аз ұлтқа айналдырды, ана тілінің қолдану ауқымы тарылды, қазақ мектептері жабыла бастады, ана тілін білмейтін қазақ жастары көбейді, 1980 жылдардың аяғында қазақтардың 40% өз ана тілін білмеді, ал Алматы қаласындағы қазақ жасөспірімдердің 90% өз ана тілінде сөйлемеді, не нашар білді, олардың ұлттың дәстүрлі әдет-ғұрпы мен мәдениетінен хабарсыз бола бастағанын, жалпы қазақ ұлтының болашағы бұлыңғырланып көмескі бола бастағанын ашып айта алмай келдік.

Егеменділік жағдайында көп ұлтты ел екендігімізді мақтаныш тұта отырып, біз қазақ халқының, республикадағы басқа ұлт өкілдерімен бірге және салыстырмалы түрде, әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктерін арнайы түрде зерттеуге де ден қоямыз. Ұлт аралық келісім мен татулықты дәріптей отырып, жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттігіне толықталамыз. Соның ішінде ана тілін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтаушы, ұлттық ерекшеліктердің, тілі мен ділінің сақталуына мүмкіндік беретін қазақ тілі білетін, қазақша сауаттылардың саны мен сапасын көтеру.

Әлемге алғашқы өркениетті берген халықтың ұрпақтары - Әл Фарабидың, Ахмет Яссаудың, Тауке мен Абылайдың, Төле, Қазыбек, Айтеке сынды билердің, Махамбеттің, Абай, Шокан, Аманкелді, Шоқай, Байтұрсыновтардың, Рысқұловтың мұрагерлері, өздерін халқымыздың «элитасы» санайтын мырзалар бүгін майда-шүйде мәселелерге әуес болып, Отанымыздың тағдыры шешіліп жатқан кезде кара бастарының қамымен жүріп, ұлттық тіл мен ұлттық дәстүрдің сақталуына жаны ауырмауда. Өркениетті елдің дамыған азаматы ретінде жан-жақты дами отырып, үш тіл тұрмақ, қызығушылық танытса одан да көп тілді меңгере алатын, қазақ тілінің, мәдениетінің, дәстүрі мен тәрбиесінің бал-қаймағын құнарымен жалғастыруды мақтан тұтатын әрбір қазақ, қазақ қана емес қазақ жерін сыйлаған әрбір Қазақстан азаматы тіл мәселесін дұрыс түсінсе, онда жергілікті ұлт тілінің дамуына ешбір кедергі болмақ емес. Қазақстанда тұратын, патша өкіметі мен кеңестік дәуір кезінде ерікті және мәжбүрлі түрде жүргізілген көші-қон саясаты нәтижесінде қазақ жеріне келіп тұрақтанған ұлт өкілдерінің ұрпақтары қазақ жерін отаным деп сезіне отырып, қазақ тілінің тарихи жағдайларға байланысты жоғалтқан мәртебесін көтеруге қолдау танытқаны абзал. Ал, басқаша жағдайда біздің ұрпақтарымыз Қазақстан деген географиялық атауы ғана сақталған елде өмір сүруі ғажап емес.

Сонымен, Қазақстанда қалыптасқан тіл мәселесінің қазіргі жағдайына себеп болған фактордың бірі – XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. бойы қарқынды түрде жүрген көші-қон процесі екендігі сөзсіз.

Кенес дәуіріндегі сыртқы миграциялық толқынның Қазақстан индустриясының дамып, жаңа қалалардың пайда болып, ескі қалалардың жаңаруына, ауыл шаруашылығы мен мәдениетіне тигізген игі әсерімен бірге оның көлеңкелі тұстары да көп болды.

Біріншіден, көші-қон процесінің қарқынды жүруінің нәтижесінде Қазақстан халқының құрамын тым көпұлттанудың акыры Қазақстанда 1930 жылдардан бастап 1980 жылдың аяғына дейін жергілікті халықтың өз отанында азшылыққа айналуына жол ашты. Қазіргі кезде қазақтар республика халқының жартысынан көбін құрағанымен, Шығыс, Орталық, Солтүстік аймақтағы бес облыс пен Алматы қаласында көтерілгенімен, әлі де аз болып отыр. Мәселен, 1999 жылы қазақтардың Қостанай облысындағы өзіндік үлес салмағы 21,3%, Шығыс Қазақстанда 32,0%, Алматы қаласында 30,1% ғана болса [12], 2006 ж. Қостанай облысында 34,4%, Солтүстік Қазақстанда 32,7%, Алматы қаласында 46,4%-ға көтерілді.

Екіншіден, негізінен Қазақстанда орыс тілділердің басым болуы мен орыс тілі мен жазуының кең қолданылуы араб жазуынан алдымен латын, одан кейін кириллицаға көшірілген қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде қолданудан шеттетілуі мен аясының тарылуына әкеліп соқтырды. Тіпті Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған күннің өзінде де қазақ тілі лайықты бағаланбай келді.

Орыс тілі іс жүзінде Қазақстан Ресейдің отары болған кезден бері қолданылатын тіл болғандықтан, XX ғ. басында оның жазу графикасына өзгерістер енгізілгенімен қазақ жерінде ұдайы және үзіліссіз пайдаланылуда. Мұның өзі қазақ тілінде сауаттылардан көрі орыс тілінде сауаттылардың саны мен үлесінің әрдайым көп болуына әсерін тигізуде. Орыс тілінің мемлекеттік тілден ауқымы күшті, баспа, парламент, оқу орындары және т.б. салаларда қазақ тілінен де көп қолданылатыны шындық. Осы жерде айта кететін жайт, қазіргі Ресей Федерациясында да тіл мәселесі күрделі мәселе ретінде көтеріліп отыр. Ғаламдану процесіне енген сайын, қолдануға ыңғайлы тіл ретінде жастар арасында ағылшын тілінің басымдық көрсетуі орыс тілінің шұбарлануына әкелуде. Бұл өз кезегінде орыс тілін сақтап қалу қажеттігі мәселесін туғызуда. Сол себепті, осы жерде айта кететін жайт, Қазақстанда қазақ тілі мәртебесін көтеру туралы сөз қозғау орыс тіліне деген қарсылықты білдірмейді, ол ұлт тілін сақтап қалу үшін алаңдағанымызды білдіреді.

Қорытындылай келе айтарымыз, патшалық Ресейге отарлық кезіндегі елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуындағы қалыптасқан бағыныштылық бағыт, кенес дәуіріндегі репрессиялық саясат негізінде қазақтың озық ойлыларының бас көтеруіне тойтарыс беру, көші-қон нәтижесінде сырттан қазақ емес ұлттардың көптеп енуі және оларға ортақ түсінікті де қолайлы тіл ретінде орыс тілінің қолданылуы, әлеуметтік құрылымның барлық бөліктерінде басшылық орындарда қазақ емес, әсіресе славян халықтары өкілдерінің басым болуы, орыс тілділердің негізгі қызмет орындарында көпшілік болуы, кириллицаның арнайы енгізілгенге дейін ұзақ уақыт қолданыста болып, жазба мәдениетінің күрт дамуы кезінде негізгі байланыс құралы ретіндегі орыс тілінің мәртебесінің берік тамырланып, қолданылуы әлі күнге дейін негізгі қызмет орындарында орыс тілділердің басым болуы қатынас тілі ретінде орыс тілін қолдануды тиімді және

пайдалы деп шешуге әкелуде. Яғни, жергілікті ұлт тілінің ресми қолданыста болғанымен іс жүзінде қажеттілік барысында шеттетілуі, латын графикасы енгізілгенге дейінгі, кезіндегі және кейінгі кезеңде де кирилл графикасының қолданылуының мызғымастығы, кеңестік дәуірде қазақ тілінің қолданыс аясын тарылтқан мемлекет саясаты, кириллица енгізілгеннен кейінгі сауатсыздықты жою мен білім беру орындарының (мектептердің) көптеп ашылуы – олардың ішінде орта және арнайы білім беретін мектептер мен білім беру мекемелеріндегі сабақтардың орыс тілінде жүргізілуі, орыс мектептерінің сандық және үлестік мөлшерінің көп болуы, қазақ тілін білетін, қолданатын қазақтар саны мен үлесінің төмен болуы, қазақ тілінің мәртебесінің лайықты тұғырға көтерілмеуіне әкелген себептерді туғызды.

Қазіргі мемлекетіміздің тіл саясаты бұл кемшіліктің орнын толтыруда, бірқатар жетістіктер де бар, бірақ қарқын мәз емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. История Казахстана. Очерк. -Алматы, 1993. С.176; Герасимова Э.И. Уральск. Исторический очерк (1913-1917 гг.). -Алма-Ата, 1969. С.13-17.
2. История Казахстана. Дореволюционный период. Аннотированный библиографический указатель казахских и русских книг и рукописей, хранящихся в фондах ЦНБ МОН РК. Т. 1 – 2. -Алматы, 2007.
3. Шонанұлы Т. Жер тағдыры –ел тағдыры. -Алматы, 1995. -17-б.
4. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. -Москва, 1986. С. 107, 161.
5. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. -Алма-Ата, 1965. С. 270-275.
6. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). -Алматы, 1991. С.41-43.
7. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. -Алма-Ата, 1991; Шмурло Е. Русские и киргизы долины Верхней Бухтармы // ЗСОРГО. Семипалатинск, 1907; Огановский Н.П. Обновление земледельческой России и аграрная политика. Население. Переселенческий вопрос. Москва, 1914.
8. История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане. Алматы, 1998, с. 12-13.
9. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX вв.). Алма-Ата, Наука, КазССР, 1968, 487 с. С.82, 83
10. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг.). Сборник документов и материалов. - Алма-Ата, 1962. - 954 с.(16)
11. Г.Тогжанов. История движения и победы нового алфавита среди казахов. Бельшевик Казахстана. №6, 1933, С. 12.
12. Демографический ежегодник Казахстана. -Алматы, 1999.

Үшінші сайланған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің құрамы

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
тарих ғылымдарының кандидаты

Біз Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихын зерттеу барысында мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (одан ары – ҚазОАК немесе Қазатком) 9 рет сайланған құрамын және оның мүшелері мен кандидаттарын анықтау ісін қолға алдық. Қазіргі уақытта 9 рет сайланған құрамда мүше және кандидат болған барлығы 1593 адамның (қатарынан бірнеше құрамда болған адамдарды қысқартқанда 1207 адам) аты-жөндері мен ҚазОАК құрамына сайланған кездегі атқарған қызметі мен лауазымы тұңғыш рет мұрағат құжаттары негізінде анықталып, олардың өмірбаяндық мәліметтер қоры топтастырылды. Бірінші сайланған Қазатком құрамы «Қазақстан мұрағаттары» журналында жарық көрсе [1], екінші құрамы аталмыш журнал редакциясында баспа кезегін күтуде. Жарық көрген аталмыш мақаламызда ҚазОАК мүшелерін анықтаудың өзектілігі мен маңыздылығын көрсеткен болатынбыз. Бүгінгі мақаламызда үшінші сайланған Қазатком құрамын, оның мүшелері мен кандидаттарын анықтап, оларға қатысты өмірбаяндық мәліметтерді тұңғыш рет ғылыми айналымға ұсынып отырмыз.

1922 жылдың 6-13 қазаны аралығында Орынбор қаласында өткен Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің Бүкілқазақтық үшінші сиезінің күн тәртібінде қарастырылған он бірінші мәселе – Қазақ Орталық Атқару Комитетін сайлау еді [2]. Сиезге жер-жерден сайланып келген 377 делегат шешуші дауыспен қатысты. Делегаттардың 303-і РКП(б) мүшесі, 13-і мүшелікке кандидат, ал 65-і партияда жоқтар еді. Сиез делегаттарының 189-ы орыс, 150-і қазақ, 33-і өзге ұлт өкілдері болды. Жыныстық құрамы бойынша 15-і әйел болса, қалғаны ерлер еді [3]. Сиез 75 мүшеден және 30 мүшелікке кандидаттан тұратын Қазаткомды сайлады [4].

3-ші сайланған ҚазОАК құрамының мүшесі болған 75 адамның 15-і Қазатком құрамына 3-ші рет, 8-і 2-ші рет сайланып отырса, 52-сі (оның 2-уі 2-сайланған ҚазОАК кандидаты болған еді) алғаш рет сайланды. Біз 1-ші және 2-сайланған ҚазОАК құрамын алдыңғы еңбектерімізде анықтап, олардың мүшелеріне өмірбаяндық мәліметтер беріп кеткендіктен, олардың құрамында болған 23 адамға қатысты өмірбаяндық мәліметтерді көрсетпейміз. Тек олардың 3-ші Бүкілқазақ сиезі кезіндегі ресми қызметі мен лауазымын ғана көрсетіп кетеміз. Ал ҚазОАК құрамына тұңғыш рет сайланып отырған адамдарға қатысты мәліметтерді қысқа-қысқа беруді жөн санадық. Сонымен, төменде көрсетілген адамдар 3-сайланған Қазаткомның мүшесі болды:

1. **Асылбеков Абдолла Әбдірахманұлы (Мүсәпірұлы)** (1896-1937) – ҚазОАК Төралқасының мүшесі. РКП(б) Қыробкомының хатшысы. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [5].
2. **Атаниязов Мырзағұл Атанияұлы** (1899-1945) – Әділет халкомы, ҚазОАК Төралқасының мүшелігіне кандидат, РКП(б) Қыробкомының Үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [6].
3. **Алманов Бәймен Алманұлы** (1896-1941) – Адай уездік ревкомының төрағасы (Александровск). ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [7].
4. **Әйтиев Әбдірахман** (1886-1936) – Ішкі істер халкомы, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [8].
5. **Белов Дмитрий Григорьевич** – РКЖО (РКСМ) обкомының мүшесі және Жолшылар кәсіподағы мәдениет бөлімінің меңгерушісі. 1897 ж. мешан отбасында туған, орыс. 1919 ж-дан РКП(б) мүшесі. Приходьтық училищені бітірген [9].
6. **Будрейко Владислав Францевич** – Шалқар уездік комитетінің хатшысы. 1894 ж. шаруа отбасында туған, литван. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. Бастауыш білімі бар баспа және ағарту қызметкері [10].
7. **Баранов Николай Андреевич** – Семей губерниялық сотының төрағасы, РКП(б) Семей губкомының және губаткомының мүшесі. 1882 ж. Тула облысында туған, орыс. Үйленген. 1913 ж-дан РКП(б) мүшесі. 2 сынып біліміне сәйкес келетін үй білімін алған. 1920 ж-дан бастап Қазақстанда тұрады. Кеңес қызметкері [11].
8. **Боробьев Иван Васильевич** – 1894 ж. туған, орыс қазағы. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. Село мектебін бітірген. Кеңес қызметкері [12].
9. **Варламов Петр Иванович** – РКП(б) Бөкей губкомының мүшесі, Еңбекті қорғау бөлімінің меңгерушісі. 1899 ж. Царицын губерниясында туған, орыс. 1918 ж. қазанынан РКП(б) мүшесі. Кеңес қызметкері. 1919 ж-дан бастап Қазақстанда тұрады. Жоғарғы бастауыш училищені бітірген [13].
10. **Вайнштейн Арон Исаакович** (1877-1938) – ЕжҚК (СТО) төрағасы, ҚАКСР Халкомкөнесі төрағасының орынбасары, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. Вильно қаласындағы қызметкер мешан отбасында туған, еврей. 1897 ж-дан Бунд, 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1897 ж. Вильно Еврей мұғалімдер институтын бітірген. Кеңес қызметкері [14].
11. **Жангельдин Әліби Тоқжанұлы** (1884-1953) – Әлеуметтік қамсыздандыру халкомы, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [15].
12. **Дронин Илья Васильевич** – Тамақ жасаушылар одағының және Губерниялық кәсіподақ кеңесінің хатшысы. 1891 ж. Қазақстанда шаруа отбасында туған, орыс. 1917 ж. шілдесінен РКП(б) мүшесі. Үй білімін алған. Тамақ өнеркәсібінің қызметкері [16].
13. **Жанғұлов (Джангулов) Қабыш** – 1893 ж. туған, қазақ. Партияда жоқ. Шала сауатты [17].
14. **Бекқалиев (Бекғалиев) Қайырлы Бекқалиұлы** (1897-1953) – 1920-1923 ж-ры аудандық азық-түлік комиссары, Бөкей губаткомы төрағасының орынбасары, губтрибунал төрағасы, Бөкей губерниясы Жәнібек ауданы бойынша азық-түлік комиссары. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1919 ж. Мәскеу қаласындағы БОАК жанындағы кеңес-партия қызметкерлері курсын бітірген. 2-сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат болған [18].

15. **Сәдуақасов Жанайдар Сәдуақасұлы** (1898-1938) - ҚазОАК жауапты хатшысы және Төралқасының мүшесі. Ақмола облысы Ақмола уезінде туған, қазақ. 1915 ж. Ақмоладағы приходтік училищені бітірген. 1917-1919 ж-ры Омбы гимназиясында оқыған, «Бірлік» ұйымының мүшесі болған. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1920-1922 ж-ры РКП(б) Ақмола уездік комитетінің нұсқаушысы, Ақмола уездік халық ағарту бөлімі саяси секторының меңгерушісі, Ақмола уездік аткомы және губаткомының жауапты хатшысы, Черлак уездік ревкомының төрағасы қызметтерін атқарған [19].

16. **Теумин Исаак Владимирович** – РСФСР Сыртқы сауда халкоматының ҚАКСР-дегі өкілетті өкілі. 1872 ж. мешан отбасында туған, еврей. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. Шетел университетін бітірген, мұғалім [20].

17. **Қасаболатов Есенғали Керейұлы** – Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, участкелік дәрігер. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [21].

18. **Исаев (Исеев) Ораз Жанұзақұлы** (1899-1938) – РКП(б) Орал губкомының жауапты нұсқаушысы. Орал облысы, Ілбішін уезінде туған, қазақ. 1921 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1915 ж. Қарасу-Шалқар 2 сыныпты орыс-қазақ училищесін бітірген [22].

19. **Сартаев Мырзалы Байманұлы** – Губатком мүшесі. 1885 ж. малшы шаруа отбасында туған, қазақ. Партияда жоқ. 2 сыныпты орыс-қазақ мектебін бітірген [23].

20. **Журевский Петр Бертулевич** (1894-1963) – Бүкілодақтық кәсіподақтардың орталық кеңесінің (ВЦСПС) хатшысы, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [24].

21. **Саматов Мұхтар Саматұлы** – Азық-түлік халкомы, ҚазОАК Төралқасының мүшелігіне кандидат. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [25].

22. **Рахматуллина Ғафистра (Ғафифа) Ғалиқызы** – 1899 ж. зиялы мешан отбасында туған, татар. 1921 ж. шілдесінен РКП(б) мүшесі. Білімі – орта [26].

23. **Шәріпов Сабыр Шәріпұлы** – Ақмола губаткомының төрағасы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [27].

24. **Темірбеков Ілияс Құлжанұлы** (1893-1927) – Ақтөбе губерниясы Темір каласында туған, қазақ. 1913 ж. Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінің 3 сыныбын бітірген. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1918-1922 ж-ры Темір уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, Темір уездік жер бөлімінің меңгерушісі, РКП(б) Темір укомы үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі [28].

25. **Маслов Федор Кузьмич** – Орынбор губерниялық халық шаруашылығы кеңесінің мүшесі және ҚазОАК Төралқасының мүшелігіне кандидат. 1885 ж. шаруа отбасында туған, орыс. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. Әскери-инженерлік мектепті бітірген. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [29].

26. **Чернадьев Иван Сергеевич** – РКП(б) Ақмола губкомының жауапты хатшысы. 1880 ж. Вятск губерниясында шаруа отбасында туған, орыс. 1906-1911 ж-ры Вирскіде Социал-революционерлер партиясының мүшесі болған. 1911 ж-дан РКП(б) мүшесі. Вирск уездік училищесін бітірген. 1922 ж. 15 маусымынан бері Қазақстанда тұрады. Үйленген, қызы бар [30].

27. **Байсалықов Нұрмак** – Жұмысшы факультетінің 2-курс студенті. 1893 ж. Ақмола губерниясында туған, қазақ. Ақмола қалалық мектебін бітірген. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі [31].

28. **Айнабеков Салых Айнабекұлы** – 1900 ж. туған, қазақ. Партияда жоқ. 3 жылдық педагогикалық курстың 2 сыныбын бітірген [32].

29. **Дунаев Федор Александрович** – РКП(б) Ақтөбе губкомы Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және губаткомның Бюро мүшесі, «Киргизская степь» газетінің редакторы. 1900 ж. Иваново-Вознесенскідегі мешан отбасында туған. 1920 ж. наурыз айынан бастап Қазақстанда тұрады. 1920 ж. РКП(б) мүшесі. Гимназия бітірген [33].

30. **Пилявский Станислав Станиславович** (1882-?) – 1922 ж. шілдесінен 1923 ж. мамырына дейін ҚАКСР Әділет халкомының орынбасары. ҚазОАК Төралқасының мүшесі. 1923 ж. мамырда Москваға кеткен, 14 маусымда сонда жана қызметке (Мәскеу каласы прокурорының көмекшісі) бекітілген. 1882 ж. Вильнодағы дворян-чиновник дәрігер отбасында туған, поляк. 1901-1903 ж-ры Польша және Литва социал-демократиялық партиясының, 1903 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1903 ж. Петербург университетінің заң факультетін бітірген [34].

31. **Ряхов Михаил Терентьевич** – Қостанай губаткомының төрағасы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [35].

32. **Сергеев Сергей Дмитриевич** (1884-1944) – 1921-1923 жылдары Ашаршылық зардаптарын жою жөніндегі орталық комиссия төрағасының орынбасары. 1884 ж. туған, орыс. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. Білімі – орта. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [36].

33. **Нұрмұхамедов Хасен Нұрмұхамедұлы** (1900-1938) – 1922-1923 жылдары «Еңбекші қазақ» газеті редакциясының алқа мүшесі және «Қызыл Қазақстан» журналының жауапты редакторы. Қарағанды облысы Есіл ауданында туған, қазақ. 1917-1919 ж-ры «Алаш» партиясының, 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1921 ж. Омбы каласындағы Сібір облыстық кеңес-партия мектебін бітірген [37].

34. **Дрынышев Сергей Дмитриевич** – Губревтрибунал төрағасы. 1892 ж. шаруа отбасында туған, орыс. 1919 ж-дан РКП(б) мүшесі. Селолық бастауыш училищені бітірген [38].

35. **Мұқашев Тілеужан Мұқашұлы** – Губатком басқармасы бөлімінің меңгерушісі және Төралқа мүшесі. 1891 ж. малшы шаруа отбасында туған, қазақ. 1919 ж-дан РКП(б) мүшесі. Ақтөбедегі 2 сыныпты орыс-қазақ училищесін бітірген. Кеңес қызметкері [39].

36. **Кокушкин Александр Федорович** (1888-?) – 1922 ж. маусымынан 1923 ж. маусымына дейін ҚАКСР Қаржы халкомы. Кострома губерниясы Токаревка селосындағы шаруа отбасында туған, орыс. 1913-1914 ж-ры социалист-революционерлер партиясының (эсерлер), 1919 ж. тамызынан РКП(б) мүшесі. Петербургтағы жоғары ауыл-шаруашылық курсын бітірген. Орта білімді конторщик-бухгалтер [40].

37. **Коростелев Георгий Алексеевич** – 1921 ж. тамызы – 1924 ж. қыркүйегі РКП(б) Қырғыз (Қазақ) облыстық комитетінің хатшысы, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [41].

38. **Григорьев Николай Степанович** – Қырғыз өлкелік әскери комиссары. 1888 ж. туған, орыс. 1917 ж-дан РКП(б) мүшесі. Жұмысшы-металшы. Техниктер мен инженерлер даярлайтын 4 сыныпты мектепте оқыған [42].

39. **Бабинов Иван Макарович** – МСБ ӨӨ (ПП ГПУ). 1897 ж. туған, орыс. 1917 ж-дан РКП(б) мүшесі. 2 сыныпты училищені бітірген [43].

40. **Тобольцев (Тубальцев) Иван Николаевич** – 1891 ж. туған, орыс. 1917 ж-дан РКП(б) мүшесі. Үй білімін алған [44].

41. **Лобов Иван Григорьевич** – РКП(б) Ақмола губкомының Үгіт-насихат бөлімінің және губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі. 1895 ж. Рязань губерниясында туған, орыс. Көркемсурет институтын аяқтамаған. 1918 ж. қыркүйегінен РКП(б) мүшесі. 1920 ж-дан Қазақстанда тұрады. Үйленген [45].

42. **Андреев Иван Ильич** – Ұста. 1882 ж. мешан отбасында туған, орыс. Үй білімін алған [46].

43. **Катченко Захария Петрович** – Ақмола губревтрибуналының төрағасы. 1888 ж. Смоленск губерниясындағы шаруа отбасында туған, орыс. 1909 ж-дан Қазақстанда тұрады. 1918 ж. ақпанынан (кейбір құжаттарда 1919 ж-дан) РКП(б) мүшесі. Тау-кен жұмысшысы [47].

44. **Крицкий Антон Дорофеевич** – Екінші. Шаруа отбасында туған, орыс. Партияда жоқ. 2 сыныпты қалалық училищені бітірген [48].

45. **Мутнов Никита Ефремович** – РКП(б) Орынбор губкомының хатшысы. 1890 ж. Самара губерниясында жұмысшы отбасында туған, орыс. Үй білімін алған ағаш шебері. 1905 ж-дан РКП(б) мүшесі. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [49].

46. **Дикинцев Нұрман Джикеневич** – Орск уездік аткомының мүшесі. 1872 ж. туған, қазақ. Партияда жоқ. Мұғалім. Орынбордағы қырғыз мұғалімдерінің мектебін бітірген [50].

47. **Киселев Иван Федорович** – РКП(б) Орал губкомының төрағасы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [51].

48. **Егоров Яков Георгиевич** (1892-?) – РКП(б) Семей губкомының хатшысы. 2-сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат болған [52].

49. **Сейфуллин Сәдуақас (Сәкен)** – Қазхалком төрағасы және Қазатком Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [53].

50. **Мендешев Сейітқали Мендешұлы** (1882-1938) – 1920 ж. қазанынан 1925 ж. сәуіріне дейін Қаз ОАК төрағасы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [54].

51. **Терехов (Терихов) Сергей Павлович** – Орынбор губаткомының төрағасы, ҚазОАК Төралқасының мүшесі. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [55].

52. **Залиев Нұрман Залиұлы** (1889-1938) – Ағарту халкомы. Ішкі Бөкей ордасы, Новая Казанка поселкесінде балықшы отбасында туған, қазақ. 1919 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1909 ж. Қазандағы мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1918 ж-ры орыс-қазақ бастауыш мектептерінің мұғалімі. 1918-1919 ж-ры Бөкей облыстық жер басқармасы және облыстық халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі (Орда қаласы). 1919 ж. Қазақ атты әскер полкінде қызмет еткен. 1920-1922 ж-ры Қамыс-Самар уездік аткомының төрағасы. 1-сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат болған [56].

53. **Оразбаева Алма Ділмұхамедқызы** (1898-1948) – РКП(б) Қыробкомының Әйелдер бөлімінің меңгерушісі, халық ағарту қызметкері, кеңес қызметкерлері кәсіподағының мүшесі. 1898 ж. Бөкей губерниясында туған, қазақ. 1919 ж. 14 қазанынан РКП(б) мүшесі. Москва университетін бітірген. Күйеуге шықпаған [57].

54. **Темірәлиев (Тимралиев) Досғұл Темірәліұлы** – Жер-су халкомы. ҚазОАК құрамына 2-рет сайланып отыр [58].

55. **Нұрмақов Нығмет** (1896-1937) – 1921-1923 жылдары ҚАКСР ОАК жанындағы Жоғарғы трибунал төрағасы, 1923 ж. мамырынан 1924 ж. қыркүйегіне дейін ҚАКСР Әділет халкомы және прокуроры, сонымен қатар «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы және БК(б)П Қазөлкеком Үгіт-насихат бөлімінің

меңгерушісі. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК Төралқасының мүшелігіне кандидат болып сайланды [59].

56. **Егеев (Эгеев) Ысқақ Егеулы** – Кеңес қызметкері. 1884 ж. туған, қазақ. Партияда жоқ. Ескіше сауатты [60].

57. **Сералин Мұхамеджан Сералыұлы** (1868-1929) – Жазушы, журналист. 1868 ж. туған, қазақ. Троицк медресесі мен Қостанай қаласындағы орыс-қазақ училищесін бітірген. «Айқап» журналының құрылтайшысы және редакторы болған. 1919 ж-дан РКП(б) мүшесі [61].

58. **Либавский (Банк-Либавский) Соломон Аронович** – 1922 ж. шілдесінен 1923 ж. мамырына дейін РКП(б) Қостанай губкомының бірінші хатшысы. 1894 ж. Курляндия губерниясының Якобштадт қаласындағы мешан отбасында туған, еврей. Білімі – орта. 1917 ж. қаңтарынан РКП(б) мүшесі. 1923 ж. мамырында РКП(б) ОК қарауына кеткен [62].

59. **Сұлтанбеков Жағыфар Сұлтанбекұлы** (1898-1938) – 1920-1922 ж-ры Қостанай губерниясында аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, Арақарағай болыстық аткомының төрағасы. Қостанай уезі Арақарағай болысында мал өсіруші отбасында туған, қазақ. 1913 ж. Қостанайдағы 2 жылдық педагогикалық курсты бітірген. Партияда жоқ. 1918 ж-дан мұғалім [63].

60. **Ержанов (Иржанов) Әмірәли (Амралий) Ержанұлы** – Кеңес қызметкері. 1900 ж. туған, қазақ. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. 2 сыныпты жоғарғы бастауыш училищені бітірген [64].

61. **Мыңбаев Жалау Мыңбайұлы** – 1917-1924 ж-ры Форт-Александровскіде, Адай уезінің әкімшілік орталығында уездік атком төрағасының орынбасары, уездік милиция бастығы, ревком төрағасы болды. 1892 ж. Адай уезінде туған, қазақ. Партияда жоқ. Форт-Урицкідегі бір сыныпты қалалық мектепті бітірген. 1917 ж-ға дейін кара жұмысшы [65].

62. **Шалин** – ҚазОАК мүшелерінің тізімі берілген кейбір құжаттарда **Шалин Михаил Алексеевич** деп көрсетілсе [66], кейбір құжаттарда **Шалин Джумагай** деп жазылған [67]. Ал үшінші Бүкілқазақ сиезінің № 9 бюллетенінде **Шанин** деп жазылған [68]. Әзірге осы 3 адамның қайсысы ҚазОАК мүшесі болғанын нақты дәлелдейтін құжат таба алған жоқпыз.

63. **Әлібеков (Алибеков) Әлиаскар Мендиярұлы** – ЖШИ халкомы, ҚазОАК Төралқасының мүшелігіне кандидат. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [69].

64. **Аустаньязов Аққалай Аустаниязұлы** – ?

65. **Досов Әбілқайыр Ысқақұлы** – Семей губаткомының төрағасы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [70].

66. **Ерғалиев** – ? (мүмкін, Берғалиев – С.Ш.).

67. **Заромский (Мороз) Исаак Михайлович** (1897-?) – ҚАКСР Еңбек халкомы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр. 1922 жылы қазан айында Москваға кеткен, содан Қазақстанға қайта оралмаған [71].

68. **Лукашев** – ?

69. **Мырзағалиев Мұхамедхафи** (1887-1938) – 1922-1926 жылдары РКФСР Халкомкеңесі жанындағы ҚАКСР өкілі. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [72].

70. **Нестеров Михаил Васильевич** – 1922 жылдың 16 тамызынан 1923 жылдың желтоқсанына дейін РКФСР Халық шаруашылығы жоғарғы кеңесі халкоматының Қырғыз өндірістік бюросының төрағасы [73].

71. **Рожков Иосиф Арсентьевич** – Семей губерниялық халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы [74].

72. **Саликов Дмитрий Павлович** – РКФСР Жол қатынастары халкоматының Қазақстандағы өкілі [75].

73. **Самсонов Александр Иванович** – Өскемен уездік аткомының төрағасы [76].

74. **Таманов** – ? Кейін ҚазОАК құрамынан шығарылған.

75. **Шамов Михаил Сергеевич** – Денсаулық сақтау халкомы. ҚазОАК құрамына 3-рет сайланып отыр [77].

РКП(б) Қыробкомының хатшысы Г.Коростелев коммунистік фракцияның атынан сөз сөйлеп, ҚазОАК мүшелігіне кандидаттардың санын 25-тен 30-ға дейін жеткізуді ұсынды. Осы ұсыныс негізінде, Қазатком мүшелігіне кандидат болып төмендегідей адамдар сайланды:

1. **Алибаев** – ?

2. **Арынғазиев Камалитдин Жүсіпұлы** – Ақтөбе губерниялық камсыздандыру бөлімінің меңгерушісі. 1885 ж. туған, казак. 1920 ж. 15 қарашасынан РКП(б) мүшесі. Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1-сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат болған [78].

3. **Асылбекова (Ассыбекова) Бану Сұлтанқызы** – 1898 ж. туған, казак. Партияда жоқ. Жоғарғы бастауыш училище мен 3 жылдық педагогикалық курсты бітірген [79].

4. **Әбдірахманов Бисенғали** (1892-1971) – Орал уездік аткомы төрағасының орынбасары. Орал облысы Шаған болысы Богатск поселкесінде туған, казак. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 1909-1914 ж-ры Воронеж медициналық фельдшерлік курсында оқыған, дәрігер. [80]

5. **Орымбаев Мұқаш Орымбайұлы** – Семей уездік аткомының төрағасы. Семей облысы, Семей уезі Бұғылы болысында туған, казак. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді [81].

6. **Алтыбаев Қасен** – 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді [82].

7. **Бытко (Бызко) Сергей Митрофанович** – 1888 ж. туған, украин. 1918 ж. 2 қарашасынан РКП(б) мүшесі. Үй білімін алған, шаруа [83].

8. **Бак Яков Петрович** – 1920-1923 ж-ры РКП(б) Ақмола уездік комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, РКП(б) Ақмола губкомы үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, губерниялық кәсіподақ кеңесінің хатшысы, облыстық «Красная степь» газетінің редакторы. 1891 ж. Киев губерниясында жұмысшы отбасында туған, еврей. Білімі – орта. 1915 ж-дан социал-революционер-максималистер одағының. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі [84]. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді.

9. **Байдәулетов Нахимжан Байдәулетұлы** – 1889 ж. туған, казак. 1922 ж-дан РКП(б) мүшелігіне кандидат. Қырғыз мұғалімдер мектебін бітірген, мұғалім [85].

10. **Глуховский Иван Афанасьевич** – Ақтөбе губерниялық кәсіподақтар кеңесі Төралкасының мүшесі. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді. 2-сайланған ҚазОАК мүшесі болған [86].

11. **Горкин Александр Федорович** – РКП(б) Қыробкомының Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі. 1897 ж. Тверь губерниясында туған, орыс. Үйленген, 2 ба-

ласы бар. Тверьдегі ерлер гимназиясы курсы бітірген. 1916 ж. наурызынан РКП(б) мүшесі. 1922 ж. ақпанынан Қазақстанда тұрады [87].

12. **Дунаев Георгий Михайлович** (1898-1961) – Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының (әлде комитеті – С.Ш.) төрағасы. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді және Төралка мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1890 ж. мешан отбасында туған, орыс. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. Гимназия бітірген [88].

13. **Кадак (Колак) Отто Янович** (1889-?) – 1921 ж. сәуірінен 1924 ж. наурызына дейін ЖІШИ халкомының бірінші орынбасары. 1898 ж. Тарту қаласында шаруа отбасында туған, эстон. Жоғарғы бастауыш училищені есепші мамандығымен бітірген. 1914-1915 ж-ры шыны зауытының контторында жұмыс істеген, 1915-1919 ж-ры ок-дәрі зауытында есепші, бақташы, Ростовта жұмысшылар депутаттары кеңесінің жауапты хатшысы. 1919 ж. 1 маусымынан РКП(б) мүшесі. 1920 ж. Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университетте оқыған. Кейін Қазақстанға жіберілген. 1920-1921 ж-ры ҚАКСР ЖІШИ халкоматының нұсқаушысы [89].

14. **Кожанов Даниил Карпович** – Орталық одақтың (Центросоюз) Қырғыз бөлімінің төрағасы [90].

15. **Каулин Альфред Янович** – Сауда бөлімінің меңгерушісі және Қырғандірісбюро Төралкасының мүшесі [91].

16. **Колтыпин Антон Иванович** – ?

17. **Котов Константин Назарович** – 1921 ж. 1 қазанынан бастап Губерниялық бақылау комиссиясының хатшысы. 1879 ж. Самара губерниясында шаруа отбасында туған, орыс. 1907 ж-дан РКП(б) мүшесі. Өзі оқып сауат ашқан [92].

18. **Корщенталов (Корщеманов, Коржеманов)** – 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді [93].

19. **Лобанов Яков Герасимович** – Ішкі істер халкоматы Коллегиясының мүшесі. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді. 1893 ж. шаруа отбасында туған, орыс. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. Білімі – орта [94].

20. **Лобова Евгения Максимовна** – Кеңес қызметкері. 1892 ж. мешан отбасында туған, орыс. 1918 ж-дан РКП(б) мүшесі. Шіркеу жанындағы приходтық мектепті бітірген [95].

21. **Маркевич Индрик Карлович** – Бүкілодақтық кәсіподақтардың орталық кеңесі Мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

22. **Нечаев Андрей Гаврилович** – Семей губерниялық прокурорының трибунал бойынша көмекшісі (губпрокурор орынбасары), РКП(б) Семей губкомының мүшесі. 1893 ж. Тобольск губерниясында мешан отбасында туған, орыс. Үйленген. Уездегі қалалық 3 сыныпты училищеде оқыған. 1920 ж. 19 мамырынан бастап Қазақстанда тұрады. 1920 ж. РКП(б) мүшесі [96].

23. **Омарғалиев Габиден Омарғалиұлы** – 1899 ж. туған, казак. Партияда жоқ. 4 сыныпты бастауыш училищені бітірген [97].

24. **Паниев Николай Георгиевич** – Бүкілодақтық кәсіподақтардың орталық кеңесі (БКОК) Қырғыз бюросының мүшесі және Ұйымдастыру бөлімінің мүшесі. 1895 ж. Москвада туған, орыс. Қазақстанда 1916 ж-дан бастап тұрады. Москва мемлекеттік университетін аяқтамаған. 1920 ж-дан РКП(б) мүшесі. 3-сайланған Қазаткомның 3-сессиясында ҚазОАК кандидаттығынан мүшелігіне көшірілді [98].

25. **Райхман Елизар Григорьевич** – 1921 ж. желтоқсанынан 1922 ж. қарашасына дейін ҚАКСР Азық-түлік халкомының орынбасары, 1922 ж. қарашасынан 1923 ж. қаңтарына дейін Семей губерниялық қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1923 ж. қаңтарынан маусымына дейін ҚАКСР Қаржы халкомының орынбасары және «Астық өнімдері» өлкелік конторының өкілі. 1923 ж. маусымынан 1924 ж. қыркүйегіне дейін Қаржы халкоматының қызметкері. 1924 ж. қыркүйекте РКП(б) ОК қарауына жіберілген. 1893 ж. Волыньск губерниясы Лабучев мекенінде жұмысшы отбасында туған, еврей. 1914 ж.-дан Социал-демократтар (меньшевиктер) партиясының, 1919 ж.-дан РКП(б) мүшесі. Білімі – жоғары [99].

26. **Сафронов Петр Прокопьевич** – 1900 ж. Омск губерниясындағы орыс қазағының отбасында туған. Социал-демократиялық интернационалистері партиясының мүшесі болған, 1918 ж. 5 наурызынан РКП(б) мүшесі. Білімі – орта, журналист [100].

27. **Хисамутдинов Испанбай** – Қоғамдық жұмыстармен айналысады. 1877 ж. туған, татар. Партияда жоқ [101].

28. **Узбекғалиев - ?**

29. **Худзик Бронислав Мариткович** – РКЖО облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі, Ауыл-шаруашылық техникумының студенті. 1897 ж. туған, белорус. 1915 ж.-дан Қазақстанда тұрады, үйленген. 1919 ж. 14 қыркүйегінен РКП(б) мүшесі [102].

30. **Хогоров (Хоборов)** – 1922 жылы 13 қазан күні кешке жана сайланған Қазаткомның бірінші сессиясы жұмыс істеді. Сессияны ашқан С.Мендешев күн тәртібін ұсынды. Онда Қазатком төрағасы мен хатшысын, Төралқасы мүшелерін, Қазхалком төрағасын, Еңбек және қорғаныс кеңесі төрағасы мен халық комиссарлары сайлау, бекіту туралы және прокурорлық қарау туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы мәселелер бар еді [103]. Сессия ұсынылған күн тәртібін қабылдағаннан кейін, сөз ұсыныс жасау үшін Г.Коростелевке берілді. Ол РКП(б) фракциясының атынан Қазатком төрағасы етіп С.Мендешевті, хатшысы етіп Ж.Сәдуақасовты сайлауды ұсынды. Ұсыныс бірауыздан қабылданған соң, Г.Коростелев жана сайланған Қазаткомның Төралқасына С.Мендешев, Ж.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, А.Вайнштейн, С.Пилевский, Г.Коростелев, Ә.Әйтиев, С.П.Терихов, П.Журевский, Ә.Жангельдин, А.Асылбеков сияқты жауапты қызметкерлерді, ал оның мүшелігіне кандидаттыққа Ф.Маслов, М.Саматов, Ә.Әлібеков, М.Аганиязовтарды ұсынды. Бұл ұсыныс та бірауыздан қабылданды [104].

ІІІ сайланған Қазаткомның І сессиясында С.Мендешевтің ұсынысы бойынша ҚазОАК Төралқасына қажет болған жағдайда Қазхалком құрамын өзгерту құқығын беру туралы мәселе қаралып, ол туралы жақын сессияға баяндама жасай отырып Төралқаға өзгерту құқығы берілді [105].

3-ші сайланған Қазатком мүшелерінің 34-і қазақ, 27-і орыс болса, 4-уі еврей, 2 татар, 1 латыш, 1 литван, 1 поляк болды. Ал 5 адамның ұлтын анықтай алмадық. Яғни, Қазаткомның бұл құрамында қазақтар 45 пайыз болса, Төралқасында 55 пайыз болды.

Осы мақаламызда анықтай алмаған кейбір мүшелер мен мүшелікке кандидаттарды алдағы уақытта міндетті түрде анықтайтын боламыз деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Бірінші сайланған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің құрамы // Қазақстан мұрағаттары, 2007. - № 2(4). – 54-63-б.
2. 3-й Всекиргизский съезд советов // Степная правда, 1922. – 8-октябрь. - № 218. – С. 2-3.
3. Съезды Советов Союза Советских Социалистических Республик: Сборник документов 1923-1937 гг. Том IV, часть I. – Москва: Госиздат юридлит, 1962. – 1210 с. (720-721).
4. Бюллетень 3-го Всекиргизского Съезда Советов. - № 9. – 13 октября, 1922. – С. 29-31; III Всекиргизский съезд Советов. // Степная правда, 1922. - 16 октября. - № 225. – С. 3.
5. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 11-11-а.п.; Сонда, 395-іс, 29-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 243-245-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
6. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 7-7-а.п.; Сонда, 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
7. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 8-8-а.п.; Сонда, 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
8. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 17-17-а.п.; Сонда, 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
9. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
10. Сонда.
11. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 258-260-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
12. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
13. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 113-113-а.п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.; Сонда, 18 л/д-т., 219-іс. – 20 п.
14. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 51-52-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.; Деятели СССР и революционного движения России: Энциклопедический словарь Гранат. – Москва: Советская энциклопедия, 1989. – 832 с. (374-377).
15. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
16. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 286-іс, 71-71-а.п.; Сонда, 395-іс, 18-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
17. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 173-а.п.-174-п.
18. Сонда.
19. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 167-169-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
20. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 29-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
21. Сонда.
22. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
23. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.; Сонда, 19-т., 887-іс (Личное дело Сартаева Мурзалы).
24. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 47-48-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
25. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
26. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 127-129-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
27. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
28. Сонда.
29. Сонда.
30. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 134-134-а.п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
31. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 152-154-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
32. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
33. ҚРПМ, 139-қ., 2-т., 45-іс, 65-65-а.п.
34. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 174-а.п.-175-п.
35. ҚРПМ, 139-қ., 2-т., 45-іс, 196-198-п.
36. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
37. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 158-158-а.п.; Сонда, 395-іс, 30-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 155-157-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
38. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 30-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
39. Сонда.
40. Сонда.
41. ҚРПМ, 139-қ., 2-т., 45-іс, 24-24-а.п.
42. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
43. Сонда.
44. Сонда.
45. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 161-163-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
46. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
47. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 125-126-а.п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
48. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
49. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 34-36-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.
50. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 175-а.п.-176-п.

51. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 52. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 255-257-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 53. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 170-172-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 54. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 164-166-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 55. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 56. Сонда.
 57. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 158-160-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 58. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 31-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 59. Сонда.
 60. Сонда.
 61. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п. Сонда, 19-т., 890-іс (Сералин Мухамеджан Сералич).
 62. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.; Чиликова Е.В. Евреи в партноменклатуре Казахстана (1920-1940-е гг.) // Евреи в Казахстане. История, религия, культура: Материалы III Международной научно-исторической конференции. 27 октября 2006 года г. Алматы. — С. 69-84. (79).
 63. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.; Сонда, 19-т., 893-іс (Султанбеков Жағфар Султанбекович).
 64. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 176-а.п.-177-п.
 65. Сонда.
 66. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 138-а.п.-139-п., 177-а.п.-178-п.
 67. ҚРОММ, 5-қ., 19-т., 12-іс, 3-а.п., 6-п.
 68. Бюллетень 3-го Всекиргизского Съезда советов. — 13 октября, 1922 г. — № 9. — С. 30.
 69. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 177-а.п.-178-п.
 70. Сонда.
 71. Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық. — Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң университетінің баспасы, 2004. — 499 б. (217-218).
 72. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 177-а.п.-178-п.
 73. Сонда.
 74. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.
 75. Сонда, 33-п.
 76. Сонда.
 77. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 32-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 177-а.п.-178-п.
 78. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 178-а.п.-179-п.
 79. Сонда, 177-а.п.-178-п.
 80. История Отечества в судьбах его граждан: сборник автобиографий. 1922-1960 годы. Составители: Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева (ответственные), Р.К.Кангужиева, Е.В.Чиликова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 568 с. + 16 с.вкл. (78-83).
 81. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 167-167-а.п.
 82. Бюллетень 3 Сессии КЦИК 3-го Созыва. - 3-августа 1923 года. - № 4-5. — С. 36.
 83. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 9-п.
 84. Чиликова Е.В. Евреи в партноменклатуре Казахстана (1920-1940-е гг.) // Евреи в Казахстане. История, религия, культура: Материалы III Международной научно-исторической конференции. 27 октября 2006 года г. Алматы. — С. 69-84. (79).
 85. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 177-а.п.-178-п.
 86. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 45-45-а.п.; Сонда, 395-іс, 9-п.
 87. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 44-44-а.п.; Сонда, 395-іс, 9-п.; Сонда, 2-т., 45-іс, 214-216-п.
 88. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 12-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 178-а.п.-179-п.
 89. Сонда.
 90. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 395-іс, 12-п.
 91. Сонда.
 92. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.
 93. Бюллетень 3 Сессии КЦИК 3-го Созыва. - 3-августа 1923 года. - № 4-5. — С. 36.
 94. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.
 95. Сонда.
 96. ҚРПМ, 139-қ., 2-т., 45-іс, 24-24-а.п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.; Сонда, 19-т., 860-іс, 1-2-п.
 97. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.
 98. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 168-168-а.п.
 99. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.; Сонда, 19-т., 889-іс, 2-п.
 100. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 14-іс, 210-п.; ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.; Сонда, 19-т., 889-іс, 2-п.
 101. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 81-іс, 179-а.п.-180-п.
 102. ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 386-іс, 44-44-а.п.
 103. ҚРОММ, 5-қ., 2-т., 10-іс, 49-п.; Сонда, 3-т., 29-іс, 56-п.; Сонда, 81-іс, 193-193-а.п., 213-213-а.п.; I Сессия КирЦИК. // Степная правда, 1922. — 15 октября. — № 224. — С. 4.
 104. ҚРОММ, 5-қ., 1-т., 2-іс, 4-п.; Сонда, 3-т., 29-іс, 56-п.
 105. ҚРОММ, 5-қ., 3-т., 29-іс, 56-а.п.; I Сессия КирЦИК. // Степная правда, 1922. — 15 октября. — № 224. — С. 4.

XIX - XX ғғ. Ресейлік саяси ой аясындағы мемлекеттік құқықпен байланыстылық идеясы

Балташ ҚАРИПОВ,
«Фемида» Қарағанды заң академиясы Көкшетау филиалының директоры, доцент

Орыс мемлекеттанушылары мемлекеттік өктемдікті тежеудің ішкі механизміне, біріншіден, мемлекеттің құқықпен байланыстылығын жатқызады:

1) мемлекет қызметінің шамасын формальды тежеу құралы ретіндегі конституцияны;

2) конституцияда және басқа заңдарда бекітілген мемлекеттік өкімет қызметінің формалары;

3) адамдардың әлеуметтік-психологиялық өмірінің көріністерімен бекітілетін мөлшерлері.

Мемлекеттанудың «классикалық мектебінің» өкілі А.Д. Градовский мемлекеттік билік мөлшерін конституцияда көрді, мемлекеттік билік конституциясымен шектеледі деп санады. Оның пікірінше, Конституциялық форманың жалпы белгілері және негізгі белгісі ретінде мемлекеттік қожалықтың «өзіндік шектелуін» атауға болады, бұл билік абсолюттік емес, ол кімнің қолында болса да-халықтың қолында немесе халық өкілділігі мен монархтың қолында болса да. Мұндай өзіндік шектелудің заңдық көрінісі деп А.Д. Градовский негізгі заңдарды немесе Конституцияны санады. Оларда заңгерлік және саяси жағдайлар бар, олардың аясында барлық мемлекеттік билік әрекет етеді, заң шығаратын билік те тыс қала алмайды. Заң шығарушы билік Конституциямен байланысты. Одан туындайтын заңдар Конституциялық болуы керек, кері жағдайда оның міндетті күші болмайды. Конституция заң болып саналады. Ол барлық мемлекеттік биліктің барлық факторларынан жоғары қойылған. Олар заң шығару, сот және басқару аясында өзінің әрекеттерін жоғары заңмен пайымдауы қажет.

Құқықтық және конституциялық мемлекетті дәріптей отырып, В.М. Гессен мемлекеттік билікті болу қағидаларынан бөліп алады. Өзін-өзі міндеттеу теориясын дамыта отырып, заң шығаратын үкіметті, заң нормаларын мойындайтын мемлекетті құқықтық деп атады.

Биліктің тепе-теңдік қағидасын жоққа шығара отырып, В.М. Гессен заң мен әрекет етсе де мемлекет тәуелсіз: «ол оң -қарапайым және заң шығарушы құқықпен байланысты емес» дегенді алға тартады.

Неміс заңгерлері О. Майер мен Б. Лабанда секілді, орыс мемлекеттанушысы заң шығаратын билік өз мәні бойынша тек заңмен шектеле алмайтындығын айтады.

Мемлекет үкіметтік билік тұрғысында билеуші, ал заң шығарушы емес, сондықтан әрекеттегі оң құқықпен шектеулі. Мемлекет заң шығара отырып, өзіне бағынатын жеке адамдарды да, өзін де байлайды және міндеттейді. Үкіметке сәйкесті құқықты бере отырып, заң азаматтарға белгілі міндеттерді жүктейді, бірақ сөйте тұра заң азаматтарға сәйкесті құқықты бере отырып, үкіметке белгілі міндеттерді анықтайды. Оның пікірінше, құқықтық мемлекет өз қызметінде, үкіметтік және соттық функцияларын іске асыруда құқықпен байланысты және шектеулі, әр азамат құқыққа бағынышты, ал оның сыртында да немесе одан жоғары да тұрмайды. Сөйтіп, В.М. Гессен құқыққа тәуелді болуды заңға тәуелді болуға әкеліп байланыстырды.

Конституцияда және басқа да қызмет формаларында бекітілу негізінде мемлекеттік биліктің құқықтық өзін-өзі тежеуін зерттеуге С.А. Котляровский ерекше көңіл аударады.

«Өзін-өзі тежеу» терминін ол екі нұсқада қарастырды:

- 1) абсолютизм шегінде - өзін-өзі тежеу;
- 2) конституциялық құрылысқа өтумен байланысты өзін-өзі тежеу, мұндай тежеу монархтың бір жақты актісімен өзгертілмейді, оның қалауының заңды тежеуі болып саналады. Өзін-өзі тежеудің екінші түрі. Ресейдің іске енгізген 1906 ж. 23 сәуірдегі негізгі заңдарында орын алды. С.А. Котляревскийдің пікірінше, Ресей конституциялық мемлекет болды.

Құқықтық мемлекет принципінің негізгі шартын С.В. Котляревский құқық пен мемлекеттің өзара тәуелсіздігі ретінде тұжырымдады. Оның пайымдауынша құқықтық тежеу іс жүзіндегі билікті қарапайым ретке келтіруден гөрі молырақ міндеттерді өз мойнына алады. Осы тақлеттес өзін-өзі тежеудің алғы шарттары, екі жақты нормалардың пайда болу шарттары жалпы бәрі үшін бағынышты нормаларға өтуде, әлі де қандай да бір бұқаралық құқықтары жасалмаған билікке бірдей бағыну талаптарында байқалады. Мұнда белгілі тепе - теңдік принциптерінің билігі жағынан мойындау бар, ол оны басшылыққа алады.

Революцияға дейінгі көп ғалымдар мемлекеттік биліктің шама-шегін адамдардың әлеуметтік-психологиялық өмірінің көріністерімен байланыстырды. Мысалы, Н.И. Палиенко, мемлекеттік билік өз негізінде ұжымдық-психологиялық сипат көрінісі деген пікірінен бағынушылар мінез-құлқының мотивациясы ретінде әкімнің билігінде болып табылатын бағынышты күштің басымы аз екендігіне келді. Нормалар, заңдар «сыртқы бұйрықты нормалар» болып саналады және олардың міндеттілігі мемлекет үшін психологиялық факторлармен шартты болады, ол-ұланғайыр мөлшерде мемлекеттің күшін байкатады, оның билігі- бағынышты моральді абыройлылық, пайда, сондай нормаларға бағынудың тиімді қажеттілігі жағынан тану. Сөйтіп, бағынушылардың хақы, билік жүргізушілердің хақынан кем маңызды емес. Дәл соның өзі құқықтың мемлекетке қарым - қатынасын түсіндіру үшін тірек болып қызмет етуі қажет.

Құқықтың психологиялық сараптамасы нәтижелерін пайдалана отырып, Н.И. Палиенко мемлекеттің құқықпен байланыстылығына формалды-заңдылық түсініктеме берді. Билеп-төстеушінің белгіленген нормалармен байланыстылығы, олардың міндеттілігі оның өздік наным мен тілегі бойынша ғана емес, сонымен қатар өзі билеп отырған мына әлеуметтік қауымда сана-сезім пісіп жетілді, өзі жария ететін нормалардың міндеттілігіні ол үшін де міндетті нормаларды талап етеді. Сонда ол нормалар бағыныштылардың зердесінде билеп төстеушілердің

қалауынан безеді, сыртқы қызметтерін анықтаумен байланыстырушы ретінде оның өктемдігіне субъективті нанымна және ырқына тәуелсіз болып, билеп-төстеушіге объективтенеді және қарсы болады.

Сөйтіп, Н.И. Палиенко моральді тежегіштер объективтенеді де, формальді, заңды тежегіштер кейпін қабылдайды. Мемлекет азаматтарында олардың нормативті нанымдарында билеушінің өздік анықтамасы адамгершілік тұрғыда емес, ал оның анықтамасы құқықты, сыртқы императивті.

Ақыры, мемлекеттің құқықтық байланысын түсіндіруде тағы бір ұстаным бар, ол-мемлекетті азаматтық бостандық құқықтарымен шектеу. Бұл туралы көптеген танымал орыс мемлекеттанушылары өте көңілге қонымды жазды. Н.М. Коркунов: «тұлға өз көзқарастарын билікке қарсы қояды, оларды сақтай және қорғай отырып, билік пен жекелеген тұлғалардың мүддесін шектейтін заңгерлік нормалардың жасалуына әкеледі», -деп санады.

Мемлекеттік билік өзінің көріністерінде азаматтық бостандық құқықтарымен шектеледі екен, олардың арасынан мыналарды бөліп көрсетті: дербес бостандық; сөз бостандығы; қарым-қатынас бостандығы, діни бостандық. М.Н. Коркуновтың түсіндіруінде мемлекеттің құқықтық байланыстылығы мемлекеттік биліктің біртума түсінігімен өзара байланысты. Биліктің мөлшері мен шегін ол тәуелділік сапасының дәрежесінен көрді: «Толық тәртіп орнату үшін екі жақтың да жәрдемі қажет; оларды басқаратынға да, оны орындаушыға да» деп санаған. 19 - ғасырдың екінші жартысындағы беделді неміс құқықтанушысы Р. Иерингтен өзгеше Н.М. Коркунов оның «субъективті реализм» деп атаған теориясында бағынышты субъективтің белсенділігін абсолюттендіре отырып, билеп-төстеушілік көріністерінің түсініктерін тек тәуелділіктің субъективті санасынан көрді. Н.М. Коркунов мемлекет билігін адамдардың бір-бірінен нақты тәуелділігімен бытыстыра отырып, мемлекеттік билік-мемлекеттен тәуелділікті санамен шартты қабылдау деп санады. Мемлекет пен мемлекеттік билікті осылай түсінуден ол мынадай қорытындыға келді: құқықтың басталуына бағынуды талап етуге негіз болатындардың бірі- заңдылық, адалдық сезімі, ол билік өз қызметінде құқыққа деген қатаң сыйлаушылықты үлгі ете алған жағдайда ғана азаматтарда нығая түседі. Басқа бір негіз: ол- биліктің барлық органдары қызметтерін нақты заңдарға бағындыру болып саналады, оның пікірінше, тек осындай жағдайда ғана мемлекеттік мекемелер билік органдары, оның жарлықтарын орындаушылар бола алады, өздерінің айрықша ықыластарына сәйкесті әрекет ететін дербес әміршілер бола алмайды, олар мемлекеттің тұтастығы мен бірлігін сақтамайды, қайта оны күйретеді. Билік бостандық мүддесі үшін, жекелеген сословиер, өмір, азаматтар мүддесі үшін өзін- өзі тежейді.

Конституцияның мемлекеттік билікті тежеуі туралы ғалымдардың пайымдаулары (А.Д. Градковский, В.М. Гессен, А. Рождественский) оның қолдағы болмысында биліктің тіршілік етуінде әміршінің өзінің мол және аз тежеулігінің салынғанын мойындаумен қызықты.

Мемлекеттік билікті Конституция мен қызмет түрлерінің басқа да заңдары тежейді деп санайтын авторлар (А.С. Алексеев, Н.И. Павлиенко, С.А. Котляровский, А.А. Жилин мемлекеттік қызметті және конституциялық заң шығарушы формаларына өмірдің конституциялық нормаларын іске асыру механизмі ретінде қараулары әділеттілік еді. Бірінші бағыттың өкілдері мемлекеттік билік қандай деңгейде әрекет ете алатынын көрсетті, бірақ ол қалай әрекет етуі керектігін

көрсетпеді, ал екіншіні жақтаушылар оның қызметінің түрлерін нақты анықтады. Бұл ұстаным біріншіні толықтырғандай.

Мемлекеттік билікті психикалық кертартпа арқылы: а) құқықтық идеямен (С.А. Котляревский, Б.А. Кистяковский, Н.И. Лазаревский); ә) адамгершілік нормасымен (П.И. Новгородцев, Е.Н. Трубецкой) байланысты екенін түсіндіретін авторлардың ұстанымы да аса қисынды. Мәселені шешу мемлекеттің заңгерлік тежеулері оның өздік заңдарымен негіздеуде көздестірілді. Олар, ең алдымен, мемлекеттің ықыласын танытпайды, мемлекеттен, тәуелді емес құқықтық идеялардың айқындалуымен байланысты болды, ол-мемлекет үшін сыртқы бедел болатын.

Құқықтық идеяның психикалық күшінен туындайтын, адамдарға өктемдік билік жүргізетін, яғни адамдар қоғамы ретіндегі мемлекет билік жүргізетін осы идеяның күшіндегі заңдар мемлекеттің өзі үшін міндетті құқықтық нормалар болып саналады. Басқа сөздермен айтқанда, мемлекеттің өзінің заңдарына бағынуға көндіретін құқықтық идея осылай сол нормалардың сыртқы көрінісіне назар аударады.

Құқықтық идеяның арқасында құқық пен күштің жақындасу үдерісі мүмкін, оның қарқындылығы халық мәдениеті деңгейіне тура пропорционалды тәуелділігінде болады.

Мемлекеттік билік азаматтық бостандықтың құқықтарымен тежеулі деп санаған орыс ғалымдары (Н.М. Коркунов, Ф.Ф. Кокошкин, Ф.В. Тарановский) дұрыс айтады, егер мемлекет пен оның органдарын теңдестірсе, егер азаматтардың негізгі құқықтарында кімде-кімнің құқығының шектелгенін көруге болса, осы құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін биліктің кей органдарының құқықтары азаматтар құқығын нөлге әкеледі, оларды теріске шығаруы болады. Яғни дербес құқықтың бекітілген мемлекет ролін және оның мемлекет қызметін орындайтын органдары мүмкіндіктерін артық бағалау. Мемлекеттің құқықтық байланыстылығын бағалауда орыс мемлекеттанушыларында бір ізділік болмады, оны олардың еңбектерінің сараптамасы байқатады. Әртүрлі келушілік мемлекет пен құқықтың мәнін түсіндіруде қолданылған философиялық – методологиялық қағидалар мен тәсілдердің әртүрлі болуымен түсіндіріледі, олар «құқықтық мемлекеттің» әртүрлі тұжырымдамалары болуына әкеліп соқты.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Градовский А.Д. Государственное право важнейших европейских держав. Ч. 2. // Собрание сочинений. – СПб., 1902, Т. V.
2. Гессен В.М. Теория правового государства. // Политический строй современных государств. Т. 1. – СПб., 1905.
3. Гессен В.М. О правовом государстве. // Правовое государство и всенародное голосование. – СПб. 1906.
4. Котляревский С.А. Юридические предпосылки русских основных законов. – М., 1912.
5. Котляревский С.А. Власть и право. Проблема правового государства. – М., 1915.
6. Палиенко Н.И. Учение о существе права и правовой связанности государства. – Харьков, 19.
7. Коркунов Н.М. Русское государственное право. Т. 1. – 3-е изд. – СПб., 1899.
8. Иеринг Р. Цель в праве. – СПб., 1881.
9. Коркунов Н.М. Русское государственное право. Т. 1. – 3-е изд., – СПб., 1899.

Жазықсыз жапа шеккен абзал азамат

Сейдехан ӘЛІБЕК,

тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті

1937-1938 жылдары қуғын-сүргін көрген, жазықсыз жапа шеккен абзал азаматтарымызды еске алу, олардың елі үшін еткен еңбектерін елеусіз қалдырмау бағытында бүгінгі күні бірқатар игілікті істер жалғасын табуда. Десек те, есімдері әлі күнге дейін атаусыз, сіңірген еңбектері елге жеткізілмей, белгісіз күй кешіп жатқандары каншама. Олардың өз елі, халқы үшін сарп еткен өмірі мен қызметтерін егеменді еліміздің жастарына үлгі ету, өздерін жарыққа шығару, елге таныту негізгі міндеттеріміздің бірі екені даусыз.

Осындай арыстарымыздың бірі, өз кезінде жарқырап шыққан азамат, халық-ағарту, мәдениет саласында, қоғамдық-саяси өмірде жауапты қызметтер атқарған Сейілбек Үсенов. Жас та болса ұйымдастырушылық қабілеті мол, сауатты қызметкер өз дәуірінде ұлағатты ұстаз болған. Халықтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы өзі оқыған Шымкенттегі Қ. Сыпатаев атындағы мектепте білім берген ұстаздарын еске алғанда: «Менің алғашқы ұстазым», - деп С.Үсенов жөнінде тебірене әңгімелеп, ол кісінің тарих, қоғамтану пәндерінен дәріс бергенін, тарихтың көп түсінігін, көп аттарын қазақшалап түсіндіретінін айтқаны бар екен. «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады», - деп Абай бабамыз айтқандай, Б.Момышұлының кісілік қасиеттерінің қалыптасуына, үлкен биіктерге жетуіне алғашқы ұстаздары, соның ішінде С.Үсеновтің де ықпалы болғанын айта кеткен жөн. «Ол кезде мектепті басқаратын кісіні директор демей, меңгеруші дейтін. Біздің меңгерушіміз, партия мүшесі Сейілбек Үсенов деген кісі еді, - деп еске алады Бауыржан Момышұлы, шамалауымша ол кісінің жасы 25-30-дардың арасында болу керек. Орта бойлы, ренді, сабырлы кісі болатын» [1].

Сейілбек Үсенов 1905 жылы Сырдария облысының Шымкент уезі, Сарыкөл болысында қарапайым ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келген. Бес жасқа жетпей әкесінен айрылған оны тағдыр ерте қатайтып, ерте есейтті. Өз қолымен жазылған өмірбаянына үңілсек, онда былай делінген: «Әкеден айрылған соң анам мен ағамның қамқорлығында болдым. Күн көруіміздің негізі болған 0,5 га жер телімі. Ол жерге мақта егіп жан сақтайтынбыз. Сонымен бірге байға жалданып, әртүрлі жұмыстар атқардық. Осылайша ерте көктемнен қара күздің соңына дейін еңбектеніп, тек қыс түсе ауыл мектебіне баруға мүмкіншілік алатынбыз» [2]. Жастайынан білімге ұмтылған ол, 1917 жылы Шымкенттегі бірінші сатылы мектепке оқуға барады. Оны аяқтаған соң, мұғалімдер дайындайтын үш айлық курста оқуын жалғастырады. Бұл өте қиын жылдар болатын: кеңес өкіметінің орнауы, азамат соғысы, 20-шы жылдардың басындағы ашаршылық. Дей тұрғанмен, оқуын одан әрі жалғастыру мақсатында 1920 жылы педагогикалық техникумға түсіп, ол жерде 1923 ж. дейін білім алады. Ол кезеңде мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орнын

ашпай, халыққа білім беру мәселесін дұрыс жолға қою мүмкін емес екендігі белгілі болатын. Осылайша 1920 ж. Ташкентте мұғалімдер институты ашылып, кейіннен 1925 ж. бастап, Қазақ педагогикалық институты ретінде жұмыс жүргізе бастады және де “жоғары педагогикалық оқу орны” деп есептелінді.[3] Міне, осы оқу орнында білім ала жүріп, С.Үсенов қоғамдық-саяси жұмысқа белсене қатысады. Қалалық кітапханаларда отырып, саяси әдебиеттермен танысады, студенттік үйірмелерге мүше болады. «Кедейшіл жас» жастар басылымына редактор бола отырып, қазақ студенттерінің арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Аталмыш оқу орнын 1925 ж. 16 студент бітіру жөнінде куәлік алған болса, солардың қатарында: Сейілбек Үсенов, Құрманбек Жандарбеков, Әуелбек Қоңыратбаев т.б. болған [4]. Кейін олар еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде белсенділік көрсетіп, танымал болады. Осы кезден бастап, Сейілбек қазақ жастарының ішінен шыққан білімді маман ретінде көзге түсіп, жауапты қызметтер атқарады.

1925 жылы күзде 20 жасар С.Үсенов Шымкент қаласында Қазақ педагогикалық техникумында оқытушы, оқу бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдан жоғарыда атап көрсеткеніміздей Шымкентте қазіргі Қ.Сыпатаев атындағы жеті жылдық мектептің басшысы болады. Сол кезде өзі оқытқан шәкірттеріне білім ғана беріп қоймай, өмірді тануға да ықпал еткен. Олардың арасынан елімізге танымал тұлғалар, халқымыздың мақтанышы бола білген Бауыржан Момышұлы, Әбділда Тәжібаев, Қажым Жұмалиев т.б. шыққаны белгілі.

1928 жылдан 1929 жылғы ақпан айына дейін Сырдария округінің халық-ағарту бөлімінде нұсқаушы болады. Ол қандай қызмет атқармасын, ел жұртының ықыласына бөленген. Искерлік, ұйымдастырушылық қабілетінің молдығы нәтижесінде сол кездегі идеологиялық жұмыста да жақсы қырынан көріне білген, 1929 жылы ақпан айынан бастап Бостандық ауданына партия комитетінің хатшысы қызметіне жоғарылатылады. Ол жылдары Бостандық ауданы Сырдария округінің шалғай жатқан ауданының бірі. Үш республиканың – Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның түйіскен тұсында орналасқан еді. Ауданның ұлттық құрамы да әртүрлі болатын. Мұнда негізінен өзбектер, тәжіктер және қазақтар тұрды [5]. Қиыншылығы көп, күрмеуі қысқа бұл ауданда көтеріліс болып, Сейілбек аға қиын-қыстау кезеңге тап болады және сол сыннан сүрінбей өтеді. Ол кезде Сейілбек Үсенов бар-жоғы 24 жаста еді. Сол жылдың қараша айында Шымкентке қайта шақырылып, Сырдария округінің «Ленин жолы» газетінің редакторы қызметін атқарады. Ал 1930 жылдың көктемінен Сырдария округтік комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі болады. Сол жылдары ол осы аймақтың мәдени-ағарту мәселелері бойынша коллегия мәжілістеріне төрағалық ете отырып, көптеген өзекті мәселелердің дұрыс шешілуіне, жергілікті халықтың мұң-мұқтажына назар аударған. Бұл жөнінде мұрағат деректері көп сақталған [6]. Сол жылдың мамыр айынан бұл кісі Сырдария округтік комитетінің бірінші хатшысы қызметін уақытша атқарады. 1931-1932 жылдары Мойынқұм ауданында бірінші хатшы, 1932-1934 жылдары, Алматыда «Социалды Қазақстан», (қазіргі «Егемен Қазақстан» - С.Ә.) газетінің тілшілер бөлімінің меңгерушісі, 1934 жылдың сәуір айынан 1936 жылдың тамыз айына дейін «Қарағанды пролетариаты» газетінде редактор, ал 1936-1937 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің редакторы қызметін атқарған.

Б.Момышұлы бұл жөнінде: «Академик Мұхаметжан Қаратаевтың Ілияс туралы естелігінен Сәкеннің (С.Үсенов) Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің редак-

торы болғанын оқыдым. Бұл өзі қызық дерек. Қалайынша редактор, ол жағынан хабарым жоқ», - дейді [7]. Шамасы жас та болса, зерек, ұйымдастырушылық қабілеті мол С.Үсеновті партия қайда жұмсаса да қызметін адал атқарған. Сонымен бірге ол кісі қаламгер ретінде де жан-жақты көзге түседі. Оның өлең жинақтары, әртүрлі сын-мақалалары республикалық газет-журналдарда жарық көрген. Солардың ішінде «Сұлушашқа сын» С.Мұқановтың поэмасы туралы [8]. «Жиренше шешен сөздері» [9]. «Түсінбеймін» [10] өлеңдері көпшілік оқырмандардың жоғары бағасын алған.

С. Үсенов өмірде де кең, көпшілікпен тез тіл табыса білетін қасиеттерімен танымал. Оның жақын араласып сыйласқан әріптестерінің арасында танымал тұлғалар Сәкен Сейфуллин, Саттар Ерубаев болған. Қызмет бабымен қоян-қолтық жұмыс жасап, бірге жүрген замандастары қатарында Абдушахман Жамбыловты, Нысанбай Садықбековты, Байлар Айдаровты т.б. атауға болады.

Өз қолымен жазылған өмірбаянынан үзінді келтіре кетсек, онда былай делінген: «1928 жылдан елде жүргізілген барлық іс-шараларға белсенді түрде қатыстым (ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, азық-түлік дайындау, егін егу т.б.). Шымкент қалалық кеңесінің 2 шақырылымына және Алматы округтік комитетіне мүше болдым. Екі өлкелік съездерде және Қазақ өлкелік комитетінің үш пленумына қатыстым. 1935 жылы «ҚазАССР-не – 15 жыл» белгісімен марапатталдым» [11].

Сейілбек Үсеновтың соңғы жұмыс істеген жері Петропавловск қаласы болғанын айтып өттік. Сол жерде 4 қараша 1937 жылы «халық жауы» деген айыппен тұтқындалған. Одан кейінгі тағдыры адам айтқысыз ауыр болған. Отбасылық жағдайы тіптен аянышты. Зайыбы Гүлдана Байсеит деген болыстың қызы болған екен. Оңтүстік Қазақстанда Көмешбұлақ ауылында 1911 жылы туылған. Күйеуін тұтқындағанға дейін 12 ақпан 1937 ж. 26 жасында ауыр наукастан көз жұмған. Артында үш кішкене балалары (екі қыз, бір ұлы) қалған. Сол бір азапты, ауыр күндерді С.Үсеновтың жалғыз баласы Сәлім аға былайша еске алады: «1937 жыл еді. Біз ол кезде Солтүстік Қазақстанда Петропавловск қаласында тұрып жатқан болатынбыз. Әкеміз С.Үсенов облыстық газетте редакторлық қызметте. 12 ақпанда шешеміз 26 жасында қайтыс болды. Артында үш кішкене балалар қалдық. Фарид, Қалима және мен. Әкеміз күндіз-түні жұмыста, бізбен бірге әкеміз қалатын. Ол кісі анамыздың орнына ана болды. Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Бізді бұдан да ауыр күндер күтіп тұр екен. Күздің суық түнінің бірінде – мен бұл күнді өмір-бақи естен шығармаймын: 1937 жылы қараша айының 3-нен 4-не ауған шағында біздің үйге «қара құзғынмен» НКВД-дан бір топ адам сау етіп келді. Олардың біреуі, шамасы бастығы болу керек, әкеме жинал деп белгі берді. Біздер балалары үрпиіп, көзіміз шарамыздан шығып, не болғанын түсінбей жылап, әкеміздің қол астына тығылып, оны құшақтап тұрып қалыппыз. Сол кезде әлгілердің біреуі бізді жұлып алып, еденге бірақ лақтырып кете барды. Бөлмеден шыға бере әкеміз бізге қарап: «Мен қайтып келемін», - деп шығып кетті. Бірақ сол кеткеннен ол бізге қайтып оралмады.

Енді араға бірнеше күн салып, біздің де соңымыздан «халық жауының» балалары ретінде келіп, алып кетті. Бізге енді осындай айдар тағылды. Бізді алып келген балалар үйінде 3 жастан 12 жас аралығында балалар толып жүр. Біздің әкеміз соңымыздан бірнеше рет келіп, бізге жолығуға еш мүмкіндік таппай, қақпаның сыртында бірнеше сағаттар бойы қарауылдап, бізді бір көруге зар болып, сырт-

та тосып жүреді екен. Кейіннен әжеміз өткен күндерді еске алып, «сол кездегі балалардың шырқыраған дауысын әлі күнге дейін ұмыта алар емеспін» деп егіліп жылап алатын. Содан бізді, бір топ балаларды топырлатып поезға салып, алып кетті. Қайда? Белгісіз, бізге ешкім ештеңе айтпайды. Ал біздер көзіміз жасқа толып, жылап-сықтап жолдың өзін әрең көретінбіз. Бірнеше күн, бірнеше түн ұзақ жол жүріп, ақыр соңында Ресейден бірақ шықтық. Мені Орынбор облысының Новоорск балалар үйіне орналастырды».

Бүгінгі күні С.Үсеновтың үш баласының ішінен тек жалғыз ұлы осы Сәлім Құрманов ғана тіршілік етуде. Қазір Ресейде. Орынбор облысының Карачанка селосында тұрып жатыр, зейнеткер. Үлкен қызы Фарида бойжетіп балалар үйінен шыққаннан кейін, Жамбыл облысына Шу ауданына тұрмысқа шығып, сонда тұрып қалған. 1976 жылы дүние салды. Ал, үшінші қызы Қалима балалар үйіне жіберілгеннен кейін хабарсыз кеткен. Кейіннен каншама іздеу салынғанымен, нәтиже бермеді. Әлі күнге дейін табылған жоқ.

1959 жылы 23 наурызда Түркістан әскери округінің анықтамасында қылмыстық іс токтатылып, С.Үсеновтің біржолата ақталғаны жөнінде мәлімет бар.

Қуғын-сүргінге ұшыраған оның өзі ғана емес, сонымен бірге туған інісі Әшірбек Үсенов те жазықсыз жапа шекті. Ол кісі белгілі каламгер, бірнеше оқулықтардың авторы болған. Солардың ішінде мектеп оқушыларына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» Алматыда 1937 ж. жарық көрген. Тұтқындалғанға дейін (1938 ж. наурыз) Алматы қаласында № 12 мектепте оқытушылық қызметте болды. 1938 ж. 11 қарашада ату жазасына кесіліп, 1960 ж. 20 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды.

Қаншама жылдар өтсе де С.Үсеновтің ауыр да, аянышты тағдырын ұмыт қалдыру мүмкін емес. Ол бар-жоғы 33 жыл ғана өмір сүрді. Сол жылдардың өзінде еліміз үшін каншама іс тындырып кетті. Оның өмірі мен қызметі кейінгі ұрпақ үшін үлгі, өнеге. Сондықтан өз халқы үшін аянбай еңбек еткен абзал азамат, жазықсыз жапа шеккен Сейлбек Үсеновтің бейнесі ұрпақтар жадында жаңғырып, мәңгі ел есінде қалса дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Қалдыбаев, «Ұмытылмас кездесулер». Алматы, «Қазақстан», 1989, 176 б.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, 141-қор, 1-тізбе, 1339-іс. 1 п.
3. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2007 ж.
4. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 372-қор, 1-тізбе, 75-іс. 1 п.
5. Шымкент өңірлік мемлекеттік мұрағаты, 2-қор, 1-тізбе, 4-іс, 49 п.
6. Бұл да сонда, 2-қор, 1-тізбе, 4-іс.
7. М.Қалдыбаев, «Ұмытылмас кездесулер». Алматы, «Қазақстан», 1989, 176 б.
8. «Жаңа әдебиет», 1929 ж. № 11, 68 – 81 беттер, № 12, 68-86 беттер
9. «Жас қайрат», 1924, № 6. 27-28 беттер
10. «Жаңа әдебиет», 1928
11. ҚРПМ, 141-қор, 1-тізбе, 1339-іс

Рухани мәдениеттегі сабақтастық категориясы

Алуа ЖҮСІПОВА,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының аспиранты

Рухани өмір — төтенше күрделі және көп жақты қоғамдық құрылым. Оған қоғамдық сананың, ойдың, идеялардың, көзқарастардың барлық түрлері мен формалары, сондай-ақ ғылымның, өнердің құндылықтары, адамдардың көпшілік арасындағы мінез-құлық ережесінің нормалары, яғни рухани мәдениет деп аталатындардың барлығы да кіреді. «Рухани дегеніміз, адамға ғана тән, адамды басқалардан ерекшелеп тұратын нәрсе» [1]. Қоғамдық сана мен мәдениет өзара тығыз байланысты: мәдениеттің мазмұнын идеялар, теориялар, қандай да бір халықтар мен әлеуметтік топтардың түсінігі құрайды, алайда соңғылары мәдениет құралдарынсыз, мәдениеттен тыс орныға алмайды, ұрпақтан ұрпаққа берілмейді, тарала алмайды. Қоғамның рухани өмірі — бұл қоғамның жағдайы ғана емес, бұл сана мен мәдениеттің жұмыс істеу процесі болып табылады. Осы көзқарас тұрғысынан рухани өмірді былай бөлуге болады: 1) аға ұрпақтың жасаған рухани құндылықтары; 2) адамдардың жаңа құндылықтарды, білімді, нормаларды, мұраттарды және т.б. жасап, оларды меңгеруі бойынша шығармашылық қызметі; 3) олардың бүкіл тіршілік әрекетінен, қарым-қатынасынан, мінез-құлқынан көрінетін шынайы рухани байлығы, адамның санасы және т.б.

«Рухани мәдениет» ұғымының дербес мәнін атап өте отырып, кейбір авторлар рухани мәдениет дегенде адамның рухани іс-әрекеті өнімдерінің жиынтығын ғана емес, «сондай-ақ оларды жасаудың, қолданудың және берудің тәсілдерін де» [2] түсіну керектігін әділетті түрде көрсетіп берген.

Сабақтастық проблемасын барлық философиялық мектептер ежелден-ақ қарастырып келеді, алайда оған көзқарас шешуші дәрежеде қандай да бір философиялық бағытқа тән даму тұжырымдамасы тұрғысынан анықталады. Бір жағдайда тұтас, жаңа сапаны тудыратын құрылымдық өзгерістерді жете бағаламай, сабақтастықты жалпы рабайсыздандырады (немесе, керісінше өзгерістерді жалпы рабайсыздандыра отырып, оның сапалы жаңа күйіне өту кезінде жүйедегі өзгешелікті жете бағаламайды немесе тіпті сабақтастықты жоққа шығарады). Келесі бір жағдайда сабақтастық диалектикалық дамудың атрибуты ретінде қарастырылады.

Дамудың диалектикалық тұжырымдамасы негізіндегі сабақтастықтың мәніне толық теориялық талдауды ең алғаш рет Гегель жасаған болатын, ол терістеуді терістеу заңын әзірлей отырып, даму үдерісіндегі сабақтастықтың объективті қажеттілігі туралы мәселені қойды. Диалектикалық теріске шығаруды метафизикалыққа қарсы қоя отырып, ол бірінші болып философия тарихында алыну үдерісіндегі сабақтастық заңдылығы туралы қорытындыны негіздеп бер-

ді: «Алыну дегеніміз — деп жазды Гегель, — онымен қоса жинақталған, өзінің табиғилығын ғана жоғалтқан, алайда салдары жойылмаған бір нәрсе» [3]. Осыдан барып Гегельдің келген маңызды қорытындысы шығады: диалектикалық түрде алынууды терістеу ескіні қайтып алу, құрту, жою ғана емес, дамудың алдыңғы сатысында қол жеткен нәрселерін сақтау, ұстап қалу және дамыту да болып табылады. «Логика ғылымында» ол былай деді, «басқа бар, шын мәнісінде, бос терістеу емес, ешнәрсе емес... , басқа алғашқы, жағымсыз табиғиды; демек, ол жанама түрде анықталған, жалпы айтқанда өзінің ішінде біріншінің анықтамасы бар. Сөйте тұра, шын мәнісінде, сондай-ақ басқасында да жинақталып, сақталады. Оның жағымсыз жағдайынан жағымдысын ұстап қалу, оның нәтижесіндегі алғышарттың болуы, міне, ақылға қонымды танымның ең маңыздысы дегеніміз, осы» [3, 307-308 с.].

Алайда, сабақтастықты абсолютті идеяның өзіндік дамуын диалектикалық идеализм ұстанымымен байланыстыра отырып, Гегель жаратылыстың дамуын мойындамады, сөйтіп сабақтастықтың материалдық әлемнің дамуының атрибуты екендігін теріске шығарды. Сабақтастық — бұл дамудың болмыстық, сондай-ақ сананың түрлі кезеңдерінің немесе сатыларының арасындағы байланыс, оның мәні қандай да бір элементтерінің немесе тұтастық жүйе ретінде өзгеруі кезінде, яғни бір күйден екінші күйге ауысуы кезінде оның ұйымдасуының жекелеген жақтарының сақталуынан тұрады. Бүгінгі өткенмен және болашақпен байланыстыра отырып, сабақтастық тұтастықтың тұрақтылығына себепші болады.

Сабақтастық ішкі құрылысы, құрылымы бөлініп қойылған объектілерге сәйкес қарастырылады. Объектінің құрылымына қатыссыз оның қарапайым жаңғыруы немесе жойылып кетуі туралы ғана айтуға болады; тиісінше мұндай жағдайларда сабақтастық категорияларын қолдануға да негіз жоқ. Объектінің құрылымы белгілі болған кезде оның әртүрлі екі күйін салыстыру арқылы қандай элементтері мен байланыстары жоғалып кетті, қандайы ұсталып қалды, сақталды, яғни жаңа күйге өтті, соны анықтауға мүмкіндік болады [2, с. 7].

В. Белинский, А. Герцен, Н. Чернышевский сияқты орыстың революционер-демократтарының қоғамдық даму теорияларында қоғам тарихындағы сабақтастық туралы қызықты, жарқын ойлар бар. Мысалы, А.И. Герцен былай деп жазды: «Ештеңе де қателікпен істелуі мүмкін емес, бір нәрсеге қол жеткізу үшін қызмет еткен өткенді лақтырып тастау, дәл бір осы жетілу — сыртқы сахна секілді... Өткен нәрсе осы шақта жоғалған жоқ, ауыстырылған жоқ, ол осы шақпен орындалды» [4].

Қоғам дамуының сабақтастығы дегеніміз — бұл тарихтың үздіксіздігін «ұстап тұрған» өзек, марксизм осыдан келіп шығады. Соның арқасында дамудың біртұтас тізбегі жасалады. Сабақтастық қоғамдық даму үдерісінің бөлінбес сәті, жалпыға бірдей сипаты болып отыр. Тарихтағы сабақтастық диалектикалық терістеуді болжауы қажет. В.И. Лениннің диалектикадағы елеулі нәрсені сипаттай отырып, «жағымды жағын ұстап қалған байланыс сәті сияқты, даму сәті сияқты терістеуді...» маңызды элемент деп атағаны белгілі [5].

Қоғамдық даму дегеніміз, терістеудің үздіксіз тізбегі. Тарихи даму үдерісінде келесі терістеу алдыңғы терістеудің шектеулілігін жояды, өзіндік «тарихи түзетулер» жасалады.

Әлеуметтік ақиқаттың даму үдерісіндегі диалектикалық терістеу сабақтастықпен қажетті үйлеседі, сабақтастық болса, диалектикалық терістеу сияқты қажеттілікпен

әрекет етеді. Қоғамдық даму үдерісінде алдыңғы және кейінгі ұрпақтың өзара әрекетінің «жағымды-жағымсыз сипатының» негізі қаланған. Тарихи дамудағы сабақтастықты мойындау прогресті мойындаумен ажырағысыз байланысты. Қоғамдық прогресс сабақтастыққа сүйенеді, егер жаңаға, прогрессивтіге ұмтылмаса, онда оның өзі негізгі мағынасын жоғалтады [6].

Қоғамдық дамудағы сабақтастық елеулі дәрежеде ұрпақтар сабақтастығының арқасында жүзеге асырылады. Ұрпақтардың бірінің өкшесін екіншісі басып келе жатқан осы байланысынсыз, тарихи үдерісті көзге елестету мүмкін емес.

Мәдениеттің дамуының өзі адамның өзінің шығармашылық қызметінің үдерісінде бір жағынан, тақырыптың әр алуан және бай әлемін жасауынан, екінші жағынан — алдыңғы мәдениетті игеру арқылы өзін спецификалық қоғамдық жаратылыс ретінде қалыптастыруынан тұрады. Мәдениеттің тақырыптық және жеке бастық нысаны дегеніміз, қоғамдық адам дамуының тарихи қозғалыс барысында диалектикалық киысып, бірінен бірі өзара озып отыратын екі нысаны ғана.

Рухани мәдениеттің дамуының басқа бір маңызды саласы — рухани іс-әрекет өнімдерін тарату болып табылады, ол дегеніміз оларды мұраға алудың, қабылдап алудың және сақтаудың бүкіл жүйесі. Бұл тұрғыда «сабақтастық» және «мұрагерлік» деген ұғымдардың ара жігін ашу қажеттігі туады.

«Сабақтастық» ұғымының көмегімен біз дамудың түрлі кезеңдерінің немесе сатыларының арасындағы байланысты белгілейміз, оның мәні тұтастың жүйе ретінде өзгеруі кезінде тараптарының тұтас немесе жекелеген тараптарының қандай қандай да бір элементтерін сақтауда болып отыр. Мәдени мұраны қабылдап және игерудің маңызды тәсілдері мен құралы ретінде дәстүрді атауға болады. Онда халықтың ғасырлар бойғы тұрмыстағы даналығы, қайталанбас ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, әрбір халық өзін рухани мұрасының: дәстүрінің, адамгершілік мәдениетінің, тұрмыс салтының арқасында сақтап қалады.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін биологиялық бағдарламаларды бекітетін биологиялық, генетикалық кодпен қатар, деп жазады В.С. Степин, адамда тағы бір кодтау жүйесі бар, ол әлеуметтік код. Сол арқылы адамнан адамға, ұрпақтан ұрпаққа дамып келе жатқан әлеуметтік тәжірибе беріледі [7].

Дәстүр кез келген бір халықтың тарихи қалыптасқан мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Біздің түсінігімізде бұл категория, дәстүрлі ұлттық болмыстың мағынасын жинақтаған орталық ретінде адам бойында шоғырланған.

Дәстүр әр кезде пайда болған элементтерді біріктіріп, басын қоса алады және дәстүрдің «ескісі» актуальды емес деген қорытынды жасауға әсте болмайды. Дәстүрдің арқасында адамдардың кеңістіктік-уақыттық басы бірікпеушілігі еңсеріліп, олардың белгілі бір рухани-адамгершіліктік бастауларының қауымдастығы құрылады. Бұл жерде уақытты «жыл мезгілдері сияқты ауысып және айналып келіп отыратын адамзат ұрпағының ынтымақтастығы» ретінде қарастыруға болады [8]. Дәстүрдің тұрақты қоғамдық қатынас екендігін ескеру қажет, кейбір жағдайларда «ескі» деген мағынада талдау жасауға жол беріледі, себебі соңғысы белгілі бір мағынада қалыптасқан, белгіленген деген мағынаны береді. Сонымен қатар, дәстүр қарама-қайшы — баянсыз, кездейсоқ, бірен-саран, қайталанбас нәрселер де «ескі» болуы мүмкін. Сөйтіп, «дәстүр» және «ескі» ұғымдары бір бірін «жабатын» емес, бір бірімен «қиылысатын» болып отыр. Сонымен қатар, ескі дегенде ескірген, кертартпа, өткеннің зиянды сарқыншақтары

деп түсінуге де болады [9]. Дәстүр мен шығармашылықтың (инновацияның) ара қатынасын зерттеудің мәні зор.

Дәстүр мен инновацияның ара қатынасының проблемасы қазіргі заманғы қоғам үшін айрықша өзекті, оны теориялық іздестірулерден емес, нақтылы жобалар-бағдарламалардан көруге болады.

Әдістемелік тұрғыда әлеуметтік-мәдени бағыт неғұрлым өнімді, оны біртұтастыққа өркениеттік және формациялық бағытының болуы байланыстырады.

Бұл позицияны Н.И.Лапин былайша негіздейді: Өркениетті бағыт неғұрлым ауқымды бағыт ретінде адамзат тарихының неғұрлым тұрақты компоненттерін (антропологиялық, этникалық, мәдени) қамтиды, ал формациялық бағыт анағұрлым өзгермелі (әлеуметтік, жеке бастық) құрылымдарға көп көңіл бөледі, ал әлеуметтік-мәдени бағыт болса, тұрақты және өзгермелі бағыттардың (жеке адам мен қоғам, мәдениет пен әлеуметтілік) байланысын анықтайды [10].

Жаңаның тұрақтануы — қол жеткен жетістіктерді іс-әрекеттің жалпыға бірдей нысанына айналдырудың қажетті шарты, ұрпақтар сабақтастығының басты алғышарты. Ең соңында, халықтық мәдениетті менгеруінің (мәдени мұраға қосылуы), сондай-ақ игеруінің (шығармашылық қызметке, жаңа мәдени құлдылықтарды жасауға тікелей қатысуы) деңгейі мәдени прогрестің критеріі болып табылады. Бұл жерде дәстүр — ең алдымен рухани мұраны сақтаудың нысаны, ал мұра өз кезегінде кез келген мәдениетті дамытудың бастапқы базасы болып саналады.

Мәдениетті дамытудағы сабақтастық үдерісі — бұл күрделі, карама-қайшылықты, диалектикалық үдеріс. Бір жағынан, мұнда дәстүр міндетті түрде орын алады, бұрын қол жеткен жетістіктермен байланыс бар, екінші жағынан, жаңамен байланыс орнаған.

Осылайша, біз тарихи сабақтастықтың дәстүрден басқа, бұзылмас, маңызды жағы жаңашылдық, мұраланған мәдени құндылықтарды шығармашылықпен игеру және сыни тұрғыда өңдеу екендігін көреміз. Жаңа тарихи кезеңде адамзат баласы әрқашан да өткен кезеңдердің жетістіктерін бағалайды, бұрынғы бағаларын қайта қарайды және, әсіресе өзіне мұраға қалған мәдени құндылықтарды елеулі түрде толықтырады, байытады, дамытады. Кез келген халықтың мәдениетінде, кез келген нақты тарихи кезеңде оның дамуы қандай да бір тұрақты ұлттың рухани дәстүрі ретіндегі оның бүкіл тарихы, бүкіл мәдени-тарихи тәжірибесі синтезге негізделген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Франкл В. Человек в поисках смысла. М., 1990. С. 93.
2. Баллер Э. А. Социальный прогресс и культурное наследие. М., 1987. С. 51.
3. Гегель. Наука логики // Соч. М., 1937. Т. 5. С. 99.
4. Герцен А. И. Соч. В 9 т. Т. 2. М., 1955. С. 134.
5. Ленин В. И. Поли. собр. соч. Т. 29. С. 207.
6. Яхот О. О. Отрицание и преемственность в историческом развитии // Вопросы философии. 1961. № 3. С. 151.
7. Степин В. С. Культура // Вопросы философии. 1999. № 8. С. 63.
8. Гуревич А. Я. Категории средневековой культуры. М., 1984. С. 110.
9. Понятие «пережиток» ввел в социологию Э. Тэйлор, который употреблял его, помимо прочего, в смысле «обычай», «традиция». См.: Тэйлор Э. Первобытная культура. М., 1939. С. 10.
10. Лапин Н. И. Социально-культурные аспекты будущего и научно-технических нововведений. В сб.: Философия и культура. М., 1997. С. 155.

Ақтөбе халқының ұлттық құрамындағы өзгерістер (1897-1999 жж.)

Шынар САЛИМГЕРЕЕВА,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері

Бүгінгі кезеңде Қазақстандағы демографияның өсіп өркендеуі негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі, Қазақстандағы халық санының құрамы көптеген өзгерістерге ұшырады. XIX ғ. Қазақстанға переселендердің келуі, 1921 ж. аштық, әсіресе 1932-1933 жж. ұжымдастыру нәтижесіндегі аштық, Ұлы Отан соғысы және т.б. оқиғалар аймақ халқының санының, құрамының, әсіресе тұрғылықты халықтың күрт кемуіне әкелді. Сондай-ақ, XX ғ. II жартысындағы экономикалық дамудың тұрақтылығы кезеңінде халықтың жалпы саны өскенімен, туу қарқыны төмендегені көріне бастады. Қазақстандағы халық санының өсімі сырттан келген басқа ұлт өкілдерінің көші-қонына байланысты болды. Ал қалалық жерлер жұмыс іздеп келген ауыл тұрғындары есебінен толысты. Көбіне қазақтардың қалаларға шоғырлануы етек алды. Бұл өзгерістер Қазақстанның барлық дерлік қалаларында жүрді деуге болады. Соның ішінде қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып табылатын аймақтық демографияның зерттеу нысанының бірі — Ақтөбе халқының ұлттық құрамындағы өзгерістер де осы бағытта жүрді.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қоныстандыру саясатына байланысты Ақтөбе халқының ұлттық құрамында ірі өзгерістер болды. Троицк, Орск уездері, Орынбор губернияларымен шекаралас Ақтөбе және Қостанай уездерінде қазақ, орыс, татар және башқұрттардың қалың орналасқан жері. Бұл біріншіден, Ақтөбе қаласының географиялық жағдайына және қазақ жеріне шекаралас елдерден өзге ұлт өкілдерінің біртіндеп келе бастауына байланысты. Екіншіден, Ақтөбе уезі Торғай облысының ішінде (1897 ж.) жері шұрайлы елді мекендердің бірі болды. Сондықтан, егіншілікпен айналысатын орыстардың және татарлардың орналасуы жиі кездесті. Сөйтіп, Ақтөбеге орыс, украин, татар, башқұрт және тағы басқа ұлт өкілдері қоныстана бастады. Батыс өңірі бойынша негізгі қоныстандыру аймақтары Орал және Ақтөбе уездері болды.

1878 ж. Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар — орыс шаруалары келген кезден бастап, әскери бекініс өзінің әскери сипатын жоғалтып, қалалық қонысқа айнала бастады. Осы жылдың көктемінде Ақтөбеге шаруалар И. Мощенский, Е. Богданов, Я. Каюдин, Г. Тузев тағы басқа барлығы 28 отбасы көшіп келді. 1878-1879 жж. Ақтөбеге Ресейден, яғни Воронеж, Курск, Харьков, Томбов губернияларынан 133 отбасы орналасты [1]. 1897 ж. бүкілресейлік санақ бойынша Ақтөбе уезінде — 115215 адам, оның 61170 ер адамдар, 54045 әйелдер еді. Ақтөбе қаласында өзге ұлт өкілдері — 2817 адам болды, оның ішінде орыстар — 2278, поляктар — 30, не-

містер – 1, финдер – 126, татарлар – 276, башқұрттар – 10, қырғыздар – 98 болды [2]. Сонымен, 1897 ж. санақ бойынша Ақтөбе уезінің негізгі тұрғындары қазақтар болғанымен, басқа ұлттардың да қоныс тепкендерін көреміз.

1901 ж. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы да өзге ұлт өкілдерінің келуіне ықпал жасады. Қазақстан бойынша 22 ұлт өкілдері келген. Ақтөбеге Мәскеуден теміржолшылар келе бастады. Осындай жұмысшылардың келіп, қоныстануынан Ақтөбе халқының құрамының өсуін байқауға болады. Соған байланысты Ақтөбе қаласында «Москва» ықшам ауданы пайда болды.

Қазақстан көпұлтты ел болып қалыптаса бастады. Бірақ губерниялар бойынша олар әркелкі орналасқан. Қазақтардың көп бөлігі Торғай губерниясында, Адай уезінде, Бөкей ордасында және Ақтөбе губернияларында орналасқан. Мысалы, 1920 жылдары Ақтөбе губерниясында барлығы – 449399 адам болды. Оның ішінде қазақтар – 318141 адам (70,9%), орыстар – 34385 адам (7,6%), украиндар – 85811 адам (19,2%), татарлар – 5022 адам (1,1%), немістер – 2233 адам (0,6%), белорустар – 186 адам және басқа ұлттар – 3621 адамды (0,6%) құрады [3]. Ал Ақтөбе қаласында – 11960 адам, ал губерния бойынша қала халқы – 19959 адам болды [4].

1921-1922 жж. Қазақстанда болған әлеуметтік-экономикалық апаттың кесірі Ақтөбе аймағын да шарпып өтті. Егер 1917 ж. Ақтөбе губерниясында – 492707 адам болса, 1923 ж. – 302849 адам болды [5]. Бұнда 1917 жылдан 1923 жылға қарағанда 189858 адамға кеміді. Ел ішіндегі жаппай ашаршылықтың салдарынан елде миграциялық толқындар күшейді. Көптеген переселен-шаруалар жаппай өздерінің орныққан мекендерін тастап Украинаға, Сібірге, Түркістанға көше бастады.

Ақтөбе облысында 1926 ж. мәлімет бойынша халықтың жалпы саны – 364526 мың адам. Ал, Ақтөбе қаласында 33616 адам тіркелді. Соның ішінде: қазақтар – 3651 адам, орыстар – 18041 адам, украиндар – 6474 адам, өзбектер – 46 адам, татарлар – 3943 адам, немістер – 74 адам, мордвалар – 89 адам, беларустар – 775 адам болды [6]. Бұл кезеңде Ақтөбе қаласы халқының санының құрамында әртүрлі ұлт өкілдері көбейе бастаған.

Сонымен, азамат соғысы жылдары және Қазақстандағы ауылшаруашылығын қалпына келтіру кезінде де күрделі демографиялық процестер жүрді. Демографиялық процестер қала халқының өсуіне ықпал жасады. Бірақ Қазақстан аграрлық республика болып қала берді.

Колхозшыларды көшіру қазақтардың өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Олар шаруашылықты жүргізудің жоғары, сапалы жақтарын үйренді. Мысалы, Ақтөбе округінің Елек районындағы «Степная правда» колхозына 1930 жылдың өзінде 149 шаруашылық кірді. Колхозшылардың 25% өзге ұлт өкілдері болса, ал 75%-н қазақтар құрады [7].

1928 ж. Ақтөбе қаласында бірінші рет дәнді-дақылдарды тексеретін лаборатория ашылды. Оған Сталинградтан Ақтөбе қаласына мамандандырылған 100 жұмысшылар келіп қосылды [8]. Колхоздарды біріктіру де қазақтардың өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Олар ашаршылықты жүргізудің жоғары, сапалы жақтарын үйренді. Мысалы, Ақтөбе округінің Елек районындағы «Степная правда» колхозында 1930 жылдың өзінде 149 шаруашылық кірді. Колхозшылардың 25% өзге ұлт өкілдері болса, ал 75% қазақтар құрады [9].

Ал, 1930 жылдардың ортасына қарай Ақтөбе өңірі халқының құрылымы өзгерді. 1926-1939 жж. қазақтардың саны – 366,4 мыңға азайды, ал орыстардың саны – 114,4 мыңға өсті. Бізге мәлім 1929 ж. ұжымдастыру, 30 жылдардағы ашаршылық және

1937-38 жылдардағы жаппай жазалау салдарынан жергілікті халықтың үлес салмағы – 74,3%-дан 55,4%-ға төмендеді, ал орыстардың үлес салмағы – 13,8%-дан 28,5%-ға өсті [10], яғни қазақтардың азаюлары орыстармен толықтаған.

1940 жылдың 20 сәуірінде СНК СССР және ЦК ВКП (б) шығарған қаулысында колхоз, совхоздардағы егіншілікті одан әрі дамыту керек делінге. Сол мақсатпен Ақтөбе облысы, Мартук районындағы «Искра» артелі Кемероводан келген 20 жанұяға пәтер беріп және оларды азық-түлікпен қамтамасыз етті [11]. 1941-1945 жылдары кезінде эвакуацияланған адамдар Қазақстанға көптеп келе бастады. Оларды Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Ақтөбе облыстарына орналастыра бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда демографиялық дағдарыс жүрді. Табиғи өсім төмендеп, халық саны көші-қон есебінен де кеми түсті. Соғыс жылдарындағы мобилизация мен эвакуацияға, соғыстан кейінгі демобилизация мен реэвакуацияға және депортацияға негізделген демографиялық қозғалыстың салдары республика халқының сандық құрамы мен оның көпұлттылығына әсер етті.

КСРО халқын шарпыған репрессия Ақтөбе өңірін де қамтыды. 1930-1950 жж. аралығында Ақтөбе облысында 7000 адам саяси репрессияның құрбандары болды. Ақтөбе қаласының өзінде – 1104 адам (21,9%) репрессияға ұшыраған еді. Ақтөбе облысындағы ұсталған адамдардың көбі ату жазасына кесілді. Себебі, Ақтөбе, Шалқар, Ырғыз қалалары ХКП мәліметтері бойынша, контрреволюциялық орталық болып есептелді [12].

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанға келетіндер саны азайған жоқ. Бұл ауыл шаруашылығын дамыту кезіндегі мамандарға деген сұранысты сырттан келгендер есебінен қанағаттандыруға байланысты болды. Сондай-ақ, ірі өндіріс орындары, завод, фабрикалардың көптеп салынуына байланысты басқа республикалардан адамдар көптеп келе бастады.

Тың игеру жылдарында Қазақстанда ірі этнодемографиялық өзгерістер болды. Оған жүз мыңдаған жаңа тұрғындар келді. Сол жылдары негізінен тың игеруге келушілердің саны ауылдық жерлерге әсері көп болды.

1-кесте. Ақтөбе облысы бойынша халықтың ұлттық құрамы (пайыздық көрсеткішпен) [13].

	1926 ж.	1939 ж.	1959 ж.	1970 ж.	1979 ж.	1989 ж.	1999 ж.
Қазақтар барлығы	68,3	48,9	43,2	47,5	52,1	55,6	70,7
қалада		26,2	24,0	26,1	31,4	40,3	62,2
ауылда		57,0	58,0	65,0	70,4	73,6	81,5
Орыстар барлығы	9,3	24,2	26,2	26,4	25,1	23,7	16,8
қалада		46,6	42,9	43,2	40,9	35,2	23,7
ауылда		16,2	13,4	12,6	11,2	10,1	7,9
Украиндар барлығы	18,9	20,2	16,9	14,0	11,9	10,2	6,9
қалада		19,1	16,2	15,2	13,7	11,6	7,3
ауылда		20,6	17,4	13,0	10,2	8,4	6,3
Белорустар барлығы	0,3	0,4	0,7	0,8	0,7	0,6	0,4
қалада		0,4	0,9	1,0	0,9	0,8	0,5
ауылда		0,4	0,5	0,6	0,5	0,4	0,3

Молдавандар барлығы	0,3	-	0,5	0,5	0,5	0,5	0,3
қалада		-	0,9	0,5	0,5	0,5	0,3
ауылда		-	-	0,6	0,5	0,5	0,4
Татарлар барлығы	1,7	2,2	2,7	2,7	2,5	2,3	1,7
қалада		5,0	4,3	4,2	3,8	3,4	2,4
ауылда		1,3	1,5	1,4	1,3	1,1	0,8
Немістер барлығы	0,4	0,5	7,0	5,7	4,8	4,3	1,6
қалада		0,3	7,3	6,6	5,7	4,9	1,5
ауылда		0,5	6,8	5,0	4,0	3,6	1,7
Басқа ұлттар барлығы	0,9	3,6	2,8	2,4	2,5	2,8	1,7
қалада		2,5	3,6	3,2	3,1	3,4	2,1
ауылда		4,0	2,4	1,7	1,9	2,2	1,2

* 1926 Бүкілодақтық санақта Ақтөбе губерниясына: Ақтөбе қаласы, Ақтөбе уезі, Темір уезі, Шалқар уезі және Торғай уездері кірді.

1 кестеде көрсетілгендей, 1959 жылы Ақтөбе облысында қазақтар – 43,2%, оның ішінде қалада тұратындар – 24,0% болса, қазақтардың басым көпшілігі, яғни 58,0% ауылдық жерлерде тұрған. Ал орыстар керісінше, олардың басым көпшілігі 42,9% қалаларда тұрса, 13,4% ауылдық жерлерде тұрған. Ал украиндар, керісінше, 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы 3,3%-ға азайған. Немістер, керісінше, 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы олар 6,5%-ға көбейген.

Немістер санының күрт өсуі Ұлы Отан соғысынан кейін тұтқындағы немістердің елдеріне оралмай, біздің елімізде қалып қойып, отбасын құрып, жұмыстарға орналасуына да қатысты. Ұлы Отан соғысынан кейінгі еліміздің экономикалық даму жағдайы, соның ішінде ауыл шаруашылығының дамуы, еңбекшілердің әл-ауқатының көтеріле түсуі, жалақының өсуі, колхозшыларға берілетін еңбекақының да өсе түсуі, медицинаның жақсы қарқынмен дамуы халық санының өсуіне игі әсерін тигізді.

Ақтөбе облысының экономикасының дамуы да, ірі өндіріс орындарының салынуы да басқа республикадан адамдардың келуіне себеп болды. Мысалы, «Актюбентген» заводының кеңеюі, «Большевик» трактор және ауылшаруашылық машина заводы (кейіннен «Актюбсельмаш» заводы болып аталды), «Геотехника» темір бұйымдар жасайтын завод, сол кездердегі СССР бойынша бірінші орында тұрған «Актюбхимкомбинаты», хром, фосфор рудаларын өндіретін комбинаттар, «Кенкиякнефть», «Эмбанефть» сияқты мұнай өндіретін орындар, тігін фабрикасы, кондитер фабрикасы сияқты өндіріс орындарына мамандандырылған жұмысшылар келді.

Ал, 1970 жылы облыстағы қазақтардың саны 1959 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға өскен. Оған себеп, туудың өсуі, өлім-жітімнің азаюы. Бірақ, олардың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрды. Қазақтардың саны қалада 26,1% болса, орыстардың қалада тұратындары – 43,2%. Ал, немістер 1959 жылмен салыстырғанда 1970 жылы 1,3%-ға, украиндар 2,9%-ға азайған. Бұған себеп – немістер мен украиндардың өз Отандарына оралуы.

1979 жылғы санақ мәліметтеріне сүйенсек, қазақтардың саны – 52,1%-ға жетті. Ал орыстар 1970 жылмен салыстырғанда 1979 жылы 1,3%-ға, украиндар – 1,7%, татарлар – 0,2%, немістер – 0,9% кеміді. Қазақтардың саны жылдан жылға

көбейіп келеді. Әсіресе, 1999 жылы 1989 жылмен салыстырғанда 15,1%-ға көбейді. Ол қалалық жерлерде де тез қарқынмен өсті. 1999 жылы олардың саны 1989 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға өсті. Оған себеп, негізінен ауылдық жерлерде жұмыссыздықтың өсуі, әлеуметтік жағдайдың әсіресе ауылдық жерлерде нашарлауы қазақ жастарының қалаға келуіне итермеледі. Ал, орыстар 1999 жылы 1989 жылмен салыстырғанда 6,9% күрт төмендеді. Украиндар да – 3,3%-ға, татарлар – 0,6%, немістер – 2,7%-ға, басқа ұлттар – 1,3%-ға төмендеді. Бұндай үрдістің үстем болуы КСРО-ның ыдырауына байланысты көптеген ұлт өкілдерінің өздерінің тарихи отандарына кетуіне байланысты еді.

1989 жылдардан бастап Ақтөбе облысындағы завод-фабрикалар дағдарысқа ұшырады. Өндіріс орындарында көптеген келеңсіздіктер байқалды. Жекешелендірудің арқасында көптеген колхоз-совхоздар ыдырап, мүліктері талан-таражға түсті. 1997 жылдан бастап бүкіл елдегі секілді Ақтөбе облысындағы экономикалық даму жақсара бастады. Облыста орналасқан өндіріс орындарында шығарған өнім мөлшері 1996 жылмен салыстырғанда 27,7%-ға өсті. Жұмыссыздық азайды. Көптеген өндіріс орындарына жұмысшы күштері қажет етілді. Мал бастары көбейіп, мал шаруашылығы да қалпына келіп, егін шаруашылығы да жақсарды.

Сонымен, әр жылдардағы санақ мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, облыс халқы құрамындағы қазақ халқының үлесі 1897-1970 жж. аралығында кеміп, 1979 ж. санақтан бастап, жылдан жылға өсіп отырды. Ал орыс халқының саны 1989 жылға дейін өсіп отырғанымен, 1999 жылы ол күрт төмендеді. Украин халқынан осыны байқаймыз. Тек, 1999 ж. санақ қана тұрғылықты қазақ халқының үлесінің 1926 ж. деңгейіне жеткендігін көрсетті. Оған себеп, Тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасындағы халықтың жағдайының жылдан жылға жақсаруы, экономиканың дамуы, медицинаның жақсы көрсеткіштерге жетуі, оқу-ағарту ісінің жақсы жолға қойылуы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Обзор Тургайской области за 1879 г. – Оренбург, 1980. – С.13.
2. Всеобщая перепись населения Российской империи. – СПб., 1904. – Т.87. Тургайский уезд. – 104 с.
3. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С.38.
4. ҚРОММ. 698-қ., 14-т., 3-іс, 23-п.
5. История Актюбинской области. – Ақтөбе, 2006. – С.399.
6. ҚРОММ. 698-қ., 14-т., 103-іс, 109-п.
7. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С.76.
8. Журин Н.И. Указ.соч. – С.105-106.
9. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С.76.
10. ҚРОММ. 698-қ., 21-т., 231-іс, 2-п.
11. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С.79-80.
12. Жертвы репрессий. Кн.1. Ақтөбе, 1997. – С.35.
13. Всеобщая перепись населения Российской империи. – СПб., 1904. – Т.87. Тургайский уезд. – 104 с.; Всесоюзная перепись населения за 1926 г.; Всесоюзная перепись населения за 1939 г. – С.27,76; Всесоюзная перепись населения за 1959 г. – Табл. 1. – С.11.; Итоги переписи населения 1970; Всесоюзная перепись населения за 1979 г.; Итоги переписи населения 1989 г.; Итоги переписи населения 1999 года по Актюбинской области // Агентство Республики Казахстан по статистике. Т.1. – Алматы, 2000. – С.66-67.

Отарсыздану доктринасы

Ғабит ЖҰМАТАЕВ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің аға оқытушысы

«Отарсыздану» мәселесі теориялық тұрғыдан 1950-шы жылдары Батыста, негізінен француз және бельгиялық ғалымдар тарапынан зерттеліне бастады. Ол француз отарлық империясын саяси-құқықтық тұрғыдан қайта құруға байланысты тарихи, саяси және құқықтық әдебиеттерде қаралды. Бір кездері Батыста пайда болған отарсыздану термині енді отандық акпараттық кеңістікке енгені байқалады. Отарсыздану 1950-ші жылдары пайда болған неологизм емес. Оны тұңғыш рет 1836 жылы француз қоғам қайраткері Анри Фонфред қолданысқа енгізген. Францияның Алжирді отарлауына қарсы шыққан Фонфред бастаған антиотаршылдар «Алжирдің отарсыздануы» атты манифесті жариялады. Осыдан кейін бұл термин 1845 жылы «Француз тілін байыту туралы сөздігіне» енгізілді.

Терминді Францияда антиотаршыл күштер қолданғанымен әлемдік отарлық экспансия барысында ол көлеңкеде қалып қойды. Оны 1917 жылы Ресейдегі большевиктер революциясынан соң үнді коммунистерінің жетекшісі Манабendra Нат Рой қолданды. Бірақ Рой бастаған үнді коммунистерін «ренегат» деп айыптаған әлемдік коммунистік қозғалыстың лидерлері отарсыздану терминін қолданудан бас тартты. Большевиктер отарсыздануды жаңа отаршылдық ретінде бағалады. 1935 жылы Коминтерннің VII Конгресінде қытай делегаты Ван Мин «социал-демократтар мен ренегаттардың (Рой және басқалары) отарсыздануға қатысты теориясына келетін болсақ, ол капитализмге негізделген өзге теориялар секілді толық сәтсіздікке ұшырады» деп мәлімдеді [1].

Әлемдік коммунистік қозғалыстың тарапынан қабылданбай тасталынған соң оны 1930 жылы неміс ғалымы Юлиус Бонн «Entcolonisierung» немесе «Entcolonialisierung» деген немісше нұсқасында қолданады. Көп ұзамай Британияға қоныс аударған Юлиус Бонн оны ағылшыншаға «decolonization» деп аударды. 1950 жылдардан бастап отарсыздану терминін қолданудан отарлық партияның публицистері қолданды. 1952 жылы француз ғалымы Анри Лабуренің «Colonisation, colonialisme, décolonisation» және бельгиялық публицист Артур Вотьенің «Le communisme et la décolonisation» атты еңбектері жарық көрді. 1957 жылы бүкіл француз саяси элитасы отарсызданудың төңірегінде қызу пікір-таластар жүргізді. Осыдан кейін ұзақ уақыт бойы бейтаныс болып келген отарсыздану термині ағылшын және неміс сөздіктеріне енгізілді.

Французша «décolonisation» сөзі қазақшаға отарсыздану деп аударылады. Дехристианизация христиандықты жоюды білдірсе, décolonisation немесе отарсыздану отарлық жүйенің, отарлық империяның, жалпы отаршылдық атаулының жойылуын білдіретін ұғым. Демек décolonisation/отарсыздану «colonie/отар» «colonisation/отаршылдық» сөздерімен тығыз байланысты және оның туындауының түп негізі осы сөздерде жатыр.

Отарсыздану мәселесі отаршылдық тарихына қатысты мәселелердің ішінде аз зерттелгені. Қазақ елі үш жүз жылдай уақыт Ресейдің боданында болғандықтан отандық ғылым да өзгенің тәуелділігінде болып келді. Тарих және өзге ғылым салаларына кеңестік дәуірде бақылау тым қатты болды. Кеңес Одағы отаршылдық пен империализмге қарсы болғанымен кеңес ғылымы «отарсыздану» концепциясын қолданудан бас тартты. Бұл концепцияның орнына кеңес тарихшылары әлемдік отарлық жүйенің ыдырауы, отарлық империяның күйреуі секілді концепцияларды қолданды. Отарсыздану концепциясы кеңестік ғылымда қолданған концепцияларға қарағанда академиялық негізде. Кеңес империясының ыдырауы және посткеңестік кеңістікке батыстық үлгідегі либералды-демократиялық құндылықтардың таралуы отандық тарихшыларға, бұқаралық акпарат құралдарына бұрын тиым салынып келген ғылыми концепциялар мен методологияларды кең көлемде қолдануға жол ашып берді.

Отарсыздануды зерттеу отарлық тәуелділікте болған барлық елдер үшін аса қажетті нәрсе. Кейінгі кезеңде отандық баспасөз беттерінде бұл концепция төңірегінде мақалалар, сұхбаттар, ой-тұжырымдар жариялана бастады. Кеңес империясы ыдыраған соң отарсыздану процесі, әсіресе, Балтық бойы елдерінде, Украинада, Грузияда, Әзірбайжанда, Молдовада, Өзбекстанда, Түркменстанда аса қарқынды жүріп келеді. Қалған мемлекеттер де осы бағытта болғанымен мұнда түсініксіз әрі күрделі тұстары басым. Осыған орай отарсыздану бүгінгі Қазақстан үшін аса қажетті өзекті проблема болып отыр.

Қазақстан да қоғамдық өмірдің барлық саласында, ішкі және сыртқы саясатта отарсызданып, толық дербес болу үшін осы бағыттағы қуатты қозғалыс жоғарыдан да, төменнен де жүруі тиіс. Бұл бағытта тарихшы ғалымдар аса қабілеттілік, жігерлік танытып жаңа ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы қоғамдық сананы қалыптастырып, тіпті мемлекеттің осы саладағы саясатына ықпал етіп, нақты кеңестер мен ұсыныстар берулері тиіс. Бізге осы бағытта өзге империялардың отарсыздануын, басқа державалардың қол астында болған халықтардың отарсыздануын зерттеу мол тәжірибе, нұсқау берері сөзсіз. Сондықтан біз осы мақалада отарсыздану мәселесін француз отарлық империясының ыдырауы контекстінде қарастыруды жөн санадық.

Отарсыздану қоғамдық өмірдің барлық саласына, ішкі және сыртқы саясатқа, аймақтық және халықаралық қатынастарға ықпал етуші қуатты тарихи үрдіс. Сондықтан бұл үрдісті назардан тыс қалдыруға болмайды. Отарсыздануды ғылыми тұрғыдан талдау отаршылдық феноменімен тығыз байланысты. Отаршылдық – ол индустриалды өркениеттердің жаһандық ауқымдағы тарихи экспансиясы. Отарлық езгіге ұшыраған халықтар отаршылдыққа қарсы күрес жүргізеді. Бұл заңды әрі табиғи үрдіс, өйткені отаршылдық дегеніміздің өзі бір халықтың екінші біреуіне саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан тәуелді болуын білдіреді.

Кеңес ғылымында қолданған отарлық империялардың ыдырауы, күйреуі концепциялары тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі әлемдік отарлық жүйенің ыдырау процесін түсіндіруге бағытталды. Отарсыздану концепциясының мәні одан да терең әрі ауқымды. 1945 жылдан кейінгі әлемдік отарлық жүйенің ыдырауы отарсыздану процесінің бір бөлігі ғана. Отарсыздану тарихи феномен ретінде отаршылдық атаулыға қарсы күрес жүргізуді білдіргендіктен бұл процесс отарлық экспансия басталған уақытта туындады. 1783 жылы Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларының, 1804 жылы Гаитидің, XIX ғасырдың бірінші ширегінде Латын Америкасы елдерінің отарсыздануы осы процестің

көрінісі. Сырым Датұлының, Махамбет пен Исатайдың, Кенесарының, 1916 жылғы Амангелдінің, 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісі осы үрдістің ажырамас бөлігі екенін бүгін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Отаршылдық феноменнің түпкілікті мәнін ашып көрсеткен мартиникалық психиатр Франц Фанон «отаршылдықты сана-сезімнен жүрдай болған жансыз машина, дене, сонымен қатар оны зорлық-зомбылық пен езгіге негізделген ма-нихейлік элем» ретінде бағалайды [2]. Яғни отарлық саясатты жүргізіп отырған тарап отарланған елде отарланғандардың мүддесін еш ескермей өз мүддесіне жауап беретін, өз көңілінен шығатын режим мен тәртіпті орнатады. Сырттан баса-көктеп кірген отарлаушы ең алдымен ел мен жердің байырғы заңды тұрғындарын екінші сорттағы қауымдастыққа айналдырып, оны нәсілдік, ұлттық және діни дискриминацияға түсіреді. Демек, нақ отарлаушы тарап түземдікті жасайды. Отарлық жүйенің бар жақсылығын, барлық пайдасын өзіне алатын отарлаушыны отарланғанның тарихы, салт-дәстүр, тілі, діні, дүниетанымы, келешегі соншалықты алаңдатпайды. Өйткені ол дүниеге өз көзқарасы тұрғысынан қарайды. Отарлаушы отарланушының сана-сезімін былай қойғанда сүйегіне дейін үрей мен жалтақтықты, қорқақтық пен құлдық психологияны, мәнгүрттікті және өзге де жағымсыз құбылыстарды ендіреді.

Сырттан енген өркениеттік құндылықтардың қас дұшпаны, абсолютті зұлымдық күші отарлаушының тұжырымдауында «түземдік». Сондықтан құндылықтардан жүрдай болған түземдікті басқаша тәрбиелеу қажеттігі туындайды. Осылайша дәстүрлі мәдениет, ана тілі, діни сенім және отаршылдыққа дейінгі басқа да құндылықтар отарланушының сана-сезімінде өшіп, нигилизм мен космополитизм салтанат құрады. Отарлаушы орнатқан қасиетті отарлық тәртіптің іргесі сөгілмеуінің кепілі жандарм, жауынгер және басқа да репрессиялық құрылымдар. Отарлық саясат қарумен және қанмен жүргізілгендіктен, сол саясаттың жемісі отарлық режимнің бейбіт түрде сақталынуы мүмкін емес. Отаршылдықтың ащы дәмін отарлық езгіде болған барлық халықтар жақсы біледі.

Отаршылдық түрлі халықтардың дамуына белгілі дәрежеде импульс бергеніне қарамастан, ол еуропалық еместерді қанау мен езудің қаруына айналды. Осыған орай әділетсіз принциптерге және универсалды еуропалық ұлтшылдық идеалдарына негізделген отарлық империялар отарсыздану үрдісінің туындауына әсер етті. Франц Фанонның пікірінше, отарсыздану әрқашан түземдіктің азғантай болмашы талаптарынан басталады. Ол отарлық режимді толық және абсолютті ауыстыруды білдіреді және жаңа ұлттың туындауын, жаңа мемлекеттің іргесінің қатаюын, оның дипломатиялық байланыстарының, саяси және экономикалық дамуын білдіретін тарихи феномен. Фанон отарсыздану туралы мынадай тұжырым жасайды: «Ұлт-азаттық, ұлттық өркендеу, халықтың ұлттық негіздерін қайта құру тағы басқа формулаларды келтірсек те, отарсыздану әрқашан зорлық-зомбылық құбылысы болып қала береді, өйткені отарсыздану табиғатынан бір-біріне қарама-қайшы күштердің кездесуі, отарсыздану ешқашан байқалмай өтпейді».

Кенес зерттеушісі И.М. Меликсетова отарсыздануды тар және кең мағынаға бөліп көрсетеді. «Отарсызданудың кең мағынасы тәуелділіктің барлық формаларынан арылып, тәуелсіз мемлекетті құруды білдіреді» десе, оның тар мағынасын былайша түсіндіреді. Отарсыздану тәуелді территориялардағы саяси теңсіздіктің ең зардапты, ең төменгі элементтерін жоюға бағытталған саясат (яғни бұрынғы отарлық басқару жүйесін, жергілікті халықты құқықтық жағынан кемсітуді, дискриминациялауды, сондай-ақ әкімшілік және мемлекеттік қызметтерді иемдену мен бөлісу жүйесін т.с.с. түбірімен жою), мемлекеттіліктің ең қажетті элементтерін

қалыптастыру (ең артта қалған мемлекеттерде), сонымен бірге басқарудың барлық тетіктерін жергілікті халықтан дайындалған ұлттық кадрларға беру [3].

Отандық тарихшы Ескендір Әбдірахман отарсыздануға мынадай анықтама береді: «Отарсыздандырудың басты мәні, мақсаты – отарлықтың салдарын жойып, ұлтты, елді санаға сіндірілген бағыныштылық, сенімсіздік, белгісіз үрей мен қорқыныштан, өмір сүру дағдысы мен ұлт ретінде өзгелерге жалтақтаудан арылу... сіңісті болған кір-қоқыс, ластан тазарту» [4]. Сенегалдың тұңғыш президенті Сенгордың пайымдауында «отарсыздану – бұл отарлаушының сана-сезіміндегі отарлық психологияны, тиісінше отарланушының сана-сезіміндегі құлдық психологияны толығымен жоюды білдіретін тарихи құбылыс» [5].

Отарсыздану теориясы төңірегінде ХХ ғасыр ортасынан бастап солшылдар (антиотарлық партия) мен оңшылдар (отарлық партия) арасында өткір пікірталастар орын алып келеді. Батыста антиотарлық партия солшыл көзқарастағы қайраткерлер, публицистер мен ғалымдардан құралса, Кеңес Одағы мен социалистік лагерь толығымен антиотарлық партия болып саналды. Коммунизм дәуірінде отаршылдықтың позитивті жақтары туралы сөз қозғау диссиденттік ретінде бағаланатын, ғылыми зерттеуде көзқарастар плюрализмінің жоқтығы салдарынан ондай тұжырымға марксизм аса төзімсіздікпен қарады. Бүкіл қоғам партия мен идеологияға қызмет етті. Осыған орай тарих және өзге гуманитарлық ғылымдар да партияның үстемдігімен бір методология мен идеология негізінде тарихи процестерді түсіндірді.

Францияда отарсыздану мәселесін зерттеуге француз империясының ыдырауы шешуші түрде ықпал етті. Отаршылдықтың позитивті екенін дәлелдеу отарсыздану феноменін талдауға айтарлықтай әсер етеді. 1945 жылдан кейін әлемдік отарлық жүйенің біртіндеп ыдырай бастауы Франция мен Бельгиядағы отарлық партияның публицистерін отарсыздану процесін Батыс державаларының қайырымды саясаты ретінде көрсетуге итермеледі. Француз ғалымы Ж.Л. Кермонның тұжырымдауында, «отарсыздану өткен уақыттағы бағындыру принципіне негізделген отарлық қарым-қатынастарды заңдық сипаттағы теңдік қатынастарға ауыстыруға бағытталған құбылыс, сонымен қатар отарсыздану бұрынғы отаршылдар мен отарланушылардың арасындағы тұлғааралық және де ұжымаралық ортақ құқықтық қағидаларға негізделген қатаң теңдік жағдайын орнатуды білдіреді» [6].

Солшылдар отарлық партия публицистерінің отарсыздануға берген анықтамасы мен оны әлемдік отарлық жүйенің ыдырау процесін түсіндіретін ғылыми теория ретінде қолдану бастамаларына қарсы шықты. Француз марксист ғалымы Жан Шенонның тұжырымдауында, «Бұл терминді қолдану Азия тарихын суроцентристік тұрғыдан түсіндірудің соңғы айла-амалы болды» [7]. Кеңес ғалымдары француз әріптестерінен ары кетті. 1920-шы жылдардың өзінде-ақ отарсыздану термині большевиктер мен халықаралық коммунистік қозғалыс тарапынан қабылданбағаны белгілі. 1950-ші жылдардың ортасында кеңес ғалымдары отаршылдық мәселесін зерттеуді жүйелі түрде қолға алды. Мұндай тенденция бір жағынан Мәскеудегі басшылықтың ауысуымен де тығыз байланысты. Н.С. Хрущевтің келуімен Кеңес Одағы халықаралық масштабта батыс мемлекеттерінің отарлық саясатын айыптап, отар халықтарды өз жағына тартуға бар күшін салды. Отарсыздану дәуірінде Мәскеу өзін үшінші әлемдегі бүкіл ұлт-азаттық қозғалыстардың басты қорғаушысы, тіпті үрдістің қожайыны ретінде көрсетуге тырысты.

Отаршылдық атаулыны қаралап, отарсыздану теориясын капитализм мен империализмнің өнімі ретінде қарастыру кеңес тарих ғылымының ұстанған бас-

ты принципі болды. Олар Батыстағы отарсыздану терминін қолдану әрекеттерін «отаршылдықтың идеологиялық тұрғыдан қайта қарулануы, тарихи процесс пен империализмнің отарлық жүйесінің ыдырауын бұрмалау әрекеті» ретінде бағалады [8]. Мұның басты себебі отарсызданудың капитализм мен буржуазиялық қоғамның туындысы болғанында еді.

Кеңес Одағы ыдырағанға дейін кез келген ғылыми ізденіс немесе зерттеу жұмысы тек марксизм мен маркстік методология аясында жүргізілуі тиіс еді. Бұл догма болғандықтан оған күмән келтіру мүмкін емес болатын. Алайда 1980-ші жылдардың соңында дәстүрлі стереотипті дүниетаным күйреген сәтте қалыптасқан жағдай өзгере бастады. Ғалымдардың тарихи материализмге балама идеялар айту үрдісі байқала бастады. Көзқарастар плюрализмі тарихи проблемаларды басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді. Идеологиялық либерализмнің орын алуына байланысты ғылымда отарсыздану теориясына қатысты көзқарастардың өзгеруіне алып келді. Осы кезде отарсыздану мәселесіне байланысты тарих ғылымында жаңа пікір-таластар өткізіліп, ғылыми мақалалар жарық көре бастады.

Отарлық саясатты жүргізген ұлттардың отаршылдық пен отарсыздануға байланысты көзқарастары отарланушыларға қарағанда анағұрлым ерекшеленеді. Олардың отарсыздануға қатысты ұстанымдарындағы антоганистік элементтердің кездесуі объективті нәрсе. Демократия мен көзқарастар алуандығының ошағы ретінде Францияда отарланғандарға жанашырлық білдіруші және өз елдерінің отарлық саясатын айыптаушы топтар, жекелей тұлғалар жоқ емес. Мұндай прогрессивті қозғалыстар қазірдің өзінде із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Алайда отарлаушы мен отарланушының моральдық-психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, тұрмыстық, тұлғалық жағдайы, қоғамдық статусы әрқашан жер мен көктей болды.

Еуропалық бұқара жұмыссыздық, әлеуметтік және экономикалық дағдарыс, ең ақыры нацизмнің езгісі мен нәсілшілдік шаралардың зардаптарын көріп, сезінді. Бірақ бұл процестер Батыс өркениетінің ішінде жүріп жатты. Оның үстіне еуропалық пролетариат пен отарланған халықтардың ынтымақтастығын аса сілтеп көрсету тенденциясы Еуропада кеңінен таралған. Бірақ бұл тенденция ғылыми тұрғыдан алғанда сын көтермейді. Өйткені еуропалық өркениеттердің экспансиясы, жаулаушылығы және отаршылдық тек капиталистік буржуазияға ғана емес, сонымен бірге Еуропаның пролетариаты мен орта әлеуметтік топтарына мол пайда алып келді. Отаршылдық метрополияның артық тұрғындарына отарларға қоныстануға жол ашты, ол өз кезегінде Еуропаның индустриясының дамуына және еуропалық бұқараның өмір сүру деңгейінің көтерілуіне зор ықпал етті.

Еуропалық өркениеттің езгісі отарланған этностарға тарихи дамуда біршама алға жылжуға мүмкіндік бергенімен, отаршылдықтың таңбасы олардың рухани болмысына терең батып, салдары әлі күнге дейін жойылмай келеді. Отарланған этностар үшін отарсыздану дегеніміз ең алдымен ұлт санасындағы отаршылдық дәуірден мұра болып қалған рухани тұрғыдан артта қалушылық сезімін, үрей мен қорқынышты, жалтақтық пен бағыныштылықты ығыстырып, түбірімен жоюды білдіреді.

Отарсыздану ұлтшылдық, ұлттық идея, еркіндік, бостандық, эмансипация, тәуелсіздік, азаттық, өзара тәуелділік, дезинтеграция, суверендену, ынтымақтастық секілді доктриналармен тығыз байланысты. Ұлттық идея мен ұлтшылдық отарсызданудың қозғаушы күші саналды. Француздар отарлардағы жергілікті халықтарды мәдени және саяси ассимиляцияға ұшыратып, уақыт өте келе оларды қара немесе сары түсті француздарға айналдыруды көздеді. Бірақ француз

империясына күшпен біріктірілген этностар нәсілдік, ұлттық, діни тұрғыдан бір-бірінен қатты ерекшеленді. Осыған орай француз ассимиляциялық машинасы метрополиядан бірнеше есе үлкен отарларды теңіздің арғы бетіндегі Францияға айналдыруға шамасы келмеді. Француздандыру саясатына қарамастан отарларда жергілікті халықтардың ұлттық сезімдері мен ұлттық идеялары өлген жоқ. Керісінше отаршылдықпен бірге келген француз өркениеттік құндылықтары оны одан әрі байытып, қуат бере түсті. Ұлтшылдық пен ұлттық идея Францияның отарлардағы ресми ассимиляция саясатын күл-талқан етті. Жорж Клемансонның «отаршылдық туралы айтқанда көзінен жасын ағызып, аса қайғымен отарсыздану деп те айтады. Отарлаушы бағындырылған түрлі халықтарға тіл, бірігу факторы, байланыс құралдарын, сонымен қатар көтеріліс деген сөзді де берді» деп айтқан пікірі ащы шындық екені күмәнсіз [9].

Еркіндік, эмансипация теориялары отарсыздану белсенді түрде жүріп жатқан сәтте отарланғандар тарапынан талап етіледі немесе отарлаушы жақтың жүргізген либералды реформалары барысында отарланушыларға беріледі. Бұлар отарсызданудың ажырамас бөлігі және ұлтшылдар үшін минимум-бағдарлама болып есептеледі. Еркіндік пен эмансипация сөз бостандығы, құқықтық, саяси, экономикалық теңдік, ұлттық құндылықтарды қорғау мен дамыту секілді талаптардан басталады. Азаттық пен тәуелсіздікті отарланғандар максимум-бағдарлама ретінде қарастырды. Осыған қол жеткізу арқылы келімсектердің отарлық үстемдігі жойылып, еркін даму мүмкіндігі туындайды. Суверендену мен дезинтеграция жалпы ғаламдық масштабта жүретін үрдіс және ол отарсыздану процесінің шырқау шегі. Дезинтеграция күшпен біріктірілген отарлық империяның ыдырауын, ал суверендену отарлық жүйенің жойылуы нәтижесінде әлемнің саяси картасында тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуын білдіреді.

Бірнеше ғасыр бойы үздіксіз жүріп келе жатқан отарсыздану процесі қазірдің өзінде бір сәтте тоқтаған емес. Тарихи феномен ретінде отарсыздану ішкі және сыртқы мәні жағынан бірнеше категорияға бөлінеді: саяси, экономикалық, рухани, мәдени және т.с.с. М.К. Ганди тәуелсіздіктің саяси, экономикалық және рухани категорияларын көрсетіп берген. Оның тұжырымдауынша «саяси тәуелсіздік – дегеніміз шетелдік әскер билігінің барлық түрін түбірімен жою» [10]. Саяси отарсыздану деп ең алдымен үстем етуші отарлық режимнің қолында шоғырланған саяси-мемлекеттік билік, басқару тетіктері мен механизмдерін толықтай жергілікті отарланушылар құзырына тапсыру. Саяси отарсызданудың өзіне тән ерекше тұстары бар. Отарсызданған ұлт саяси тәуелсіздікке қол жеткізген соң отаршылдық кезеңде қоғамға енген батыс институттарын қандай формада болмасын түгелдей жойып, отаршылдық кезеңге дейінгі дәстүрлі институттарын қайта қалпына келтіруі мүмкін емес. Өйткені олар қалыптасқан объективті жағдайларға қайшы келуі ықтимал. Сондықтан Батыстан келген қожайын кеткенмен олар орнатып кеткен құндылықтар жүйесі сақталады. Отарсызданған елдер бұрынғы метрополиядан қол үзіп кетуі мүмкін емес. Олар ішкі және сыртқы саясатта басым бағытты көбіне метрополияға береді.

Кез келген отарланған халық үшін рухани және мәдени отарсыздану ең қиын проблемалардың бірі. Өйткені рухани отарсыздану саяси отарсызданудан анағұрлым ұзақ жүреді, ол мәңгілік үрдіске айналуы мүмкін. Ганди рухани тәуелсіздікке қол жеткізуге іс жүзінде күмән келтіреді. Сенгордың тұжырымдауынша сана-сезімнің тәуелсіздігі өзге тәуелсіздіктердің басты шарқасиеті. Рухани отарсыздану ұлттың өзін-өзі сақтау инстинктінен келіп шығатын

Батыстың жаһандық экспансиясы және отарлық үстемдігі әлемге еуроцентристік тұрғыдан қарау тенденциясының артуына немесе оның белгілі бір уақыт шеңберінде салтанат құруына алып келді. Бірақ Батыс адамзат баласы жаралғалы емес, бес жүз жылдай уақыт бүкіл дүниеге үстемдік жүргізді. Өркениеттердің белгілі уақыт аясында алма-кезек үстемдік жүргізуі әдеттегі құбылыс. Дүниеге тек еуроцентристік тұрғыдан қарап, баға беру адасуға немесе қателесуге алып келетіні анық. Өйткені әлемде бір емес бірнеше өркениет бар және оның біреуі өзгелердің үстінен мәңгілік үстемдік құруы мүмкін емес. Эме Сезар бұған байланысты «бір де бір нәсіл сұлулыққа, ақылдылыққа, күшке монополия орната алмайды» деген болатын. Бірақ Батыс ғаламдық деңгейді әмірлік жүргізген алғашқы өркениет екендігін мойындау қажет. Батыс өркениетінің бір тармағы саналатын Франция теңіздер мен мұхиттардың арғы бетіндегі түрлі-түсті этностарға өркениеттілік құндылықтарды таратуды өзінің тарихи миссиясы деп қарастырды. Дегенмен отарларда отаршылдық идеология мен еуроцентризм салтанат құрған жоқ. Француз отарларында Батыстың идеологиясы мен еуроцентристік концепцияның үстемдігіне қарсы бірнеше идеологиялық қозғалыс пайда болды. Француз Африкасында «негритюд» теориясы мен «афроцентризм» концепциясы, Солтүстік Африкада мұсылман реформизмі.

Соғысаралық кезеңде Леопольд Сенгор, гвианалық Леон Дама және мартиникалық Эме Сезар метрополияда француз отаршылдығы мен өзге де еуроамерикандық державалардың езгісіне түскен негро-африкалық нәсілдің өркениеттік даму тарихы мен тағдыры төңірегіндегі өткір мәселелерді қозғап, терең талқылау барысында «негритюд» теориясын ғылыми айналымға енгізді. Сенгордың тұжырымдауына негритюдтің негізін неміс этнологы Лео Фробениус салған. Фробениус Африканың адамзат тарихындағы ролін жоғары бағалап, «негр варвар идеясын еуропалықтар ойдан шығарған» деген болатын. Сезар негритюдке қаралық болмысты мойындау және осы фактімен, қара тағдырымызбен, тарихымызбен келісу деген анықтама берді.

Сенгор мен оның идеяластары негритюдті ең алдымен отарсызданудың идеялық қаруы ретінде қарастырды. Өркениет ретінде негритюд тек қара Африканың ғана емес, сонымен бірге Америка, Азия мен Океаниядағы азшылықты құрайтын қаралардың саяси, экономикалық, интеллектуалды, моральдық, артистік және әлеуметтік құндылықтарының жиынтығы. Демек негритюд бүкіл әлемдегі негро-африкалық өркениеттердің жиынтығы.

Негритюд отарсызданудың қуатты қаруы болғанымен ол бүкіл негр халықтары үшін универсалды құндылыққа айналмады. Жан-Поль Сартр оған «антирасистік расизм», яғни нәсілшілдікке қарсы нәсілшілдік деген баға берді. Біреулері «негритюдті артта қалушылықтың белгісі» ретінде бағаласа, келесілері негр мәселесіне терең көңіл бөлу Африканың бірлігіне нұқсан келтіреді дегенді де айтты. Тіпті нигериялық жазушы В. Сойнка «Тигрлер өздерінің тигритюдтігі туралы айтпайды ғой» деп мәлім етті. Мұндай орынсыз пікірлер мен тұжырымдарға негритюдтің теоретиктері былайша жауап катады. Мәдени қозғалыс ретінде «негритюд расизмде, «антирасистік расизм де» емес, ол XX ғасырдың гуманизмі», «негритюд – дегеніміз өзінді теріске шығару емес, керісінше «өзіндік менінді» күшейту» [11]. Нигериялық жазушының мынадай жауап берілді: «Тигрлер өздерінің тигритюдтігі туралы айтпайды, өйткені олар ақылсыз... ағылшындар «англо-саксон өркениеті» француздар «француз өркениеті» туралы айтқанда біз қол шапалақтаймыз. Осыған орай біз, негритюдті дәріптеушілер барлығынан бұрын негритюд туралы айтамыз, өйткені біз негрміз» [12].

Негр халықтары ортақ универсалды идеология ретінде қабылдасам да негритюд отарсызданудың қуатты қаруына айналды. Британ отарларында оған балама ретінде «аfrican personality», ал француз тілдес отарларда «афроцентризм» концепциясы қолданылды. Афроцентризмнің негізін салушы либериялық ағартушы Блайден саналғанымен, сенегалдық Шейх Анта Диоп оған нақты ғылыми негіз берді. Ол осы концепция арқылы еуроцентризмге соққы берді. Диоп еуропалықтардың тарихына зор ықпал еткен перғауындар дәуіріндегі Египетті таза африкалық өркениет екенін жан-жақты дәлелдеді.

Оның «Негр ұлттары және мәдениет» атты еңбегі африкалықтардың сана-сезімінде зор сілкініс жасады. Диоп африкалықтардың тарихын, мәдениетін, өркениетін еуроцентризмнен азат етіп, отарсыздандыруға көп үлес қосты. Француз тілінің кең қанат жаюы салдарынан жергілікті тілдердің тілдердің қоғамдық өмірден ысырылуы оны қатты толғандырды. Шейх Диоптың афроцентризм концепциясы Сенгор мен Сезардың негритюд теориясына қарағанда анағұрлым радикалды әрі академиялық негізде болды. Сондықтан уақыт өте келе афроцентризм ғылыми әлемнен негритюд теориясын ығыстырып шығарды.

Эгоцентристік позицияны ұстанған Францияға өз отарларына еркіндік беру қиынға соқты. Бұл бағытта отарлық империясы әлдеқайда үлкен болған Англияға өз отарларына тәуелсіздік беру әлдеқайда оңайға түсті. Еуропалық отарлық империялардың ыдырауын негізінен отарлаушы ұлттың мәдени ерекшелігі, саяси институттары, мәдени императивтері секілді факторлар анықтап берді. Осы бағытта Францияның отарларының отарсыздануы өзінің ерекшелігімен, аса даралығымен көге түсіп, жеке зерттеуді қажет етеді.

Отаршылдық идеология негізінен ассимиляция/интеграция/тікелей басқару және ассоциация/жанама басқару концепциясына негізделді. Батыс еуропалық державалардың ұлы географиялық ашулардан XX ғасырдың ортасына дейін созылған отарлық экспансиясы осы екі концепция арасындағы тынымсыз текетіреспен айшықталып келді. Империяны саяси-әкімшілік тұрғыдан ұйымдастыруда державалар ең алдымен ұлттық саяси мәдениеттің императивтерін есепке алып отырды. Ұлы француз революциясы жария еткен демократиялық және либералды құндылықтар жер бетіндегі барлық адамдар мен нәсілдерді тең деп жариялап, Еуропа содан кейін әлем тарихында зор сілкініс жасады. Республиканың жаһандық отарлық экспансиясы, еуропалық емес елдерді игеруі көбіне ассимиляция және интеграция концепциясына негізделді.

Францияның жаһандық отарлық экспансиясының басты құралына айналған ассимиляция/интеграция/тікелей басқару концепциялары Париждің қол астына өткен барлық халықтарды нәсіліне, тарихына, дәстүрлеріне, тіліне, дініне, өмір сүру салттарына, географиясына қарамастан нағыз французға айналыдыруға бағытталап отырды. Универсалды гуманистік және ұлтшылдық идеялармен қаруланған француздар этностар мен мәдениеттер плюрализмін мойындаудан бас тартып, көбіне отарланған территорияларды француз жеріне айналдыруға тырысты. Осыған орай француздарға отарлық империядан бас тарту өте қиынға соқты. «Өркениеттік миссия» идеясын ту етіп көтерген француздар империяны қорғауға терең мән берді. Осы жолды таңдаудың салдарынан соғыстан кейінгі кезеңде олар әскери және саяси жеңілістерге ұшырады.

Отарланған халықтардың мәдениетіне, тіліне тіпті, дәстүрлі басқару жүйесіне аса қауіп төндірмейтін жанама басқару концепциясын басшылыққа алған ағылшындар бағындырылған ұлттарды британ мәдениетіне интеграциялауға, ассимиляциялауға ұмтылмады. Өркениеттер және этностар плюрализмін

мойындаған ағылшындарға отарлық империяны отарсыздандыру әлдеқайда оңай болды. Британдықтар үндістерді, африкалықтарды, малайлықтарды, қытайларды француздар секілді нағыз британдыққа айналдыруды көздеген жок [13].

Бесінші Республиканың алғашқы жылдарында Францияны отарсыздану соғыстарының батпағынан шығарып, елді барлық салада өркендеу жолына түсірген Шарль де Голль осыны мойындап, былай деген еді: «Біз өзіміздің отарлау саясатымызды бастапқы кезде-ақ ассимиляция принципін негіздеп жүргіздік. Негрлерден нағыз француздарды жасауға ұмтылдык... Міне сондықтан отарсыздану ағылшындардан гөрі бізге қатты ауыр тиіп отыр. Олар әрқашан нәсілдер мен мәдениеттер айырмашылығын мойындады. Олар өзін-өзі басқаруды ұйымдастырды... Біз осы айырмашылықтарды жокқа шығардық. Біз барлығы бірдей әрі тең жүз миллион французы бар біртұтас Республика болуды қаладық. Міне, сондықтан француздар отарсыздануды айырылысу ретінде қабылдауда» [14].

Француз отарлық идеологиясы мен еуроцентризмге соққы беру, оны теріске шығару кез келген отарсыздану мен тәуелсіздіктің басты шарты саналады. Өз кезегінде рухани, мәдени, саяси және тарихи отарсыздану отарланған қоғамның барлық салаларын қамтып, отаршылдық дәуірден қалған мұрадан (кажетті емес элементтерден) арылып, қоғамдық-саяси өмір жергілікті сипатқа ие болып, ұлттық ерекшелікке қайта енуі тиіс. Осының негізінде отарсыздануды заңды тарихи үрдіс ретінде қарастырсақ орынды болады. Бұл құбылыс отаршылдық атаулыны толық теріске шығарып, отарланған ұлттарды саяси, экономикалық, мәдени-рухани және басқа да салаларда еркін, азат болуына объективті шарттарды қалыптастырып береді.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Dictionnaire historique de la vie politique française au XX siècle. / Sous la direction de Jean-François Sirinelli. — Paris, PUF, 1995. — 266-267 pp.
2. Фанон Ф. О насилии // Мораль в мировой политике. Хрестоматия. / Отв. ред. Б.Г. Капустин. — М.: Издательство КДУ, 2004. — 85 б.
3. Меликсетова И.М. Этноплеменные процессы в условиях деколонизации (на примере Океании) // Национальный вопрос в странах Востока / Отв. ред., М.С. Лазарев. — М., 1982. — 81-82 бб.
4. Салықбай Ө. Қазаққа отарсыздану қажет емес пе ? // Қазақ тарихы. — 2005. — № 4. — 10 б.
5. Senghor L.S. Liberté 2. Nation et Voie africaine du socialisme. — Editions du Seuil, 1971. — Vol. 2. — 216 p.
6. Энтин Л.М. Национальная государственность народов Западной и Центральной Африки. — М.: Наука, 1966. — 9-10 бб.
7. Dictionnaire historique de la vie politique française au XX siècle. — 267 p.
8. Энтин Л.М. Национальная государственность народов Западной и Центральной Африки. — 8 б.
9. Marion G.-G. L'outre-mer français: de la domination a la reconnaissance // Pouvoirs. — 2005. — № 113. — 35 p.
10. Ганди М. Речи и статьи о ненасилии и ненасильственном сопротивлении // Мораль в мировой политике. Хрестоматия / Отв. ред. Б.Г. Капустин. — М.: Издательство КДУ, 2004. — 189 б.
11. Senghor L.S. Liberté 3. Négritude et Civilisation de l'Universel. — Editions du Seuil, 1977. — Vol. 3. — 217 p.
12. Ibid., 101 p.
13. Todd E. Apres l'Empire. Essai sur la décomposition du système américain. Gallimard, 2002. — 124 p.
14. Peyrefitte A. C'était de Gaulle. Vol. 1. «La France redevient la France». «Fayard» 1994. — 54-55 pp.

Зороастризмнің идеялық негіздері және ұлттық рухани-мәдени бастаулар

Сапар ОСПАНОВ,

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институтының
Философия және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар
кафедрасы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

*«Ойгердің "ілімі" дегеніміз
оның айтқанындағы айтылмағаны,
созан адам өзін салады,
солай өзін сарып етуінен
өзінің пайдаға асқандығын табады
(аудару мен ерекшелеулер менікі. — С.О.)».*
М. Хайдеггер [1]

Заратуштра ілімі адамзат тарихындағы терең ойлаудың алғашқы бір нұсқасы, даналықтың осы кезге дейін маңыздылығын жоймаған үлгісі. Онда, онан кейін шыққан христиандық пен мұсылмандық діндердің басты догматтарының негіздері салынған. Олардың қатарына: әлемді, адамды Жаратушының жаратуы; адам тәні өлгеннен кейін, оның жанының мәңгі-бақиға өтерінде, «Шынбат пәрету» көпірі алдында, қолында әділеттік безбені бар «Әділеттілік» изеді Рашну Разишта (Антикалық Грекиядағы Фемиданың бастапқы үлгісі), Митра мен Сыраоша періштелерінің көмегімен, адамның бұл фани-жалған дүниеде жасаған игіліктерін, адалдық-әділеттіктерін және зұлымдықтарын, арамдық-өтіріктерін безбендеп жұмаққа немесе дозакқа жіберілетіндігі; табиғаттың басты элементтері суды, жерді, ауаны және отты таза ұстау керектігі; ақыр заманда әлемді өрт алатындығы сияқты сенімдік қағидаттар жатады. Зороастризмнің көптеген мәселелері, онан бұрын алтай-сақ-прототүркі кезеңдерде үстемдік еткен тәңірілік дінмен үндес, ал кейбір жақтары қайшы келеді.

Бұларды сөз етіп отырғандығымыздың маңызды себебі бар. Қазіргі кезде түркі халықтарының, солардың ішінде өз ұлтымыздың да исламға дейінгі дүниетанымы тәңірілік екенін жақсы білсек те, Заратуштралық дүниетанымның көп жақтарының сонымен аралас, болғандығын біле бермейміз. Зороастризм — откатабыну дінінің ырым-жоралғыларының бірсыпырасы сол дәуірлерден сақталған. Әрине бұл бір мақалада зороастризмдік дүниетанымның қағидаттарының қазіргі қазақи салт-дәстүрлік, ырым-жоралғылық үрдістердің астарларында жатқандығын толық талдау күрделі нәрсе. Бұл мақаладағы біздің мақсатымыз — зороастризмдік ілімнің идеялары мен қазіргі өзіміздің ұлттық рухани-мәдени бастаулармен үндестігін талдау.

Біз жалпы еуразия халықтары соңғы мұз дәуірінде (осыдан он-онбес мың жыл бұрын) Алтайда аман қалып, кейін өсіп тараған деген тарихи концепцияны ұстанамыз.

Солардың ең соңғы толқындары прототүркі-протоиран халықтары болған. Сондықтан олардың алтай-және-алтайдан-соң кезеңдердегі тілдеріндегі ең қысқа, ескі архетектік түбірлері бір. Абаста мәтінінің тілінде сол ортақ тілдерден бастау алған сөздер баршылық. Абастада кездесетін бірсыпыра, қазіргі ирандық тілде ұмытылған сөздердің мағыналары түркі-қазақ тілдерінде сақталған. Бірақ әлемдік абастологтар Абаста тіліндегі белгісіз сөздерді осы уақытқа дейін ескі түркі тілі тұрғысынан қарастырмаған. Біз басқа жұмысымызда сол дәуірлерден сақталған, қазіргі түркі-қазақ тіліне тән түбірлік мағыналарды тәржімалағанбыз [2]. Абаста мәтініндегі сөздердің осы кезге дейін сақталып келуі оның әуелден өлең түрінде шыққандығында. Өлең жолдарының сөздері түсіп қалмақ тұрсын, бір сөзінің өзгеше айтылуы өлеңнің просодиялық, ырғақтық қақамын бұзған болар еді. Онымен салыстырғанда жазылымдық мұрағаттар ертедегі қайта көшірілу кездері әдейі бұрмаланып немесе абайсызда жасалған қателіктер негізінде талай өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан өлең жолдары жазылымдық мәтіндерден нық, тасқа түскендей өзгермейді.

Осыдан кемі үш-төрт мың жыл бұрын өмір сүрген пайғамбарды, біреулер, Жайықтың шығыс жағын қоныстанған сақтардың арасынан шыққан, десе, екіншілер, қазіргі Пакистан-Ауғанстан-Батыс Үндістан жерлерін біріктірген, сол кезде «Сақастан» атанған елден шыққан, дейді. Қазіргі батыстық абастологтардың кейбіреулері «Заратуштра» аты қазіргі иран тілінде: «Сары» немесе «Кәрі» «түйе иесі», дегенді білдіреді десе, заратуштралық діннің өз ғұламасы, — дәстүр С.Х. Джабвала: бұлай атау батыстықтардың қателігі, ал ескі кітаптарда Заратуштра «Біріншінің Жаратқаны», «Даналықтың Бірінші Иегері» дегенді білдіреді, дейді. Біз соңғы екі атаудың біріншісі ақиқат, ал екіншісі балама атау деп, оның біз шамалаған, алтай-прототүркі-протоиран халықтарының ортақ байырғы тілге жақын түбірі «жарату» деген мағынаға сәйкес келеді, деп есептейміз. Бұл жұмысымыз осы ілімнің идеялары туралы болғандықтан оны «ілім» деген түсініктің тәржімасынан бастаған орынды.

«Ілім» ұғымын әртүрлі түсініктерін [3], біздіңше, үш текке бөлуге болады. Біріншісі *оқыту/оқу б-ілім*-дендіру (*ілімді беру/алу*) ілімнің бір мағыналық анықталған мазмұнын білу/білдіру ісі. Екіншісі ғылыми теориялардың, концепцияның, заңдардың, формулалардың негіздерінде оларда «айтылғандардың арасынан айтылмағандарды түсіну», — солардың негізінде жаңалықтар ашу. Ілімнің үшінші түсінігі біздің тақырыбымыздың басты мазмұнына қатысты діни догматтық ілім. Алайда ескерте кететін мынандай бір мәселе бар. Қазіргі үйреншікті «догма/т» түсінігі «бір нәрсені ойланбастан жаттау, өзгертпестен қайталау, соған сәйкес әрекет ету». Біздіңше, бұл тек діни сеніммен ғана байланысты емес. Ол ғылыми-теориялық, аксиомалық, заңдық, формулалық танымдарға да тән нәрсе: оларды ешбір бұзбай түсіну және пайдалану керек, онсыз күтілетін нәтиже шықпайды. Сонымен қатар, діни сенімдік «догма/т», нақтылы бір діннің тұрақты кезінде бұзылмастан сақталса да, тарихта, қасиетті кітаптардың мәтінін өзгеше түсінуге байланысты сол діннің жаңа бағыттары, тіпті секталары да пайда болады. Мысалы, бір христиандық діннің өзінен католиктік, православтық, англикандық, протестанттық т. б. бағыттарының, исламнан шейіттік, сүнниттік т. б. бағыттардың шығулары қасиетті кітаптардың мазмұнын әртүрлі түсінумен байланысты болған. Сонымен, «догма/т» деген түсінікті тек діни ілімге байланысты ғана айту оның ақиқат мәніне толық сәйкес келмейді.

Діни мәтіннің ілімдік сипаты, эпиграфтығы Хайдеггердің айтқанындай, тікелей айтылған сөздерде емес, олардың арасында, астарында, мән-мағыналарында.

Олар әртүрлі себептерге байланысты туындайды. Ең бастысы, жалпы адам санасының еркін ассоциациялық, абстракциялық ойлау, жаңа тұжырымдар жасау қабілеттерімен бірге, қоғамдық өмірдің үздіксіз өзгеруі және солардың арасынан туындайтын әлеуметтік жағдаяттардың, адам өмірінің, тағдырының өзгерулері үлкен әсер етеді. Күнделікті өмірде сана, негізінен көзіне бірінші не түссе, немесе басқа адам оған не айтса сол туралы ойлайды, әңгіме етеді. Сана мазмұнының күрделенуі, сол көріп тұрғаны мен естігені туралы бұрын көргендерін, есінде сақтағандарын салыстырып, байланыстырғанда, олардың келешегі туралы ойланғанда басталады.

Адам өзінің дүниетанымының көкжиектерінің ішінде барлық мәселелердің жауаптарын таба алмағанда, проблемалық жағдаятқа келеді. Сондай жағдаяттың өмір мен өлімге байланысты, мақала басында айтылғандай, фундаменталдық сұрақтарын осыдан үш-төрт мың жылдар бұрын Заратуштра Жаратушы атынан терең зерделеген. Мұндайда адам санасы интенционалдық «тілс(із)ымдық» — болмыстық пен болмыссыздықтың «демаркациялық шекара белдеуінің» бергі-және-арғы жақтарының арасы туралы тұрақты және терең ойларға жауаптар іздейді. Сананың мұндай жағдаятын Антикалық Грекия философтары эпохе — «бірдене туралы ештеңе айта аламау» жағдайы, деп атаған. Гуссерль: ондайда сана заттық-нәрселік дүние туралы шексіз эмпирикалық сұрақтардан шегініп, — **феноменологиялық редукция** жасап, — солардың мән-мағынасы туралы идеяларды құру арқылы дағдарыстан шыға алады, дейді. Бұл адам *ойының интенционалдық көкжиегін кеңіту* болып табылады. Бұл үдерісте адам *өзінің нені істей алатындығын* білуден бастап, не *істеп жатқандығын* түсінумен жалғастырып, *нені басқаша және қалай істеуге болатынын* бағдарлаумен ілгері қозғалады [4]. Біздіңше, зороастризмдік ілімнің эпохелік астарлары Заратуштраның феноменологиялық редукция жасауы арқылы қалыптасқан.

